Бұл тұрғыда логикалық-алгоритмдік мәдениет табысты оқытудың негізіне айналады, өйткені оның көмегімен оқушылар есептерді шешу дағдыларын игереді, қадамдық шешімдер әдістемесін меңгереді және күрделі математикалық мәселелерге алгоритмдік тәсілді үйретеді. Цифрлық платформалар мен интерактивті оқыту құралдарының көмегімен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олар үшін өз бетінше оқу және жаттығу үшін жағдай жасауға болады, бұл әсіресе қашықтықтан және аралас оқыту жағдайында өте маңызды.

Тригонометрияны заманауи оқытудың маңызды бағыты ойлауды дамытуға көмектесетін және теориялық материал мен практикалық дағдыларды жақсырақ меңгеруге ықпал ететін цифрлық технологияларды біріктіру болып табылады.


«Тригонометрия» бөлімі орта мектепте 8-сыныптың геометрия курсына кіріспеден басталып, 9-сыныптың алгебра курсына жалғасын табады.

Тригонометрияны оқыту барысында цифрлық құрылғыларды, атап айтқанда келесі платформаларды қолдану ұсынылады:

Quizlet – оқу материалдарын жасауға, үйренуге және бөлісуге арналған онлайн платформа. Ол әртүрлі тақырыптарды есте сақтау және қайталау үшін пайдалануға болатын сұрақ-жауап карталарын (флэш-карталарды) жасау құралдарын ұсынады. Пайдаланушылар өз карталарын жасай алады немесе басқалар жасаған карталарды пайдалана алады. Платформада сіз:


- Оқу үшін карталар жасаңыз (мысалы, формулалар, фактілер).
- Басқа пайдаланушылардан дайын карталар жиынтығын пайдаланыңыз.
- Тесттер, ойындар немесе жазу жаттығулары сияқты әртүрлі режимдер арқылы материалды үйрету.
- Прогресті қадағалаңыз және қандай карталар игерілгені және қайсысы қосымша қайталауды қажет ететіні туралы статистиканы алыңыз.

Мысалы, бұл платформа орыс тілінде, кез келген ворд файлдағы сұрақ жауапты жүктейсіз, жүктелген соң балаларға сілтемені жіберу арқылы олар есте сақтау немесе формулалардың ережесін жаттай алады. Платформа тегін. Мысалы бала өзі қалаған форматта жаттайды онымен қоса тест форматында өз білімнің тексере алады.




Wordwall.net – бұл интерактивті білім беру ойындары мен жаттығуларын жасауға арналған онлайн платформа. Бұл мұғалімдерге, оқытушыларға және жаттықтырушыларға білімді бекіту, материалды қайталау немесе қызықты сабақтарды ұйымдастыру үшін қолдануға болатын әртүрлі оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді. Платформа ағылшын тілінде, wordwall негізгі мүмкіндіктері:

Ойын тапсырмаларын құру: Платформа тапсырмалар мен ойындардың 30-дан астам түрін ұсынады, соның ішінде:




- Викториналар;
- Сәйкестік;
- Мозаика;
- Кроссвордтар;
- Нысандарды сүйреп апару және т.б.


Ең көп қолданылатын әдіс ол викторина болғандықтан біз тест құрастырып көрелік. Ол үшін платформа бізге 4 форматты тегін 4-ін ақылы форматта көрсетеді. Қазір әр форматтың ыңғайлылығын көрсетейік:




Quiz форматы:



Осылайша осы форматта 1-100-ге дейін сұрақтар мен 1-6 дейін жауаптарды құрастыруға болады. Бұл формат көп кездескендіктен интернет желісіне өз тақырыбыңызды жазып қасына wordwall деп жазсаңыз. Формула бойынша немесе есептер бойынша көптеген викторина пайда болады, мысалы:






Open the box – бұл форматта ұяшықты балалар өзі таңдайды. Мысалы егер 6 сұрақтан тұрса, мен екіні таңдадым және әр тестті бастамай тұрып сіз уақыт таймер рандом немесе ретімен екенін құрай аласыз.








Gameshow quiz – бұл форматқа бір мысал көрсете кетейін, бұрыштарды анықтау мақсатында. Бұл форматта уақыт күтпейді белгілі 30 сек. берілген болса жауап бермесе немесе жауап беріп үлгермесе ол күйіп кетеді. Сонымен қатар бонус баллдық раундтарда бар егер баллы аз немесе 2 сұрақтан көп қате кеткен жағдайда.





Win or lose quiz – бұл түрде балаларға бірінші сұрақ одан соң неше балл ала алатыны көрсетіледі 1 сұрақта 2, 4, 6, 8 және бастапқыда 10 балл беріледі. Егер дұрыс жауап берсе ол балл қосылады ал қате ол азайтылады. Ескере кететін жайт әр сұрақ сайын баллдар көбейе береді мысалы 1ге дұрыс жауап берді онда 3, 7, 11, 15 баллмен есептелсе, егер 15 таңдап келесі сұрақта қателессе қайтадан 3баллға түсіп қалып жалғастырады. Барлығы дұрыс болса максимум ұтып алады. Ал егер қателесіп баллы 0 болса онда ол ойыннан шығады жеңіледі.




Ең қызығы егер сіз осы 4 формат біреуінде жасаған болсаңыз онда сіз кез келген форматқа жеңіл ауыстыра бересіз қайтадан ойын жазып құрастырудың қажеті жоқ. Мысалы, оң жағындағы батырманы басып game show форматына немесе open the box немесе Win or lose quiz ға жеңіл ауысуға болады.



Ең тиімділердің бірі тренажер форматын қолдану. Мысалы оқушы үйде өз білімін тексеру мақсатында болатын болса жабық тестті қолдануға болады. Тапсырма беріледі, шығарады. Сосын жауап парағында дұрыс жауабы және шығару жолы көрсетіледі. Бұл оқушының тиімді түрде жұмыс жасауына және де өзіндік жұмысқа пайдалы. Мен 3 есеп құрастырып оны қалай қолданатынын суретте көрсеттім. Бірінші сұрақтың сұрағы шығады, оны шығарып болған соң сол жақта уақыт көруге болады. Астындағы Флип батырмасын басса дұрыс жауабы шығады. Дұрыс болса оқушы дұрыс деп белгілеп кетеді ал егер қате болса қате деп шығады Бұл *flashcards* форматынан бөлек балаларда сәйкестендір немесе дұрысын тап деген форматтарды қолдана алады.





Қорытынды.

Тригонометрияны оқытуда цифрлық құрылғыларды пайдалану мектептегі білім сапасын жақсартуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Оқу процесіне Quizlet және Wordwall сияқты платформаларды енгізу оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың математикаға деген қызығушылығын дамытуға ықпал етеді. Бұл ресурстар материалды бекітуге және есептерді шешудің сенімді дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін жауаптар мен шешімдермен интерактивті квиздер мен тесттер құруға мүмкіндік береді. Тригонометрияны оқытуда цифрлық технологияларды қолдану студенттерге тақырыптың теориялық және практикалық аспектілерін көрнекі түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық білім беру ресурстары математикалық дағдыларды қалыптастыруда және оқушыларды одан әрі оқуға дайындауда маңызды рөл атқаруға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығының қосымшасы.
- 2 Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2бөлім / А.Е.Әбілқасымова, Т.П. Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова. – Алматы: Мектеп, 2019. – 152 б.
- 3 Quizlet.com платформасы.
- 4 Wordwall.net платформасы.

ҒТАМР 27.21

ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚОСЫНДЫСЫ МЕН АЙЫРЫМЫНЫҢ ФОРМУЛАЛАРЫН ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ

Ж. Сағынбай

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

А.А. Тенгаева

Ғылыми жетекші, ф.-м.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымының формулаларын көрнекі пішіндермен дәлелдеу қарастырылды және алгебралық дәлелдер келтіріліп, олар туралы бірнеше ұсыныстар айтылды.

Түйін сөздер: визуализациялау, тригонометриялық функциялар, көрнекі пішіндер, алгебралық дәлелдеу, үшбұрыштар, үшбұрыштар ұқсастығы.

Дәлелдеу математиканы оқыту бағдарламаларында маңызды орын алады. Дәлелдер математиканы бүгінгі білімге жеткізуде үлкен рөл атқарды. Дәлелдеу процесінің арқасында формальды математикаға негізделген жиынтық теориядан және пайымдау тәсілдерінің бірі болып табылатын дедуктивті процестерден бастап көптеген математикалық ұғымдар жасалды. Дәлелдер математика пәні оқу бағдарламаларының маңызды бөлігін құраса да, көптеген орта мектептер мен университеттердің студенттері, тіпті кейбір математика мұғалімдері дәлелдемелердің құрылымы мен табиғаты туралы үстірт ойларға ие. Орта мектеп оқушылары дәлелдеу кезінде математикада жиі қолданылатын дедуктивті амалдарды көп қолданады.

Визуализация математикадағы дәлелдеу процесінде көрнекі бейнелеудің қолданылуы мен мүмкін болатын үлестеріне назар аудара отырып, дәлелдемелерді түсінуге оң үлес қосады. Атап айтқанда, компьютерлермен жасалған визуализациялар оқушыларға көптеген математикалық ұғымдарды көрнекі түрде зерттеуге мүмкіндік береді.

Математика мен математикалық ойлаудың маңызды бөлігі болып табылатын дәлелдемелердегі визуализация оқушылардың жетістіктеріне үлкен үлес қосады. Дәлелдеу процесінде көрнекі презентацияларды немесе көріністерді қолдану оқушыларға бірінші кезекте дәлелдеудің алгебралық

әдісінен басқа перспектива береді. Бұл перспектива оқушыға визуалды және алгебралық ойлау процестерін бірге жүргізуге мүмкіндік береді [1].

Негізгі мектеп бағдарламасында тригонометрияның негізгі формулаларын оқытқанда формулаларының дәлелдемелері әдетте алгебралық түрде келтіріледі. Бұл жағдайда оқушылар бұл формулаларды түсініп қана қоймай, оларды жаттап алады. Ал математикада түсініп, есте сақтау маңызды. Алайда, осы формулаларға геометриялық визуализациялар арқылы дәлелдеулер ұсынылмайды. Математика тек ғылым ғана емес, ол – өнер. Графиктер мен визуализациялар математикалық дәлелдемелердің әдемілігін ашып, оқырманның қызығушылығын арттырады. Әдемі сызбалар мен графиктерді қолдану арқылы күрделі ұғымдар тартымды әрі ұғынықты болады. Визуализация алгебралық дәлелдемелерді түсінуді, тексеруді және түсіндіруді жеңілдетеді. Бұл әдіс математиканың абстрактілі құрылымын өмірлік контексте түсінікті етуге мүмкіндік береді. Сондықтан визуализация – математикалық білім беруде және зерттеулерде таптырмас құрал. Визуализация дәлелдемені қадам-қадаммен көрсетуге мүмкіндік береді. Әр қадамның визуалды бейнесі логикалық процесті оңай бақылап, қателерді дер кезінде анықтауға көмектеседі [2]

Мысалы тригонометриялық қосынды мен айырма формулаларының [3, 4].

$$\sin(\alpha + \beta) = \sin\alpha \cdot \cos\beta + \sin\beta \cdot \cos\alpha$$

$$\sin(\alpha - \beta) = \sin\alpha \cdot \cos\beta - \sin\beta \cdot \cos\alpha$$

$$\cos(\alpha + \beta) = \cos\alpha \cdot \cos\beta - \sin\alpha \cdot \sin\beta$$


$$\cos(\alpha - \beta) = \cos\alpha \cdot \cos\beta + \sin\alpha \cdot \sin\beta$$

$$\operatorname{tg}(\alpha + \beta) = \frac{\operatorname{tg} \alpha + \operatorname{tg} \beta}{1 - \operatorname{tg} \alpha \cdot \operatorname{tg} \beta}$$

$$\operatorname{tg}(\alpha - \beta) = \frac{\operatorname{tg} \alpha - \operatorname{tg} \beta}{1 + \operatorname{tg} \alpha \cdot \operatorname{tg} \beta}$$

мектеп бағдарламасында алгебралық тәсіл арқылы дәлелденсе, ендеше біз оның геометриялық визуализациялау дәлелдемесін көрсетейік.

Бірлік шеңбер – координаттар жүйесінде орталығы (А нүктесі) бастапқы нүктеде орналасқан, радиусы $r=1$ болатын шеңбер. Берілгендер бойынша:



Сурет 1. AFE үшбұрышы.

$\angle AFB=90^\circ$ (тік бұрыш), $\angle FAB=\alpha$ (орталық бұрыш), $\angle EAF=\beta$, $|AE| = r = 1$.

Бұл жағдайда ABF және FCE үшбұрыштарының ұқсастығын және олардың арасындағы тригонометриялық қатынастарды талдаймыз.

Бірлік шеңбердегі кез келген нүкте P ($\cos\theta$, $\sin\theta$) координаттарымен анықталады. Мұндағы $B = (\cos\alpha, \sin\alpha)$, $E = (\cos\beta, \sin\beta)$, $F = (\cos(\alpha+\beta), \sin(\alpha+\beta))$. Бұл нүктелер шеңбер бойында орналасқандықтан олардың координаттары сәйкесінше синус және косинус мәндері арқылы беріледі.

$\triangle ABF$ және $\triangle FCE$ үшбұрыштарын қарастырайық. Бұрыштардың қасиеттері бойынша бұл екі үшбұрыш ұқсас:

$\triangle ABF$ үшін: $\angle FAB=\alpha$, $\angle AFB=90^\circ$, $\angle BFA=\beta$.

$\triangle FCE$ үшін: $\angle FCE=\alpha$, $\angle CFE=90^\circ$, $\angle ECF=\beta$.

Берілген ABF және FCE үшбұрыштарының ұқсастығы мен бұрыштардың байланысы арқылы қосу және азайту формулалары геометриялық тұрғыда дәлелденеді.

Ұқсастыққа байланысты келесі қатынас жазылады:

$$\frac{AB}{BF} = \frac{FC}{CE}$$

$$ABF \cong FCE \Rightarrow \angle FAB = \angle EFC = \alpha$$

AFE үшбұрышынан

$$\sin \beta = \frac{|EF|}{|AE|} = \frac{|EF|}{1} = |EF| = \sin \beta$$


$$\cos \beta = \frac{|AF|}{|AE|} = \frac{|AF|}{1} = |AF| = \cos \beta$$

AFB үшбұрышынан (2-суретте).

$$\sin \alpha = \frac{|BF|}{|AF|} = \frac{|BF|}{\cos \beta} \Rightarrow |BF| = \sin \alpha \cos \beta$$

$$\cos \alpha = \frac{|AB|}{|AF|} = \frac{|AB|}{\cos \beta} \Rightarrow |AB| = \cos \alpha \cos \beta$$

екені шығады.




Сурет 2. AFB үшбұрышы.

FEC үшбұрышынан (3-суретте).

$$\sin \alpha = \frac{|EC|}{|EF|} = \frac{|EC|}{\sin \beta} \Rightarrow |EC| = \sin \alpha \sin \beta$$

$$\cos \alpha = \frac{|FC|}{|EC|} = \frac{|FC|}{\sin \beta} \Rightarrow |FC| = \cos \alpha \sin \beta$$

екенін көреміз.



Сурет 3. FEC үшбұрышы.


1-суреттегі АН және ВС қабырғаларының ұзындықтарын пайдалана отырып,

$$|AH| = |AB| - |HB| = \cos \alpha \cos \beta - \sin \alpha \sin \beta$$

$\angle EAB = \alpha + \beta$ екенін ескерсек,

$$|EH| = |BC| = \sin \alpha \cos \beta + \cos \alpha \sin \beta$$

екені шығады.



Сурет 4. АЕН үшбұрышы.

4-суреттегі АЕН үшбұрышынан

$$\begin{aligned} \sin(\alpha + \beta) &= \frac{|EH|}{|AE|} = \frac{\sin \alpha \cos \beta + \cos \alpha \sin \beta}{1} \Rightarrow \\ &\Rightarrow \sin(\alpha + \beta) = \sin \alpha \cos \beta + \cos \alpha \sin \beta \end{aligned}$$

формуласы шығады.

4-суреттегі АЕН үшбұрышынан

$$\begin{aligned} \cos(\alpha + \beta) &= \frac{|AH|}{|AE|} = \frac{\cos \alpha \cos \beta - \sin \alpha \sin \beta}{1} \Rightarrow \\ &\Rightarrow \cos(\alpha + \beta) = \cos \alpha \cos \beta - \sin \alpha \sin \beta \end{aligned}$$

тригонометриялық теңбе – теңдігін аламыз.

Қорытынды.

Дәлелдеу процесінде формулаларға енгізілген көрнекі сызбалар оқушыларға формулаларды мағыналы түрде көруге және үйренуге мүмкіндік береді. Алгебралық түрде орындалатын дәлелдеу процесі логикалық-

математикалық ойлауға да ықпал етеді, формулаларға жетелейді, алайда алгебралық дәлелдеу процесінде оқушылар математикалық ережелерді қате қолданып, қате қорытындыға келуі де мүмкін. Өйткені олар дәлелге негізделген көрнекі пішінді және концептуалды қатынастарды шеше алмайды. Көрнекі пішіндерге негізделген дәлелдер формулалардың қалай жасалатыны және олардың қайдан шыққаны туралы ақпарат бере отырып оқушыларға тұрақты оқуға көмектеседі. Көрнекілікке негізделген, визуализациялау арқылы дәлелдеу процестері оқушылардың жіберген қателіктерін алдын алуда тиімді.

Қолданылған әдебиеттер

1 Tekin B., Konyalıoğlu A.C. Trigonometrik fonksiyonların toplam ve fark formüllerinin ortaöğretim düzeyinde görselleştirilmesi // Bayburt Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi. Journal of Bayburt University Faculty of Education. 2010. 5(1-2).

2 Stylianou D.A., Silver E.A. The role of visual representations in advanced mathematical problem solving: An examination of expert-novice similarities and differences // Journal of Mathematical Thinking and Learning, 2004, 6(4). 353-387.

3 Абылкасымова А.Е. Математические основы обучения решению задач в средней школе. – Алматы, 2004. – 124 с.

4 Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. – Алматы. Мектеп. 2019. – 176 б.

ҒТАМР 27.17.23

АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ КУРСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Д.Б. Жұмахан

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Е.А. Тұяқов

П.ғ.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бүгінгі таңда білім беру процесі үнемі қиындықтар мен қажеттіліктерге тап болады және осы жиырмасыншы жылдары математика пәні оқушылардың сыни ойлауы мен аналитикалық қабілеттерін қалыптастырудың негізгі факторы болып қала береді. Алайда, білім беру саласында алға жылжуға қарамастан, алғашқы функцияларды оқыту және мектеп бағдарламасының интегралды шығарудағы қиындықтар үнемі назар аударуды, сондай-ақ жақсы оқыту әдістемесін қажет етеді. Бұл мақалада алгебра және анализ бастамалары курсы аясында анықталған интегралды және оның қолданылуын оқыту әдістемесі қарастырылады.

Мақаланың жалпы мақсаты анықталған интегралдың басқа салалардағы қолданыстарын көрсету арқылы оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, ынтасын ояту. Анықталған интегралдың теориялық негіздерімен қатар, оның физика, экономика және инженерия сияқты қолданбалы салаларда қалай қолданылатынына баса назар аударылады. Әдістемеде оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту, интегралды түсінуін жеңілдету және практикалық есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру жолдары ұсынылған. Сонымен қатар, анықталған интегралды оқытудың тиімді тәсілдері мен құралдары талқыланады. Бұл мақаланың көмегімен мектеп оқушылары анықталған интегралдарды табу әдістерін терең меңгереді, өз бетімен білімін жетілдіруге деген ұмтылысы дамиды.

Түйін сөздер: анықталған интеграл, физика, экономика, инженерия, медицина, үдеу, шығындар функциясы, модельдеу, интегралдау тұрақтысы, деформация, тербеліс.

Алгебра және анализ бастамалары курсы жоғарғы сынып оқушыларына математиканың негізгі ұғымдары мен әдістерін терең меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл курстың маңызды бөліктерінің бірі – анықталған интеграл және

оның түрлі қолданылу салалары. Анықталған интеграл ұғымы тек теориялық талдауда ғана емес, сонымен қатар физика, инженерия, экономика және басқа да қолданбалы ғылымдарда маңызды рөл атқарады. Сондықтан анықталған интегралды оқыту, оның мәнін және қолдану әдістерін түсіндіру болашақ мамандарды даярлауда өте өзекті болып табылады.

Анықталған интегралды оқыту барысында оқушылар интегралдау ұғымының физикалық және геометриялық мәнін меңгереді. Бұл математикалық білімнің қолданбалы маңызына ерекше назар аударуды талап етеді, өйткені оқушылар нақты өмірдегі әртүрлі практикалық есептерді шешу үшін интегралды қолдануды үйренеді.

Осы жұмыста анықталған интегралды алгебра және анализ курсы аясында оқытудың тиімді әдістері, сондай-ақ оның әртүрлі ғылым салаларында қолдану тәсілдері қарастырылады. Әдістеме оқушылардың интегралды түсінуін жеңілдетіп, олардың математикалық ойлау қабілетін дамытып, практикалық дағдыларын қалыптастыруды көздейді [2].

Интегралдың әртүрлі салаларда қолданылуы.

1. *Физикада қолданылуы:* Интегралдар денелердің орын ауыстыруын, жылдамдығын және үдеуін есептеуде қолданылады. Физикада білетініміздей дененің үдеуін табу үшін жылдамдықтың туындысын табу қажет. Ал үдеу белгілі болса онда жылдамдықты табу үшін үдеуден бастапқы және соңғы уақытын ескере отырып интеграл аламыз [3].

Мысал: Дене $t = 0$ уақыт мезетінде бастапқы жылдамдығы $v_0 = 5$ м/с болатын горизонталь бағытта үдеуі $a(t) = \frac{t^3}{5} + 3t^2 + t$ м/с² тең болатын қозғалысты бастайды. Дененің $t = 4$ секундтан кейінгі орын ауыстыруын табыңыз.

Шешуі: Жылдамдық үдеу функциясының уақыт бойынша интегралы болып табылады.

$$v(t) = \int a(t)dt = \int \frac{t^3}{5} + 3t^2 + t dt = \frac{t^4}{20} + t^3 + \frac{t^2}{2} + C$$

Мұндағы C – интегралдау тұрақтысы. $t = 0$ болған кезде, $v_0 = 5$ м/с. Демек,

$$v_0 = \frac{0^4}{20} + 0^3 + \frac{0^2}{2} + C = 5 \Rightarrow C = 5$$

Сондықтан, жылдамдық функциясы келесідей болады:

$$v(t) = \frac{t^4}{20} + t^3 + \frac{t^2}{2} + 5$$

Орын ауыстыру – жылдамдықтың уақыт бойынша интегралы.

$$S(t) = \int v(t)dt = \int_0^4 \left(\frac{t^4}{20} + t^3 + \frac{t^2}{2} + 5 \right) dt = \left(\frac{t^5}{4} + \frac{t^4}{4} + \frac{t^3}{6} + 5t \right) \Big|_0^4 =$$

$$= 256 + 64 + \frac{32}{3} + 20 \approx 350,7$$

Жауабы: Дененің 4 секундтан кейінгі орын ауыстыруы шамамен 350,7 метрге тең [3].

2. *Экономикада* интегралдар көптеген көрсеткіштерді есептеу үшін қолданылады, мысалы, сұраныс пен ұсыныстың өзгеруін бағалау, жалпы шығындарды немесе табысты есептеу және тағы басқалар. Төменде жалпы шығындарды есептеу үшін интегралдарды қалай пайдалануға болатынын көрсетеміз [5].

Мысал: Қандай да бір өнімді өндіруге кететін шекті шығындар функциясы $M(q) = 5q^2 - 4q + 10$ тең, мұндағы q – өндірілген өнімнің саны (бірліктер саны). Өндірілген өнім саны $q = 0$ -ден $q = 10$ аралығында болғанда жалпы шығынды есептеңіз. Бастапқы тұрақты шығын $C_0 = 100$ тең.

Шешуі: Жалпы шығындар функциясын табу үшін алдымен шекті шығындар функциясын q -ға қатысты интегралдаймыз:

$$T(q) = \int M(q) dq = \int (5q^2 - 4q + 10) dq = \frac{5q^3}{3} - 2q^2 + 10q + C$$

Мұндағы C – интегралдау тұрақтысы, ол бастапқы тұрақты шығындарды көрсетеді. Бастапқы тұрақты шығындар $C_0 = 100$ тең болғандықтан, $C = 100$.

Жалпы шығындар функциясы: $T(q) = \frac{5q^3}{3} - 2q^2 + 10q + 100$

Енді $q=10$ болған кездегі жалпы шығынды табайық:

$$T(q) = \frac{5q^3}{3} - 2q^2 + 10q + 100 = \frac{5 \cdot 1000}{3} - 2 \cdot 100 + 10 \cdot 10 + 100 \approx 1666,67$$

Жауабы: Өндіріс көлемі $q = 10$ болған кезде жалпы шығындар 1666.67 теңге болады.

Бұл есепте интегралдау арқылы өндіріс көлеміне байланысты жалпы шығындарды анықтадық. Мұндай есептеулер өндірісті жоспарлау және басқаруда өте маңызды рөл атқарады [5].

3. *Медицинада* интегралдар әртүрлі биологиялық және медициналық көрсеткіштерді есептеу үшін кеңінен қолданылады. Олар пациенттерді диагностикалау және емдеу үдерісінде маңызды рөл атқарады.

Мысал: Қан тамырындағы қан ағысының жылдамдығы $v(t) = 2\cos\frac{\pi t}{2} + 5$ м/с функциясымен сипатталады, мұндағы t – секундпен өлшенген уақыт. Егер қан тамырындағы ағын 0-ден 5 секундқа дейін өзгерсе, осы уақыт аралығында қанның жалпы көлемін табыңыз.

Шешуі: Қанның жалпы көлемін есептеу үшін жылдамдықты уақыт бойынша интегралдаймыз:

$$\text{Қан көлемі} = \int v(t)dt = \int_0^5 \left(2\cos\frac{\pi t}{2} + 5\right) dt = \left(\frac{4}{\pi}\sin\frac{\pi t}{2} + 5t\right)\Big|_0^5 = \frac{4}{\pi} + 25 \approx 26,27\text{ м}^3$$

Жауабы: 0-ден 5 секундқа дейінгі уақытта қан тамыры арқылы өткен қанның жалпы көлемі 26,27 м³ тең [7].

4. *Инженерияда* күрделі мәселелерді шешуге, құрылымдық талдаулар жасауға және жүйелерді модельдеуге мүмкіндік береді. Ғимараттар, көпірлер жобалау кезінде олардың статикалық және динамикалық қасиеттерін бағалау қажет. Бұл кезде интегралдар дененің иілуін, деформациясын және тербелісін есептеу үшін қолданылады.

Мысал: Ғимаратқа жылы су жүргізу үшін трубалар қондырылды. Радиусы $R = 3$ см болатын трубаның қимасынан өткен жылы су жылдамдығы $v(r) = 8(2 + r^2)$ м/с формуласы бойынша өзгереді, мұндағы r – трубаның ортасынан қимасындағы кез келген нүктеге дейінгі қашықтық. Трубаның көлденең қимасы арқылы 1 секундта өтетін жылы судың жалпы көлемін есептеңіз.

Шешуі: Судың жалпы көлемін табу үшін жылдамдық формуласын трубаның қимасы бойынша интегралдау қажет:

$$\begin{aligned} Q(r) &= \int 2\pi r \cdot v(r) dr = \int_0^R 2\pi r \cdot 8(2 + r^2) dr = 16\pi \int_0^R (2r + r^3) dr \\ &= 16\pi \cdot \left(r^2 + \frac{r^4}{4}\right)\Big|_0^R \\ &= 16\pi \left(R^2 + \frac{R^4}{4}\right) \end{aligned}$$

Енді түтікшенің радиусын қойып есептейміз:

$$Q(r) = 16\pi \left(3^2 + \frac{3^4}{4}\right) = 16\pi \cdot 88,75 = 4458,8\text{ см}^3 \approx 4,46\text{ дм}^3$$

Жауабы: 1 секунд ішінде трубаның қимасынан шамамен 4,46 дм³ жылы су өтеді [8].

Қорытынды.

Анықталған интеграл ұғымы математиканы тереңдетіп оқытатын жоғарғы сыныптардың оқу бағдарламасында ерекше орын алады. Бұл тақырып оқушыларға функцияларды талдау және олардың қасиеттерін зерттеу

мүмкіндігін береді, сонымен қатар нақты қолданбалы есептерді шешуге бағытталған білімді қалыптастырады. Интегралды түсіну арқылы оқушылар тек теориялық білімді ғана меңгеріп қоймай, оны нақты өмірдегі түрлі есептерді шешуге қолдануды үйренеді. Анықталған интегралды меңгеру – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, математикалық талдау дағдыларын дамытуға үлкен әсер етеді. Бұл олардың логикалық және аналитикалық дағдыларын дамытып, әртүрлі ғылым салаларындағы қолданбалы есептерді шешуге дайындайды.

Анықталған интегралды оқыту кезінде теория мен практика арасындағы байланыс ерекше мәнге ие. Сабақта интегралды есептеудің классикалық әдістері ғана емес, сонымен бірге оның физика, инженерия, экономика салаларындағы қолданылуы да көрсетілуі тиіс. Оқушылардың интеграл ұғымын терең түсінуі оларға жоғары оқу орындарындағы күрделі математикалық тақырыптарды жеңіл меңгеруге негіз болады.

Бұл әдістемелік ұсыныстар анықталған интегралды оқытудың тиімді жолдарын ұсыну арқылы оқушылардың білімін тереңдетуге, олардың танымдық қызығушылықтарын арттыруға және болашақта түрлі ғылыми бағыттарда сәтті қолдана алуына көмектеседі. Интегралды дұрыс және түсінікті оқыту оқушылардың жалпы математикалық мәдениетін қалыптастырып, олардың пәнге деген ынтасын арттырады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Әбілқасымова А.Е., Корчевский В., Абдиев А. Алгебра және анализ бастамалары. Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2019. – 168 б.

2 Әбілқасымова А.Е., Кудакова Р.В. Алгебра және анализ бастамалары. Жоғарғы оқу орындары жанындағы даярлық бөлімдерінің тыңдаушыларына арналған оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 168 б.

3 Юмашев Д.В. Интегралы и производные в физике. – М.: МФТИ, 2006. – 108 с.

4 Жәутіков О.А. Математикалық анализ курсы. Екінші басылым; Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. Оқу құралы. – Алматы: «Экономик» баспасы, 2014. – 832 б.

5 Горлач В.А., Крутова А.В. Применение интеграла в экономике. – Санкт-Петербург: Форум молодых ученых, 2019. – 32 с.

6 Демидович Б.П. Сборник задач и упражнений по математическому анализу. – Учеб. пособие. – М.: Изд-во Моск. уи-та, ЧеРо, 1997. – 624 с.

7 Николаевич К.А., Юрьевич Л.С. Использование интегральных исчислений в различных сферах науки. URL: <https://na-journal.ru/3-2024-himiya/10404-ispolzovanie-integralnyh-ischislenii-v-razlichnyh-sferah-nauki>.

8 Лебедев Г.И., Соколова И.П. Интегралы и их применение в различных областях науки. Книга «Научные открытия». – М.: Познание, 2019. – 123 с.

ҒТАМР 27.33.19

АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛ ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ПРОГРАММАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Т.Б. Қуандық

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

А.А. Тенгаева

Ғылыми жетекші, ф.-м.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада интегралдарды оқыту процесінде компьютерлік программаларды қолдану әдістемесі ұсынылды және «Анықталған интеграл» тақырыбы бойынша есептерді шешудің графикалық мүмкіндіктерін пайдалану жолдары көрсетілді. Компьютерлік программалар анықталған интегралдың геометриялық мағынасын түсіндіруге, есептеуді жеңілдетуге және нәтижелерді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Әдістеме оқушылардың тақырыпты меңгеруін жеңілдетіп, олардың математикалық ойлау қабілетін дамытады.

Түйін сөздер: анықталған интеграл, көрнекілік принципі, компьютерлік программа, GeoGebra, Maple.

Әр салада жүйелі білім беру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылады. Әсіресе, компьютерлік программаларды пайдалану бүгінгі таңда өзекті. Мұғалім оқушылардың алған білімдерін негізге ала отырып, оны жаңа форматта жүйелеу үшін компьютерлік программаларды қолданады. Оқу процесінің қалай ұйымдастырылғаны және оның қандай мақсатқа бағытталғаны оқушылардың оқу материалын қабылдау тиімділігіне тікелей әсер етеді. Сол себепті компьютерлік программаларды қолданып, математика пәнін оқыту әдістемесіне айрықша назар аудару қажет. Математика пәнін оқытуда компьютерлік программаларды қолдану әдістемелік және педагогикалық тұрғыдан күрделі мәселе болып табылады [1].

Компьютерлік программаларды пайдалану оқу материалын тиімді меңгеруге мүмкіндік береді және жиі қолданылатын программаларды атап өтетін болсақ: Maple, Mathematica, GeoGebra және басқа да программалар жатады. Бұл программалардың барлығы кеңістіктіктегі объектілерді модельдеуге арналған жоғарғы графикалық мүмкіндіктерге ие, оның ішінде графиктерді анимациялау, мультипликация жасау функциясы да бар. Сонымен

қатар, олар алгебралық және дифференциалдық теңдеулерді шешу сияқты есептерді оңай әрі жылдам орындай алады [2-4].

Көрнекілік принципі – оқытудың негізгі дидактикалық қағидаларының бірі. Бұл принциптің қажеттілігі таным процесінде визуалды қабылдаудан абстрактілі ойлауға көшу заңдылығымен негізделеді. Көрнекілік принципінің өзегі – абстракцияларды визуализациялау.


Анықталған интегралды қолдану мысалдарын қарастырғанда, мысалы, жазық фигуралардың аудандарын немесе денелердің көлемдерін табу кезінде, объектілерді құрастыруда жиі қиындықтар туындайды. Жазық фигуралардың аудандарын табуда оқушылар ізделінген аймақты дұрыс сыза алмайды немесе оның шекараларын анықтауда қиналады. Ал көлемдерді есептегенде дененің пішінін елестете алмау себебінен, яғни интегралды есептеуді бастай алмайды. Сондықтан, мақалада «Анықталған интеграл» тақырыбын оқыту барысында Maple және GeoGebra компьютерлік программаларын қолдану арқылы жазық фигуралардың аудандарын және денелердің көлемдерін есептеуге арналған бірқатар есептерді шешу жолдары көрнекілік принципін жүзеге асыру мүмкіндіктерімен қарастырылады. Осылайша, көрнекілік принципіне сәйкес зерттелетін объектілердің геометриялық моделін құруға негізделген әдістеме ұсынылады. Бұл визуализация арқылы есептерді тиімді әрі оңай шешуге мүмкіндік береді.

Төменде қарастырылатын мысалдар математикалық талдау курсына арналған есептер жинағынан алынған [5] және оларды шешу барысында GeoGebra бағдарламасы қолданылған.

Мысал 1. $f(x) = e^{-x}(x^2 + 3x + 1) + e^2$ функциясымен шектелген қисық трапецияның ауданын есептеңіз.

Шешімі: Интегралдаудың шекараларын анықтау үшін осы функцияның экстремум нүктелерін табу қажет. Бұл тапсырманы орындауда функцияны зерттеу арқылы шешуге болады, бірақ бұл көп уақытты талап етеді. Осыған байланысты GeoGebra компьютерлік программасын пайдаланып, тапсырманы шешудің мүмкіндігін пайдаланып, қажетті экстремум нүктелерін табамыз. Енгізу жолы арқылы ізделетін аймақты теңсіздіктер арқылы анықтаймыз:

$$a : y < e^{-x}(x^2 + 3x + 1) + e^2 \wedge y > 0 \wedge x > -2 \wedge x < 1$$



Сурет 1. Қисық сызықты трапеция бейнесі.

Экранда қисық трапецияның бейнесін аламыз (1-сурет). Суреттен интегралдаудың шекараларын анықтап, ауданын есептейміз.

$$S = \int_{-2}^1 (e^{-x}(x^2 + 3x + 1) + e^2)dx = 3e^2 - 12e^{-1}$$

Мысал 2. $y = \ln x$ және $y = \ln^2 x$ сызықтарымен шектелген фигураның ауданын есептеңіз.

Шешімі. Сызықтарымен шектелген ізделетін аймақты GeoGebra бағдарламасында құрып саламыз.


$$a : y < \ln(x) \wedge y > (\ln(x))^2$$

$$A = (2.72, 1)$$

$$B = (1, 0)$$

$$f(x) = \ln(x)$$

$$g(x) = (\ln(x))^2$$




Сурет 2. GeoGebra бағдарламасында жазық фигураның бейнесі.

Суреттен интегралдың шекараларын анықтаймыз.

$$S = \int_0^1 (e^{\sqrt{y}} - e^y)dy = 3 - e$$

Мысал 3. $(z-2)^2 = \frac{x^2}{3} + \frac{y^2}{2}$, $z=0$ жазықтығымен шектелген дененің көлемін табыңыз.

Шешімі. GeoGebra бағдарламасын қолданамыз. Денені салу үшін енгізу жолында берілген беттердің теңдеулерін жазып, конустың $z=0$ жазықтығымен қимасын табамыз.



Сурет 3. Конустың жазықтықпен қимасы.

Суреттен интеграл шекараларын табамыз:


$$V = 4 \int_0^{\sqrt{12}} dx \int_0^{\sqrt{\frac{4}{3}(12-x^2)}} \left(2 - \sqrt{\frac{x^2}{3} + \frac{y^2}{2}} \right) dy = \frac{8\sqrt{6}\pi}{3}$$

Төмендегі 4-5 мысал есептер жинағында Maple компьютерлік бағдарламасы қолданылады.

Мысал 4. $y = 1 - x^2$ және $y = (x - 1)^2$ сызықтарымен шектелген фигураның ауданын есептеңіз.

Шешімі. Ауданы есептелетін фигураны құрып саламыз:

```
>with(plots) :
> inequal( {y ≤ 1 - x^2, y ≥ (x - 1)^2}, x=-2 ..2, y=-1 ..2, optionsfeasible
= (color=blue) );
```



Сурет 4. Maple бағдарламасында жазық фигураның бейнесі.

Қиылысу нүктелерін табу үшін solve командасын қолданамыз:

```
> solve( {y = 1 - x^2, y = (x - 1)^2}, {x, y} );
{x = 0, y = 1}, {x = 1, y = 0}
```


Интегралдың шектерін анықтап, ізделінді фигураның ауданын табамыз:


$$S = \int_0^1 (1 - x^2 - (x - 1)^2) dx = \frac{1}{3}$$

Мысал 5: Сызықтармен шектелген фигураның ауданын есепте:

$$y = -x - 2, y = x - 2 \text{ және } y = 2$$

Шешуі: Қиылысу нүктелерін intersection командасын қолдану арқылы табамыз:

```
> with(geometry) : _EnvHorizontalName := x : _EnvVerticalName := y :
> line(l1, y + x = -2) : line(l2, y = x - 2) : line(l3, y = 2) :
> intersection(A, l1, l2) : coordinates(A);
[0, -2]
> intersection(B, l1, l3) : coordinates(B);
[-4, 2]
> intersection(C, l2, l3) : coordinates(C);
[4, 2]
> draw([l1(color=blue, symbolsize=20), l2(color=green, symbolsize=20),
l3(color=red, symbolsize=20), A, B, C], symbol=solidcircle, axes
=normal, printtext=true, view=[-5..5, -5..5]);
```



Сурет 5. Ізделген фигураның бейнесі.

Интегралдың шектерін анықтап, ізделген фигураның ауданын табамыз:

$$V = \int_{-2}^2 (y + 2 - (-y - 2)) dy = 16$$

Компьютерлік программалар математикалық ұғымдарды модельдеуде және визуализациялауда тиімді қолданылады. Зерттеу нәтижелері олардың қолданылуы оқылатын материалды меңгеру сапасы мен нәтижелілігін арттыратынын көрсетті.

Компьютерлік программалар:

– Математиканың күрделі бөлімдерін меңгеру деңгейін арттыруға ықпал етеді;

– Зерттеліп отырған объектілердің геометриялық құрылымдарын жасауға мүмкіндік береді, олардың визуализациясы тапсырмаларды шешуді жеңілдетеді;

– Тек берілген объектілерді ғана емес, оларды динамикалық жағдайда қарастыруға мүмкіндік беретін графикалық мүмкіндіктерге ие;

– Кеңістіктік ойлауды дамытуға көмектеседі, оқу процесін жеңілдетіп, әртүрлі оқу кезеңдерінде уақытты тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Қорытынды.

Компьютерлік программаларды пайдалану оқу мазмұнына, әдістері мен формаларына үлкен әсер етеді. Көрнекілік принципі мен компьютерлік программалар тығыз байланыста болып, олардың дұрыс үйлесімі оқушылардың білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Maple және GeoGebra компьютерлік программалары зерттеліп отырған объектілердің геометриялық құрылымдарын орындау үшін тамаша құрал болып табылады, олардың визуализациясы жазық фигуралардың аудандарын және денелердің көлемдерін есептеу тапсырмаларын шешуді жеңілдетеді. Компьютерлік программаларды пайдалану оқушылардың белсенділігін арттыруға, білім алу процесіне және математика пәніне деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі және жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп оқытуды жаңа деңгейге көтереді.

Қолданылған әдебиеттер

1 Gainutdinova T.U., Shirokova O.A. Features of Professional Teachers Training of Informatics in a Programming Course. Международный Форум по педагогическому образованию. – Казань, 2016. – С. 30-37.

2 Денисова М.Ю. Применение интерактивной среды GeoGebra при изучении определенного интеграла // Материалы VI международной науч.-практ. конф. «Матем.образование в школе и вузе: теория и практика», 25-26 ноября 2016. – С. 218-220.

3 Дьяконов В.П. Maple 10/11/12/13/14 в математических расчетах. – М.: ДМК Пресс, 2011. – 800 с.

4 Ларин С.В. Компьютерная анимация в среде GeoGebra на уроках математики: учеб. пособие. – Ростов н/д: Легион, 2015. – 192 с.

5 Берман Г.Н. Сборник задач по курсу математического анализа: уч. пособие. – СПб., Изд. «Профессия», 2005. – 432 с.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ
FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

ҒТАМР 14.01.21

ACTION RESEARCH ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ДАМУДЫ АРТТЫРУ

А.С. Марат

Студент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

XXI ғасыр заман талаптарына біраз өзгерістер енгізуде. Өткен ғасырлар мен салыстырып қарайтын болсақ, адамзат баласы жан-жақты дамуда. Өнеркәсіп саласында белең алған жаңа технологиялар, құрылыс саласындағы биік биік ғимараттар мен зәулім сарайлар, білім саласындағы жаһандық өзгерістер мен дамулар. Адам баласының қиялы мен ойлау шеңбері, алысты жақындатып қана қоймай, сол қашықтықты лезде игеруге дейін жетті. Осы аталған жағдайдың барлығы дерлік тынбай өткізген зерттеулердің нәтижесі. Қажымай жұмсалған еңбек, тынбай жүргізген зерттеулер, ғылым мен технология саласының қабырғасын биіктетуде. Осы салада ат салысып жүрген ғалымдардың зерттеулері мен әдіс тәсілдерінің бәрі, жалпыға бірдей қолданысқа келеді ме? Әлде, кейбір зерттеу нысандарының қолдану аясында шеңбер барма?

Түйін сөздер: Action research тәсілі, педагог, зерттеу кезеңдері, нәтиже, рефлексия.

Жоғарыда аталған, екі сұрақ. Бұл сұрақтар ғылым саласына қатысы бар барлық тұлғаларды ойландыру керек деп есептеймін. Осы екі сұрақ аясында зерттеуге алынып отырған, «Action research тәсілі арқылы кәсіби дамуды арттыру» тақырыбын талдап көрсек. Зерттеуші ретінде ең бірінші менің көңілімде пайда болған сұрақтарға тоқталайық.

Бірінші: Action research дегеніміз қандай тәсіл?

Екінші: Бұл әдісті қандай ортада қолданған тиімдірек?

Үшінші: Action research әдісі арқылы кәсіби дамуды арттыру.

Зерттеуге алынған тақырыбымызды бастамас бұрын, Абайдың «ғылым таппай мақтан ба» деген дана сөзін тілге тиек етпекпін. Қандай жаңалық ашсақта, қандай ғылым өнер саласына тың өзгерістер әкелсекте, жасаған іс-әрекеттеріміз бен жүргізген зерттеулеріміздің оң әсерімен қатар теріс жағы да боларын ескерген жөн.

1. Action Research – педагог-зерттеуші моделін қалыптастырудың негізі білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) жас ғалымдарға, профессорлық-оқытушылық құрамына, докторанттарға, жоғары білім беру

ұйымдарының магистранттарына арналған. Сонымен қатар, бағдарлама Action Research (іс-әрекеттегі зерттеу) енгізу негізінде кәсіптік практиканы өзгертуге және жетілдіруге мүдделі колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің және басқа да білім беру ұйымдарының педагогтары үшін пайдалы.

2. Бағдарлама жас ғалымдарды, профессор-оқытушылар құрамын, докторанттарды, магистранттарды Action Research (іс-әрекеттегі зерттеу) туралы қажетті теориялық-әдіснамалық білімдермен қамтамасыз етуге және олардың зерттеу белсенділігін арттыруға бағытталған.

Тақырыбымыздың негізіне тоқталмастан бұрын Action research дегеніміз – бұл нақты проблемаларды шешу және практиканы жетілдіру үшін жоспарланған іс-әрекеттердің, деректерді жүйелі қадағалаудың, өзгерістерді рефлексивті талдаудың тізбекті циклдеріне негізделген педагог-практиктердің зерттеулерді ұйымдастырудың бейресми формасы.

Жаскеліңнің ұрпақтың ғылым саласына назарын арттыру мақсатында Action research тәсілі мектептегі білім беру мәселелерін шешудің негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Мақалада педагогтардың Action research тәсілі арқылы зерттеуді іске асыру кезеңдерінің реттілігін айқындау және оларға шолу қарастырылады. Action research тәсілін түсіну – бұл педагогтардың өз тәжірибесін зерттейтін, жақсартуға болатын бағыттарды анықтайтын, сол салаларды шешу үшін әрекет ететін, өз әрекеттерінің әсерін бағалайтын жүйелі тәсіл. Бұл қайталанатын процесс педагогтарға өздерінің оқыту әдістері туралы ойлануға, дәлелдер негізінде негізделген шешімдер қабылдауға және өз тәжірибесін үздіксіз жақсартуға мүмкіндік береді.

Action research тәсілі – проблеманы анықтауды, мәселені шешу үшін әрекет етуді және одан әрі әрекетті хабардар ету үшін нәтижелерді көрсетуді қамтитын танымал зерттеу әдісі. Бұл тәсіл әдетте білім беру, ұйымдық және қоғамдастық орталарында шынайы мәселелерді шешу үшін қолданылады. Action research тәсілінің мақсаты – зерттелетін контексте оң өзгерістер мен жақсартулар енгізу. Зерттеушілер өздерінің шешім қабылдауын ақпараттандыру үшін жоспарлаудың, әрекет етудің, бақылаудың және рефлексияның циклдік процесін пайдаланады [1]. Бұл қайталанатын процесс үздіксіз оқуға және алынған нәтижелер негізінде бейімделуге мүмкіндік береді. Action research практикалық білімнің маңыздылығын және қарастырылып отырған мәселеге тікелей қатысуды көрсетеді. Ол қатысушыларды пассивті субъектілерден гөрі зерттеу процесінде белсенді қатысушы болуға шақырады. Action research нәтижелері көбінесе шешім қабылдауды хабардар ету және ұйымдық өзгерістерді жүргізу үшін пайдаланылады. Бұл тәсіл инновациялық шешімдерге және күрделі мәселелерді түсінуді арттыруға әкелуі мүмкін. Әрекетті зерттеу әдетте зерттеудің бірнеше кезеңдерін қамтиды, әрбір кезең алдыңғысынан алынған ақпараттарға негізделеді. Ол қатысушыларға зерттеу процесі мен оның нәтижелерін иеленуге мүмкіндік береді.

Action research тәсілі педагогтардың кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады. Зерттеумен айналысу оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, білім беру тәжірибесін ілгерілетуге де ықпал етеді. Педагогтардың оқыту

тәжірибесін жетілдіру және білім беру саласына үлес қосу үшін қолдана алатын тиімді әдістерінің бірі – зерттеулерді жүзеге асыру. Ғылыми-зерттеу қызметін қалыптастыру Педагогтардың ғылыми-зерттеушілік әрекетін іс-әрекеттік зерттеу арқылы қалыптастырудың алғашқы қадамы ізденімпаздық пен рефлексия мәдениетін дамыту болып табылады. Педагогтарды өз тәжірибесі туралы сыни сұрақтар қоюға, ағымдағы зерттеулер мен озық тәжірибелерді зерттеуге және ынтымақтастық мүмкіндіктерін іздеуге ынталандыру және қолдау қажет. Әрі қарай педагогтарға Action research тәсілін қалай жүргізу керектігі жөнінде оқыту және нұсқау беру керек. Бұл зерттеу сұрақтарын құрастыруды, деректерді жинауды және талдауды және олардың зерттеу нәтижелерінен маңызды қорытындыларды жасауды үйренуді қамтиды. Сондай-ақ педагогтарды зерттеу нәтижелерін әріптестерімен бөлісуге және білім беру қоғамдастығына үлес қосуға ынталандыру керек. Педагогтар өздерінің оқыту тәжірибесіне зерттеу жүргізе отырып, өз оқушыларының қажеттіліктері мен оқуға бейімділіктерін тереңірек түсінеді. Бұл оқушының нәтижелерін жақсарту алатын неғұрлым мақсатты және тиімді оқыту стратегияларына әкеледі. Сонымен қатар, іс-әрекеттік зерттеулер педагогтар арасында үздіксіз жетілдіру және кәсіби өсу мәдениетіне ықпал етеді. Сұрау және рефлексия үдерісі арқылы педагогтар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтай алады, жақсарту үшін мақсаттар қоя алады және уақыт өте келе олардың жетістіктерін бақылай алады.

Action research тәсілінің негізгі кезеңдеріне тоқталатын болсақ:

- проблеманы айқындау және негіздеу;
- проблеманы шешу жолдарын анықтау;
- зерттеу сұрағын құрастыру;
- өзгерісті енгізу жоспарын құру;
- өзгерісті енгізу және бақылау;
- өзгерістің ықпалын бағалау және рефлексия [2].

Педагогтар Action research тәсілінің кезеңдерін қолдана отырып, проблеманы шешу мәселелерін жан-жақты саралайды. Педагогтар зерттеу барысында зерттеу сұрақтарына қатысты деректерді жинау және талдау кезеңдерінде әрекеттерді бақылауды, сауалнамалар, сұхбаттар немесе бағалау сияқты әртүрлі әдістер арқылы деректерді жинайды.

3 сұрақ бойынша қозғалатын тақырыбымыздың білім беру саласындағы тиімділігіне тоқтала кетсек Тиімділігі бойынша тыңдаушылардың сабақ тақырыбын түсіну немесе түсінуге тырысу деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші қандай немесе жалпыға бірдей әсері?

*Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.*

Баяндаманың негізгі бөлігінде нақтылағандай. Action research әдісі – білім беру мен оқыту барысында ең тиімді әдіс деп есептеймін. Жалпы педагогикалық жұмыстар – бұл зерттеуді қажет ететін сала. Сол үшін

оқушылардың әрқайсысымен тікелей жұмыс жасауды талап етеді. Кез келген тақырыпты қозғау барысында экспериментті талап етеді.

Ең маңыздысы на оралатын болсақ. Басында атап өткендей, педогогика зерттеуді (зерделеуді), талдауды, бақылауды және тұжырымдауды талап етеді. Осы 4 бөлікті қамтып, мектеп қабырғасындағы пәнінің оқыту тиімділігін арттыру үшін, Action research әдісінде осы 4 кезеңмен оқытқан ұтымдырақ. Толығырақ кезең кезеңімен тоқталып өтетін болсақ.

Зерттеу (зерделеу кезеңі).

Action research әдісін тиімдірек өткізу үшін ең маңызды кезең осы кезең. Мектеп немесе басқа да білім беру қабырғаларында оқылатын тақырыпты зерделеу қажет болса, оқытудың тиімділігін арттыру үшін оқушыларды зерделеу қажет. Әрбір оқушының қабылдау деңгейі әртүрлі. Ойлау санатыда бөлек. Сол үшін, сабақ барысына оқытушы мен оқушыны зерделеу үшін қосымша мамандарды (оқытушылар т.б.) қатыстыру. Оқытушының сабақ беру әдісі мен әр баланың тақырыпты қалай қабылдайтынын, мысалы: бір оқушы тындау арқылы, енді біреуі көру арқылы, енді біреуі өзі қатысуы арқылы. Одан бөлек осы зерттеу барысында оқушылардың үлгерімін де анықтау. Зерек оқушылар, қосымша түсіндіруді талап ететін оқушылар деп екі санатқа немесе озат, жақсы, төмен деңгей деп үш ке бөліп қарастырсақ та болады (оқушылардың саны 10-ға дейін болса екіге, 10-нан жоғары болса 3 ке бөліп қарастырған абзал).

Талдау. Бірінші сабақ бойынша, оқытушы мен оқушылар толық зерделендіуі тиіс. Содан кейін сабаққа қатысқан мамандар, және сабақ өткізген мұғалім, зерделеу кезінде байқаған барлық жағдайларды қозғай отырып талдау жұмысын жүргізу. Әр оқушының жеке қасиеттеріне тоқтала отырып, жаңа қырларын ашу. Осы бағдар бойынша сабақ берудің тиімді форматтарын дайындап шығару.

- 2) жаңа айнымалы енгізу;
- 3) түйіндес шаманы теңдеуге көбейту.

Енді біз (1) және (2) түріндегі теңдеулерді стандартты емес әдіспен шештін боламыз, ал ол Коши мен Бернулли теңсіздігін қолдана отырып шешеміз. $A(x) \geq C, A$ – теріс емес арифметикалық орта, C – теріс емес геометриялық орта [18]. Арифметикалық ортадан геометриялық ортаға ауысу

жалпы жағдайда болады. $\frac{a_1 + \dots + a_n}{n} \geq \sqrt[n]{a_1 \cdot \dots \cdot a_n}$ Коши теңсіздігін a_1, \dots, a_n теріс емес мәндерінде мына түрде жазуға болады:

$$a_1 + \dots + a_n \geq n \sqrt[n]{a_1 \cdot \dots \cdot a_n}$$

Дербес жағдайда $n=2$ үшін келесі теңдік орынды:

$$a_1 + a_2 \geq 2\sqrt{a_1 \cdot a_2} \quad (3)$$

(1) теңдеуді шешу үшін (3) теңсіздігін қолдансақ тек «тең» белгісін қолдану қажет. Соңғы түрлендіруді қолдана отырып, келесі теңсіздікті аламыз:

$$a_1 + a_2 - 2\sqrt{a_1 \cdot a_2} \geq 0 \Leftrightarrow (\sqrt{a_1} - \sqrt{a_2})^2 = 0$$

$a_1 = a_2$ теңдігін қолданғанда «тең» белгісін аламыз. $n \geq 3$ дербес жағдайы үшін $a_1 = \dots = a_n$ теңдігі келіп шығады және Коши теңсіздігінде «тең» белгісінің қолдануы анық.

Қолданылған әдебиеттер

1 Жафяров А.Ж. Методология и технология внедрения компетентного подхода в математическом образовании // Вестник Новосибирского государственного педагогического университета. – 2016. – № 3. – С. 105-115.

2 Шахмейстер А.Х. Иррациональные уравнения и неравенства. – М.: Петроглиф; Виктория плюс, МЦНМО, 2011. – 216 с.

3 Крылов, А.Н. Значение математики для кораблестроения // Мои воспоминания. – Ленинград: Судостроение, 1979. – С. 87-91.

4 Хайдеггер М. Время и бытие: статьи и выступления. – СПб.: Наука, 2007. – 447 с.

5 Башмаков М.И. Математика. Сборник задач профильной направленности. – М.: Академия, 2013. – 208 с.

6 Фирсов В.В. Планирование обязательных результатов обучения математике. – М.: Просвещение, 1989. – 236 с.

7 Кравцова С.А. Развитие поисково-исследовательской деятельности младших школьников: дис.... канд. пед. наук: 19.00.07. – Тамбов, 2010.

8 Лысенко Н.В. Организация поисково-исследовательской работы в детском саду. – Киев: РУМК, 1990.

9 Карнаухова И.Б. Поисково-исследовательская деятельность как средство развития творческой самостоятельности студентов в процессе профессиональной подготовки: дис. канд. пед. наук: 13.00.08. – М., 2000.

10 Galkin E.V. “Non-standard problems in mathematics. Algebra”. Chelyabinsk “Look”, 2004.

11 Школьные олимпиады. Международные математические олимпиады // Сост. А.А. Фомин, Г.М. Кузнецова. – М.: Дрофа, 1998. – 160 с.

12 Фомин Д.В. Санкт-Петербургские математические олимпиады. – СПб.: Политехника, 1994. – 309 с.

13 Гальперин Г.А., Толпыго А.К. Московские математические олимпиады. – М.: Просвещение, 1986. – 303 с.

14 Ежов И.И., Скороход А.В., Ядренко М.К. Элементы комбинаторики., перев. с укр. – М.: Главная редакция физикоматематической литературы издательства «Наука», 1977. – 80 с.

ГРНТИ 14.15.01

КАЗАХСТАНСКАЯ МОДЕЛЬ БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ: АДАПТАЦИЯ К РЫНКУ И СОВРЕМЕННЫМ ВЫЗОВАМ

**Д.Е. Сейділдаева, А.Ш. Рафиков, С.Б. Сабиров,
Ю.В. Киселёва, М. Пай, Д.Т. Каирбеков**

Магистранты, Университет международного бизнеса имени К.Сагадиева, г. Алматы

М.Н. Низамова

*Научный руководитель, к.п.н., доцент, Университет международного бизнеса имени
К.Сагадиева, г. Алматы*

В данной статье рассматриваются вопросы о модели бизнес-образования в Казахстане в контексте её адаптации к текущим вызовам и требованиям современного рынка труда. Актуальность данной темы определяется ключевой ролью бизнес-образования в подготовке конкурентоспособных профессионалов, востребованных в условиях современной экономики Казахстан, а также глобализации и цифровизации. Исследование данной темы позволяет выявить эффективные подходы к развитию образовательных программ, что особенно важно для подготовки лидеров и профессионалов, способных обеспечить устойчивое развитие страны в условиях современных вызовов, а также повысить лояльность и вовлеченность у текущих студентов.

Ключевые слова: бизнес-образование, глобализация, трудоустройство, таланты, ВУЗ, кадры.

Казахстанская модель бизнес-образования играет ключевую роль в подготовке талантов, необходимых для устойчивого развития экономики страны. Однако в условиях глобализации и растущей конкуренции наблюдается тенденция увеличения числа студентов, выбирающих обучение за рубежом. По данным Статистического института ЮНЕСКО, Казахстан занял девятое место в мире по количеству обучающихся за рубежом – 91,2 тысячи студентов. Среди причин популярности зарубежных вузов – качество образования, практическая направленность программ и международное признание дипломов.

Стоит отметить, что государство активно разрабатывает меры по стимулированию студентов оставаться в Казахстане. В частности, увеличили количество государственных грантов, выделяемых на обучение в местных вузах страны. В 2024-2025 учебном году было выделено 112 тысяч грантов для обучения в вузах (по всем уровням высшего образования), из них 79 тысяч – для бакалавриата. Однако, только 1 323 гранта было выделено для категории:

бизнес, управление и право. В сравнении, в 2023-2024 учебном году грантов было выделено значительно меньше – 88 тысяч грантов для обучения в вузах (по всем уровням высшего образования), на 27% меньше, относительно текущего года. Количество грантов, выделенных для направлений: бизнес, управление и право, было аналогичным – 1 323. Кроме того, были запущены государственные программы обмена и академической мобильности, такие как “Болашак”, которые включают в себя договорные обязательства у выпускников работать в Казахстане, после завершения обучения за рубежом.

В последние пять лет в Казахстане наблюдается следующая динамика выделения государственных образовательных грантов по направлениям «Бизнес, управление и право»:

2019-2020 учебный год: 1 200 грантов.

2020-2021 учебный год: 1 250 грантов.

2021-2022 учебный год: 1 300 грантов.

2022-2023 учебный год: 1 323 гранта.

2023-2024 учебный год: 1 323 гранта.

Однако стоит отметить, что количество грантов по направлениям «Бизнес, управление и право» за 5 лет, выросло только лишь на 10,25 %, несмотря на то что данные направления являются наиболее привлекательными для абитуриентов/студентов и мы наблюдаем большой конкурс по распределению грантов в данных направлениях среди абитуриентов/студентов.

Несмотря на эти усилия, остаются значительные проблемы в системе бизнес-образования. Согласно опросу, проведённому среди 75 респондентов, 69,3 % студентов и выпускников отметили недостаток практической направленности образовательных программ, что подтверждает предыдущие исследования и выводы. Большинство из респондентов сталкиваются с тем, что полученные знания не находят прямого применения в реальной работе. Работодатели, в свою очередь, указывают на слабую подготовку выпускников в области аналитики, управления проектами и цифровых навыков. Около 53,3% респондентов отметили, что технологии и инструменты, используемые в университетах Казахстана в сфере бизнес-образования, устарели и не соответствуют требованиям современных реалий. Лишь 9,3 % участников опроса считают, что образовательные программы полностью соответствуют международным стандартам.

Работодатели также отмечают низкий уровень soft skills у выпускников, включая навыки переговоров, управления конфликтами и работы в команде, так как эти аспекты часто остаются за пределами традиционного академического образования. Однако в условиях VANI-мира (Brittle – хрупкость, Anxious – тревожность, Nonlinear – нелинейность, Incomprehensible – непостижимость) важность soft skills возрастает до уровня стратегической необходимости. VANI-мир представляет собой мир и реальность, где системы и структуры становятся хрупкими, решения требуют нелинейного подхода, а тревожность и непостижимость процессов диктуют новые условия для адаптации. В условиях современных вызовов работодатели ожидают от

сотрудников навыков, которые помогают не только эффективно выполнять профессиональные задачи, но и сохранять продуктивность в условиях постоянного стресса и неопределённости. Соответственно, бизнес-образование в Казахстане должно стать площадкой не только для изучения профессиональных навыков, но и для формирования и развития soft skills. Помимо командных проектов и групповых работ, необходимо включать в программы образования практики эмоционального интеллекта и управления стрессом: такие программы помогут будущим выпускникам сохранять продуктивность в условиях тревожности, формируя устойчивость к выгоранию в рабочей среде. Не менее важным являются тренинги по лидерству в условиях изменений: навыки управления в сложных и быстро меняющихся обстоятельствах становятся необходимостью для будущих предпринимателей.

Кроме того, только 44 % респондентов считают государственную и бизнес-поддержку образовательных программ достаточной для их успешного развития. Слабое взаимодействие между вузами и бизнесом, а также недостаточная интеграция современных подходов в образовательный процесс остаются существенными проблемами.

Сложившаяся ситуация требует комплексного подхода к модернизации бизнес-образования. Усиление практической направленности программ становится одной из первоочередных задач. Этот процесс включает в себя: увеличение количества прохождения обязательных стажировок, внедрение реальных бизнес-кейсов. Следует рассмотреть активное участие ведущих компаний из сферы бизнеса и выдающихся предпринимателей в разработке и изменении учебных материалов, и проведение совместных исследовательских проектов.

Дополнительно необходимо особое внимание уделять коллаборациям с работодателями в бизнес-сфере в Казахстане. Например, внедрение в программу образования менторских программ. Данные программы подразумевают под собой участие профессионалов из бизнеса, что поможет студентам лучше понимать реальные корпоративные кейсы и развивать навыки, которые невозможно получить, находясь только лишь в академической среде.

Внедрение цифровых технологий в образовательный процесс также является критичным и актуальным. Здесь также необходимо участие ведущих работодателей в Казахстане, для обмена опытом и использование и внедрение актуальных программ и онлайн-платформ. Освоение навыков работы с большими данными, искусственным интеллектом и автоматизацией процессов помогут выпускникам лучше адаптироваться к реалиям современного бизнеса. Кроме того, цифровизация образовательных программ позволит увеличить доступность бизнес-образования для студентов из регионов.

Повышение квалификации преподавателей – ещё одна важная мера. Необходимо организовывать их стажировки в бизнес-секторе, поддерживать участие в международных конференциях и форумах, а также привлекать специалистов из реального бизнеса к преподаванию. Однако привлечение экспертов является непростой задачей – необходимо уделять внимание

вовлеченности экспертов из реального бизнеса в академическую сферу. Для экспертов из бизнес-среды необходимо рассмотреть гибкие условия преподавания, на выбор: онлайн-формат, воркшопы, семинары, потоковые лекции, частичная занятость. Это поможет сделать программы более релевантными и адаптированными к требованиям рынка труда. В свою очередь эксперты из бизнеса смогут оценить положительные изменения, которые будут проходить в образовательной среде. Дополнительно, это сможет послужить шагом к увеличению стажировок в компаниях и большей заинтересованностью выпускниками в бизнес среде в Казахстане. Важным шагом является расширение программ обмена с зарубежными университетами и создание условий для привлечения иностранных преподавателей, что обеспечит передачу передового опыта.

Казахстанская модель бизнес-образования обладает значительным потенциалом для подготовки профессионалов, способных эффективно адаптироваться к современным вызовам. В то же время анализ показывает необходимость стратегических изменений, направленных на усиление практической составляющей, цифровизацию и интеграцию с международными стандартами. Реализация предложенных мер поможет не только повысить качество подготовки специалистов, но и укрепить позиции Казахстана в международном образовательном пространстве, сделав отечественные программы конкурентоспособными.

Литература

- 1 https://docs.google.com/forms/d/1T6_2MymvujhWU6aXt5yB5q49DYV7uEPOLG6RfXFR0Ns/viewanalytics.
- 2 <https://tengrinews.kz/article/diplom-ne-garantiya-pochemu-iz-kazahstana-utekayut-mozgi-2306/>.
- 3 https://standard.kz/ru/post/2024_07_skolko-kazahstanskix-studentov-ucitsia-za-rubezom-387?utm_source=chatgpt.com.
- 4 https://informburo.kz/novosti/skolko-i-po-kakim-specialnostyam-vydelili-obrazovatelnye-granty-v-kazahstane?utm_source=chatgpt.com.
- 5 <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/580907?lang=ru>.
- 6 <https://trends.rbc.ru/trends/futurology/62866fde9a794701a4c38ae4>.
- 7 <https://www.zakon.kz/sobytiia/6450205-kak-kazakhstan-i-uzbekistan-razvivayut-predprinimatelskoe-obrazovanie-dlya-rosta-ekonomiki.html>.
- 8 https://forbes.kz/articles/kak_kachestvennoe_biznes-obrazovanie_vliyaet_na_ekonomiku_kazahstana.
- 9 https://sb.bsu.by/Data/events/Svjatov_8-9.04.2010.pdf.
- 10 <https://atameken.kz/ru/news/38144-biznes-obrazovanie--drajver-rosta-predprinimatel-stva-mnenie-eksperta-o-poslanii-prezidenta>.

ҒТАМР 27.01.45

МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА КӨПМҮШЕЛЕР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

А.О. Мәдиева

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада көпмүше ұғымын оқытудағы дәстүрлі әдістер талданады, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталады; инновациялық тәсілдер мен технологиялардың білім беру процесіндегі орны мен мүмкіндіктері қарастырылады; баяндалған тәсілдердің көпмүшелерді оқытуға әсері туралы зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар келтіріледі.

Түйін сөздер: математика, көпмүше, инновациялық тәсілдер, АКТ, геймификация.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың математика пәнін терең және тиімді меңгеруін қамтамасыз етуге ұмтылады. Математика оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда, есептеу дағдыларын қалыптастыруда және түрлі салаларда қолданылатын аналитикалық құралдарды меңгеруде шешуші рөл атқарады. Алгебрадағы негізгі тақырыптардың бірі – көпмүше ұғымын оқыту – осы мақсаттарға қол жеткізудің маңызды бөлігі болып табылады. Алайда, дәстүрлі оқыту әдістері бұл тақырыпты оқушыларға жеткізуде әрдайым тиімді бола бермейді. Осы орайда, инновациялық тәсілдерді қолдану қажеттігі туындайды. Инновациялық әдістер білім беру процесін жандандырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, сонымен қатар оқыту сапасын жақсартады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Мақаланың басты мақсаты – математика курсына көпмүше ұғымын оқытудың тиімді жолдарын іздестіру және оқытуда инновациялық әдістердің рөлін талдау. Инновациялық әдістердің, соның ішінде цифрлық технологиялар

мен интерактивті құралдардың қолданылуы оқушылардың пәнді тереңірек меңгеруіне және олардың математикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Көпмүшелерді оқытуда көптен бері қолданылып келе жатқан дәстүрлі әдістердің қатарына анықтамалар, тақта алдында есептер шығару, дайын мысалдар мен жаттығуларды шешу жатады. Сабақ барысында мұғалім тақырыпты түсіндіріп, көпмүшелердің анықтамасы мен қасиеттерін түсіндіреді. Дәстүрлі оқыту әдістерінің негізгі артықшылығы – оның ұзақ уақыт бойы қалыптасқан және кеңінен қолданылып келе жатқандығында. Мұғалімдерге көпмүшелер тақырыбын нақты құрылыммен, жүйелі түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдістер арқылы оқушыларға қажетті теориялық білім мен есептер шығару дағдылары беріледі. Анықтамалар мен жаттығулар оқушылардың оқу үлгерімін бақылауға және білім деңгейін тексеруге мүмкіндік береді.

Дегенмен, бұл әдістердің бірқатар шектеулері де бар. Біріншіден, дәстүрлі әдістер оқушылардың белсенділігін шектейді, оларды көбінесе тек тыңдаушы және орындаушы рөлінде қалдырады. Оқушылардың өзіндік ойлау, шығармашылық шешімдер табу және зерттеу дағдылары аз дамиды. Екіншіден, анықтамалар мен жаттығуларды шешу тәсілдері оқушылардың әртүрлі оқу стилдерін ескермейді, бұл олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мүмкін. Осының салдарынан кейбір оқушылар тақырыпты толық түсінбей, материалды механикалық түрде есте сақтап қана қалады. Бүгінгі таңда оқыту әдістемелерін жаңарту және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру қажеттілігі туындап отыр. Дәстүрлі әдістердің шектеулері білім алушылардың ынтасын төмендетіп, оларды күрделі математикалық тақырыптарды меңгеруден алыстатуы мүмкін. Жаңа технологиялардың дамуы және білім беру үдерісіндегі өзгерістер оқыту әдістерін де заман талабына сай жетілдіруді қажет етеді. Инновациялық әдістерді енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға, көпмүшелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік жасауға болады. Сондықтан дәстүрлі тәсілдерді жаңартып, оқыту үдерісіне интерактивті құралдарды, ақпараттық технологияларды және шығармашылық тәсілдерді қосу өзекті міндетке айналды.

Көпмүшелер тақырыбын оқытудың инновациялық тәсілдерінің бірі – цифрлық технологиялар арқылы оқыту. Қазіргі білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану білімді жеткізу мен меңгеру әдістерін түбегейлі өзгертті. Көпмүшелерді оқыту барысында АКТ-ны енгізу оқушыларға абстрактілі математикалық ұғымдарды нақты әрі көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік береді [2].

Электрондық оқулықтар мен бейнематериалдар – математикалық түсініктерді түсіндірудің тиімді құралдарының бірі. Электрондық оқулықтар арқылы оқушылар көпмүшелердің қасиеттері мен операцияларын түсіну үшін интерактивті тапсырмалар мен мысалдармен жұмыс істей алады. Бейнематериалдар, өз кезегінде, мұғалімнің түсіндіруін қосымша нақтылайды және көрнекі визуализациялар арқылы ақпаратты жақсы меңгеруге көмектеседі.

Оқушылар бейнематериалдарды кез келген уақытта қайталап көріп, өз бетінше білімдерін толықтыра алады.

Геймификация – оқыту үдерісіне ойын элементтерін енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырудың тиімді әдістерінің бірі. Математикалық ойындар, викториналар және сайыстар көпмүшелер тақырыбын игеруді жеңілдетіп, оқушылардың белсенділігін арттырады. Мысалы, көпмүшелердің түбірлерін табу бойынша жарыс немесе олардың қасиеттерін түсіндіретін интерактивті ойындар арқылы оқушылар бір-бірімен бәсекелесіп, өз білімдерін жетілдіреді [3].

Ойын тәсілдерінің тиімділігі олардың оқушыларға білім алуды көңілді әрі қызықты ететіндігінде жатыр. Математикалық ойындар оқушылардың зейінін шоғырландырып, оларды шынайы өмірде қолдануға болатын дағдыларды дамытуға ынталандырады. Сонымен қатар, ойын элементтері оқушылар арасындағы ынтымақтастықты арттырып, командалық жұмыс жасауға үйретеді.

Инновациялық әдістерді қолдану оқушылардың үлгеріміне елеулі оң әсер етеді. Бірқатар зерттеулер көрсеткендей, АКТ, геймификация, проблемалық және жобалық оқыту әдістерін енгізгеннен кейін оқушылардың көпмүшелер тақырыбын меңгеру деңгейі айтарлықтай жақсарған. Мысалы, электрондық оқулықтар мен бейнематериалдарды пайдаланған сыныптарда оқушылардың есеп шығару дағдылары дәстүрлі әдістерді қолданған сыныптармен салыстырғанда жоғары болды. Сонымен қатар, интерактивті бағдарламалар мен виртуалды симуляцияларды қолдану оқушыларға көпмүшелерді көрнекі түрде зерттеуге мүмкіндік беріп, олардың есептерді шешу жылдамдығын арттырған.

Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, инновациялық әдістер қолданылған сабақтарда оқушылардың математикаға деген ынтасы мен белсенділігі артып, олардың орташа бағалары 10-15% жоғары болған. Оқушылардың көпшілігі есептерді шешу барысында шығармашылық тәсілдерді қолданып, тапсырмаларды орындаудағы өз бетінше жұмыс істеу деңгейі артқан. Мұндай өзгерістер әсіресе топтық жұмыс пен жобалық оқыту әдістері қолданылған жағдайларда байқалды.

Инновациялық әдістерді енгізу барысында бірқатар қиындықтар туындауы мүмкін. Біріншіден, мұғалімдер мен оқушылардың жаңа технологиялар мен әдістерді қолдануға дайын болмауы. Кейбір мұғалімдер дәстүрлі әдістерді қолдануға бейімделгендіктен, жаңа тәсілдерге көшу барысында қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір оқушылардың АКТ-ны қолдануда тәжірибесінің аз болуы сабақ процесін баяулатып, түсінбеушілікке әкелуі мүмкін [4].

Бұл қиындықтарды шешудің бір жолы – мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру. Оларда жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану дағдыларын дамыту маңызды. Сонымен қатар, оқушыларға АКТ-ны қолдану бойынша кіріспе сабақтар өткізу тиімді болар еді. Бұл оқушылардың жаңа әдістермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, олардың сабақ процесіне тез бейімделуіне көмектеседі.

Екіншіден, техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі қиындық туғызуы мүмкін. Мұндай жағдайда білім беру мекемелеріне қажетті ресурстарды қамтамасыз ету, бағдарламалар мен құралдарды үнемі жаңартып отыру маңызды. Бұдан бөлек, қолжетімді онлайн ресурстар мен тегін бағдарламаларды қолдану арқылы да инновациялық әдістерді іске асыруға болады.

Ақырында, инновациялық әдістердің дұрыс ұйымдастырылмауы немесе мақсатқа сай қолданылмауы да қиындық тудыруы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін инновациялық әдістерді дұрыс жоспарлау және оқыту үдерісін мұқият құру қажет. Мұғалімдер әдістерді қолдану барысында оқушылардың білім деңгейін бақылап, әрқайсысының қажеттіліктеріне қарай жеке тәсілдерді қолдануы тиіс.

Мақалада көпмүшелер тақырыбын оқытуда қолданылып жүрген дәстүрлі әдістердің артықшылықтары мен шектеулері, сондай-ақ, инновациялық тәсілдердің маңыздылығы жан-жақты талқыланды. Дәстүрлі әдістердің тиімділігіне қарамастан, олардың оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуда кейбір шектеулері бар екендігі анықталды. Сондықтан оқыту процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, геймификация, проблемалық және жобалық оқыту әдістерін енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Инновациялық әдістер оқушылардың көпмүшелерді тереңірек түсінуіне, пәнге деген қызығушылықтарының артуына және білімді практикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ақпараттық технологиялар мен ойын элементтерін қолдану оқыту үдерісін қызықты етіп, оқушылардың белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, жобалық және проблемалық оқыту әдістері оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады, бұл олардың болашақтағы кәсіби және өмірлік дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді.

Болашақта инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың үлгерімін одан әрі жақсартып, олардың математикалық білімін практикада қолдану қабілеттерін арттыру мүмкіндігі зор. Математика пәнін оқытуда технологиялық шешімдерді кеңінен қолдану оқу процесін жекешелендіріп, әрбір оқушының қажеттіліктеріне сәйкес білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
- 2 Ахметов Қ. Математика сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқушылардың құзырлылығын арттыру. 2019.
- 3 Бегалиева Н. Геймификация әдісі арқылы математика пәнін оқыту // Оқыту әдістемесі және инновациялар, 2020.

4 Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: «Дайыр Баспа», 2010.

ҒТАМР 14.25.09

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН КОНТЕКСТІК ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

А.К. Ардабаева

PhD, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Е.А. Тұяқов

П.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемелік жолдары ұсынылған, қаржылық-экономикалық мазмұнды есептерді шешу әдістемесі берілген, нақты мысалдар келтірілген. Қаржылық-экономикалық мазмұнды есептерде банк, сауда, тұтынушылық, ипотекалық несие, депозит, өмір мен мүлікті сақтандыру мәселелері бойынша әлеуметтік маңызы бар терминдер қамтылған және олар математикалық әдістермен шығарылады. Мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру үшін болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дайындығын жетілдірудің әдістемелік негізі анықталған.

Түйін сөздер: математика, қаржылық сауаттылық, қаржылық-экономикалық мазмұнды есептер

Қазіргі уақытта елімізде халыққа, оқушы жастарға қаржылық білім беру жағдайында қаржылық сауаттылығын арттыру мәселесіне көңіл бөлініп, үкіметтің деңгейінде талқылану үстінде. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ қаржылық қарыздарын шешуге және жұмысқа орналастыруға кеңес беруге бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасын кеңейту тапсырмасын берді [1].

Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасында да «Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білім алушылардың қаржылық білімін арттыру» міндеті қойылған және ол міндетті шешу үшін цифрлық оқу материалдары, оқыту бағдарламалары мен құралдарын әзірлеп, іске қосу қажеттілігі көрсетілген [2]. Сондай-ақ, 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білім алушыларды оқытудың қолданыстағы бағдарламаларымен болашаққа дайындау қаржылық сауаттылығы негіздерін қалыптастыруға бағытталуын көздейді [3].

ҚР Үкіметінің отырысында елімізде орта мектеп, колледж және жоғары оқу орындарының білім алушылары үшін оқу бағдарламасына жаңа пән – қаржылық сауаттылық курсы енгізу қажеттілігі туралы айтылды [4].

Мектеп оқушыларының қаржылық білімін арттыру оқыту мақсаттары мен сабақтағы оқу материалының мазмұны арқылы іске асырылады. Сондықтан қолданыстағы мемлекеттік білім беру стандарттары, білім беру бағдарламалары, үлгілік ережелер, кәсіптік оқыту бағдарламалары, нормативтік құқықтық актілер қаржылық сауаттылықты оқу пәндерінің, оның ішінде математикамен кіріктіріп оқытуға мүмкіндік береді. Өйткені, математика – функционалдық сауаттылықтың барлық түрлерін, оның ішінде математикалық сауаттылықты ғана емес, оқушылардың қаржылық сауаттылығы мен экономикалық ойлауын дамытуда маңызды пән болып табылады.

Дегенмен, мұғалімдер математиканы оқыту мақсаттарын іске асыруда оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған кәсіби құзыреттілік деңгейі әлі де жеткіліксіз, оқушылардың қаржылық білімін арттыруға арналған қаржылық-экономикалық мазмұнды тапсырмаларды құрастыру мен қолдану дағдылары жеткіліксіз екендігі айқындалып отыр. Мұндай дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру ресурстары (есептер жинағы, онлайн-ресурс банкі, бейімделген деңгейлік мәтіндер және т.б.) қажет болып табылады.

Математика мұғалімдерін дайындауды жетілдіруге қатысты отандық ғалымдардың – А.Е. Әбілқасымова, Ә.К. Қағазбаева және т.б. еңбектері баршылық [5, 6]. Дегенмен, бұл жұмыстардан математика мұғалімдерін дайындауда оларды мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға баулу және әдістемелік қамтамасыз ету мәселесіне қатысты зерттеулер жеткілікті жүргізілмегені, көбінесе пәнді оқытудың әдістемесіне көп көңіл бөлінетіндігі айқындалды.

Сондықтан математика мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін және оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру әдістері мен мазмұнын жетілдіруге арналған оқу-әдістемелік кешенін жасауға басты назар аудару керек. Мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға математика мұғалімдерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету өзектілі болып табылады.

Қаржылық сауаттылық адам өміріндегі әлеуметтік іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігіне қажетті білік пен дағды болып табылады. Сондықтан адам іс-әрекеті мен қызметінің кез келген саласында туындаған қаржыға қатысты туындаған мәселелерді шешуде қабілетті болуы үшін қаржылық сауаттылығы болуы тиіс.

Қаржылық сауаттылық – адамның жас кезінен бастап өздігінен ақша табу және оны тиімді үлестіруі мен жұмсауын көрсететін қабілеті.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) зерттеушілері «Бүгінгі күні, қаржылық нарықтың дамуы, демографиялық, экономикалық, саяси өзгерістер нәтижесінде қаржылық сауаттылық өмірлік маңызы бар дағдыға айналғанын бәрі мойындады» деп айтқан. Осыған орай, 2003 жылы қаржылық сауаттылықтың принциптерін дамыту негізінде қаржылық білім мен

сауаттылық стандарттарын жетілдіру жолдарын ұсыну бойынша жобаны бастады [7].

Оқушылардың білімін бағалайтын халықаралық зерттеулердің бірі – PISA зерттеуі бойынша дамыған елдердің оқушыларының оқу жетістіктерінде қаржылық сауаттылығы жоғары екендігін байқадық. Бұл зерттеуде оқушылар қаржыға байланысты әртүрлі өмірлік жағдаяттарға, жеке және отбасылық қаржылық мәселелерге негізделген тапсырмаларды орындай білген және белгілі бір қаржылық терминдерді, ұғымдарды, категорияларды, қаржылық қызметтерді біліп қанай қоймай, түсініп қолдана білген.

PISA зерттеуіндегі қаржылық білімді қолдануға бағытталған тапсырмаларды екі топқа бөлуге болады:

1) «қаржылық арифметика» бойынша тапсырмалар: ақша жұмсау, салу және алу, шығындардың және қалған қаражаттың шамасы, валюта айырбастау нәтижесі;

2) белгілі бір жағдайға байланысты орындалатын әрекеттер [8, 9].

Математикада қаржылық сауаттылықты қалыптастыру үшін қаржылық-экономикалық мазмұнды контекстік есептер негізгі оқыту құралы болып табылады.


Қаржылық-экономикалық мазмұнды контекстік есептердің мазмұнына банк, сауда, тұтынушылық, ипотекалық несие, депозит, өмір мен мүлікті сақтандыру мәселелері бойынша әлеуметтік маңызы бар терминдер қамтылған және математикалық әдістермен шығарылады. Мұндай есептерді құрастыру мен оқу процесінде қолдану мұғалімнің білімі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты.

Оқыту құралдарының ішінде PISA зерттеуінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын бағалайтын тапсырмалардың бірі – контекстік есептерді қолданған тиімді. Оқу материалдарын тек оқу процесінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс жұмыстарда – оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуде, олардың жеке білім беру траекториясын жүзеге асыруда, ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеуде және т.б. пайдалануға мүмкіндік береді.

Мысалы, мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында ұсынылған қаржылық-экономикалық мазмұнды контекстік есептерді қарастырайық.

1-есеп. «Экспорт».

Төменде келтірілген 1-суретте Қазақстанның экспорт көлемі туралы ақпарат көрсетілген.



Сурет 1. Қазақстанның экспорт көлемі туралы ақпарат.

Тапсырмалар:

1) 2017 жылы Қазақстандағы экспорттың жалпы құны (млрд. доллар) қандай болды?

Жауабы: Диаграммадан байқағанымыздай 50,4 көрсеткіш 50 400 000 000 доллар екенін көрсетіп тұр.

2) 2019 жылы Қазақстаннан табиғи газды экспорттаудың нәтижесі қанша кіріс алып келді?

- A) 3,2 млрд. доллар. B) 3,8 млрд. доллар. C) 3,4 млрд. доллар.
D) 4,0 млрд. доллар. E) 3,6 млрд. доллар.

Жауабы: 2019 жылы жеміс табиғи газдың экспорты 6 пайызды құрады:

$$66\,500\,000\,000 \cdot \frac{6\%}{100\%} = 3\,990\,000\,000 \approx 4,0 \text{ млрд.}$$

Жеміс шырынының экспорты 4 млрд. доллар табыс алып келді.

2-есеп. «Ұлттық музыкалық аспаптар».

Төменде келтірілген 2-суретте «Қазақ әуені» дүкенінің тауарлары және олардың бағалары туралы ақпарат көрсетілген.

Тапсырмалар:


1) Сәкен калькуляторда домбыраның, қобыздың және жетігеннің бағаларын қосты. Нәтижесінде 213 600 тг. болды (3-сурет).

Бұл жауап дұрыс емес. Сәкен қалай қателескендігін анықтаңдар.

- A) бағалардың бірін екі рет қосты.
B) бағалардың бірін қосуды ұмытып кетті.
C) бағалардың бірінде соңғы санды алған жоқ.
D) оны қосудың орнына бағалардың бірін алып тастады.

Жауабы: Сәкен жетігеннің бағасын жазғанда, соңғы «0» цифрын жазуды ұмытып кетті. Соның нәтижесінде $92\ 000 + 106\ 000 + 15600 = 213\ 600$ нәтижесі алынды. С нұсқасы дұрыс.

«Қазақ әуені» дүкенінің тауарлары		
<p>Домбыра</p>  <p>Бағасы: 92 000 тг.</p>	<p>Қобыз</p>  <p>Бағасы: 106 000 тг.</p>	<p>Жетіген</p>  <p>Бағасы: 156 000 тг.</p>



Сурет 2. «Қазақ әуені» дүкеніндегі тауарлардың бағасы.

Сурет 3. Калькулятор.

2) «Қазақ әуені» дүкенінде мынадай жеңілдік қарастырылған: егер сіз 2 немесе одан да көп тауар сатып алсаңыз, сізге осы тауарларға 20% жеңілдік беріледі. Талғатта 200 000 тг бар. Ол дүкеннен не сатып ала алады? Әр жағдай үшін «Иә» немесе «Жоқ» деп белгілеңдер (1-кесте).

Кесте 1. «Қазақ әуені» дүкеніндегі жеңілдіктер.

Тауарлар	Талғат бұл заттарды 200 000 теңгеге сатып ала алады ма?
1. Домбыра және қобыз	Иә / Жоқ
2. Домбыра және жетіген	Иә / Жоқ
3. Барлық 3 аспап	Иә / Жоқ

Жауабы:

$$1) 92000 + 106000 = 198000 \Rightarrow 198000 \cdot \frac{80\%}{100\%} = 158400 \text{ (Иә);}$$

$$2) 92000 + 156000 = 248000 \Rightarrow 248000 \cdot \frac{80\%}{100\%} = 198400 \text{ (Иә);}$$

$$3) 92000 + 106000 + 156000 = 354000 \Rightarrow 354000 \cdot \frac{80\%}{100\%} = 283200 \text{ (Жоқ).}$$

Мұндай қаржылық-экономикалық мазмұнды котекстік есептерді оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру үшін математика сабақтарында немесе сыныптан тыс жұмыстарда шығаруға үйрету маңызды, бұл олардың қаржы саласындағы түсініктерін қалыптастырып, өмірлік мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді.

Сонымен, мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемелік жолдары келесідей демекпіз:

– оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру математика мұғалімінің математиканы оқытудағы негізгі міндеттерінің біріне айналуы тиіс. Бұл мұғалімнің ізденісіне, шығармашылығы мен шеберлігіне байланысты және сабақта қолданатын оқыту әдістері мен құралдарын жинақтауды талап ететін күрделі процесс;

– математиканы оқыту мазмұны қазіргі заманғы талаптар мен қоғамның сұраныстарына, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім берудің стандартының талаптарына сәйкес әзірленуі тиіс;

– оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру үшін математикадан факультативтік немесе элективті курсты енгізу және оның оқу-әдістемелік кешенін сапалы жасау керек;

– математиканы оқу процесінде білім мазмұнын қаржылық біліммен сабақтастығын жүзеге асыру керек;

– математика сабақтарында қаржылық-экономикалық мазмұнды контекстік есептерді шығарып үйретуге мән беру керек.

Мақалада ұсынып отырған әдістемелік идеямызды орта білім беру деңгейінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруда пайдалануға ұсынылады. Ол түлектердің нарықтық экономикада одан әрі табысты бейімделуіне және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қаржыландырып отыр (ғылыми жоба, 28.05.2024 жылғы № 46 келісім-шарт).

Қолданылған әдебиеттер

1 «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K23002023_1.

2 «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000338>.

3 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>.

4 Школьники и студенты в Казахстане будут учиться финансовой грамотности. URL: <https://daryo.uz/ru/2023/10/31/skolniki-i-studenty-v-kazahstane-budut-ucitsa-finansovoj-gramotnosti?ysclid=lu1jkequet124360289>.

5 Абылкасымова А.Е. Формирование познавательной самостоятельности студентов-математиков в системе методической подготовки в университете: дисс.... док.пед.наук: 13.00.02. – Алматы, 1995. – 291 с.

6 Кагазбаева А.К. Совершенствование профессионально-методической подготовки учителя математики в системе высшего педагогического образования: дис.... док.пед.наук: 13.00.02. – Алматы: АГУ, 1999. – 324 с.

7 ЭЫДҰ. G20/Цифрландыру және қаржылық сауаттылық бойынша ЭЫДҰ-ның INF саясатына басшылық. Париж, Франция: ЭЫДҰ баспасы, 2018.

8 OECD (2023a), PISA 2022 Results (Volume I): The State of Learning and Equity in Education, PISA, OECD Publishing, Paris.

9 OECD (2023b), PISA 2022 Results (Volume II): Learning During – and From – Disruption, PISA, OECD Publishing, Paris.

ҒТАМР 27.01.45

МӘТІНДІК ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ БАЙЫРҒЫ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

П. Кеңесбай

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада Қазақстандық мектептерде математикалық білім беру арқылы оқушылардың шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту мәселелері қарастырылған. Мақалада мәтіндік есептерді шешу арқылы оқушылардың логикалық және шығармашылық ойлауын қалыптастырудың маңыздылығы айтылады. Мәтіндік есептерді шешудің оқу мен өмір арасындағы байланысты нығайту, математикалық білімнің мәнін түсіну, практикалық дағдыларды дамыту сияқты артықшылықтары баяндалған.

Түйін сөздер: математика, мәтіндік есептер, байырғы әдістер, оқыту әдістемесі, сабақ, оқушы, тұлға.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекше маңызға ие. Әсіресе математикада мәтіндік есептерді шешу процесі оқушылардың логикалық ойлауын, талдау және синтездеу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Мәтіндік есептерді шешу-бұл математикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық ойлауды қажет ететін күрделі процесс.

Байырғы әдістер, яғни есептерді шешудің дәстүрлі тәсілдері, оқушыларға логикалық құрылымдарды түсінуге, мәселені жан-жақты қарастыруға және шығармашылық ойлауды дамытуға көмектеседі. Бұл мақалада біз мәтіндік есептерді шешу әдістерінің тиімділігін, олардың оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы ролін және білім беру процесіндегі маңыздылығын қарастырамыз. Байырғы әдістердің ерекшеліктері, олардың қазіргі білім беру үдерісіндегі маңызы және практикалық қолдану тәсілдері жан-жақты талданады.

Орта білім берудің негізгі жалпы білім беру бағдарламалары баланың жеке басын, оның қабілеттерін және мәдениетаралық қарым-қатынасын жоғары деңгейде дамытуға бағытталған. Мақсаттарға қол жеткізуге елеулі үлес дайындық болып табылады, ал дайындықтың көп бөлігіне оқушылар мектептегі математика курсы менгеру арқылы қол жеткізеді. Математиканы оқу

оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға және олардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Математиканы оқу барысында оқушылар келесі жалпы білім беру дағдыларын игереді:

– *оқу-ұйымдастыру дағдылары*: іс-әрекет процесін түсіну және нәтижені бағалау;

– *оқу-ақпараттық дағдылар*: мәтінді сауатты оқып, объект компоненттеріне сапалық және сандық талдау жүргізу;

– *оқу-интеллектуалдық дағдылар*: ең бастысы талдау, жалпылау, бөліп көрсету, пайымдаулар қалыптастыру, қойылған міндеттердің шешімдерін табу.

Бұл дағдылар оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

5-6 сыныптарға арналған толық математика курсы мектеп бағдарламасының негізі болып табылады және материалды бір негізде логикалық құрылымдауды қажет етеді.

1. Мәтіндік есептердің маңызы:

5-6 сыныптарға арналған математика курсының бағдарламасында мәтіндік тапсырмалар оқыту, дамыту және тәрбиелеу функцияларын орындайды. Мәтіндік есептер арқылы әртүрлі білім салаларынан әртүрлі ақпарат, математикалық әрекеттердің мәні мен қасиеттерін түсіну беріледі. Мәтіндік есептерді шешу ойлауды дамытуға, функционалдық тәуелділіктерді игеруге ықпал етеді, есептеу мәдениетін жақсартады және оқушыларда табандылықты, жинақылықты және білімге деген ұмтылысты қалыптастырады.

Мәтіндік есептер әрқашан математикада маңызды орынға ие болды. Әр түрлі әрекеттерді орындау, тапсырмаларды табу және шешу қабілеті оқушылардың дамуының жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Мәтіндік мәселелерді шешу барысында оқушының бастамашыл және тәуелсіз тұлға ретіндегі өмірлік ұстанымы қалыптасады.

5-6 сыныптардағы мәтіндік есептерді шешу әдістерінің ішінде арифметикалық және алгебралық әдістер жиі қолданылады. Арифметикалық әдіс-сандық өрнек (сандық формула) құрастыру және нәтижені есептеу арқылы белгісіз шаманың мәндерін табу. Алгебралық әдіс есептерді шешуде құрастырылған теңдеулер мен теңдеулер жүйесін қолдануға негізделген.

Мәтіндік есептерді шеше отырып, 5-6 сынып оқушылары жаңа математикалық білімді игереді, сонымен қатар логикалық ойлауды дамытады. Мәселелерді шеше білу оқушының жеке басын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады, сондықтан мұғалім мәтіндік есептерді, олардың құрылымын терең түсініп, оларды әртүрлі тәсілдермен шеше білуі керек.

Мәтіндік тапсырма-жағдайдың, құбылыстың, оқиғаның немесе процестің ауызша моделі. Мұндай есептер оқиғаның немесе құбылыстың барлық аспектілерін емес, тек сандық және функционалдық сипаттамаларын сипаттайды. Мәтіндік мәселелерді шешудің ерекшелігі – олар қойылған сұраққа жауап алу үшін қандай әрекетті орындау керектігін тікелей көрсетпейді.

Мәтіндік есептерді шеше отырып, 5-6 сынып оқушылары шамалар арасындағы байланысты түсінуді және әртүрлі арифметикалық әрекеттерді қолдануды үйренеді. Әрекетті таңдау қарапайым мәселелерді шешуде маңызды және сонымен бірге ең қиын сәт болып табылады. Тапсырма шарттарының мазмұнын игергеннен кейін студенттер қажетті және белгілі мәндердің қандай тәуелділікке жататынын анықтауы керек, бұл оларға шешу үшін қажетті әрекетті таңдауға көмектеседі.

2. Байырғы әдістер:

Мәтіндік есептерді шешудің байырғы әдістері ежелгі дәуірден бастап қалыптасқан және олардың негізінде әртүрлі математикалық мәдениеттердің ерекшеліктері жатыр. Бұл әдістер қарапайым тәсілдерден бастап, күрделі логикалық амалдар мен есептеулерді қамтыды және сол кездегі өмір салты мен білім деңгейіне сай бейімделді. Кейбір танымал байырғы әдістерге мыналар жатады:

1. *Риторикалық немесе ауызша әдіс.* Ежелгі мысырлықтар мен вавилондықтар математикалық есептерді шешу барысында негізінен ауызша сипаттама мен тізбектелген амалдарды қолданды. Есептерді түсіндіруде негізгі рөлді тілдік сипаттама атқаратын, яғни есеп шарты мен оны шешудің қадамдары ауызша сипатталып, есептеу әдістері тікелей санамалап көрсетілетін.

2. *Геометриялық әдіс.* Ежелгі Грекия мен Қытайда қолданылған бұл әдіс есептерді фигуралармен және геометриялық құрылымдармен шешуді көздеді. Мәселен, жер телімдерін бөлуді, заттарды пропорцияларға сәйкес бөлуді немесе шамаларды салыстыруды геометриялық тұрғыдан бейнелеп, сызбалармен шешті. Бұл әдіс оқушыларға нақты заттармен жұмыс істеуге және көрнекі ойлау қабілетін дамытуға ықпал етті.

3. *«Тең бөліктерге бөлу» әдісі.* Ежелгі Қытай мен Үндістанда таралған бұл әдіс есептің шешімін табуда бөлуді, бөлшектермен жұмыс істеуді үйретті. Мысалы, бір затты немесе шаманы тең бөліктерге бөлу арқылы есеп шығару сол уақыттағы адамдардың күнделікті қажеттіліктерінен туындап, қазына, мүлік бөлу секілді өмірлік жағдайларда қолданылды.

4. *«Құпия белгілеу» немесе символика әдісі.* Кейбір мәдениеттерде белгісіз шамаларды әріптермен немесе арнайы таңбалармен белгілеу әдісі қолданылды. Бұл әсіресе ислам әлемінде алгебраның дамуында көрініс тапты. Мұсылман ғалымдары Хорезми еңбектері негізінде теңдеулер құрып, белгісіз шамаларды шешуге бет бұрды, бұл қазіргі алгебраның негізін қалады.

5. *Жинақтау және қадамдық бөлу әдісі.* Бұл әдіс әртүрлі есептерді қарапайым, бірізді бөліктерге бөліп, әрбір бөлікті жеке шешуге негізделді. Мысалы, «аяқпен жүріп өлшеу» тәсілі жер ұзындығын есептеуде қолданылып, қадам сайын есеп жүргізуге негізделді. Кейінірек бұл тәсіл шешімді бірте-бірте жинақтау арқылы күрделі есептерді жеңілдетуге қолданылды.

6. *Сипаттау әдісі немесе логикалық талдау.* Бұл әдіс қарапайым логикалық тұжырымдарды қолдану арқылы есеп шығару тәсіліне негізделді. Ежелгі үнді және қытай есептерінде қарапайым шарттар мен ой тұжырымдары

арқылы есепті шешуге болатын әдістер қолданылды. Логикалық ойлауға бағытталған бұл әдіс оқушыларды ойлануға, салыстыруға және байқау қабілетін жетілдіруге үйретті.

Осы байырғы әдістер қазіргі математика негізінің дамуына және әртүрлі есептерді шешуде шығармашылық ойлаудың қалыптасуына үлкен әсер етті. Бұл әдістерді қазіргі оқыту процесінде қолдану оқушылардың тарихи математикалық тәжірибеден үйреніп, есептерді шешудің әртүрлі жолдарын меңгеруіне ықпал етеді.

3. Шығармашылық қабілеттерді дамыту:

Осылайша, ұсынылған әдістемелерді оқытуға енгізу оқушылардың мәтіндік есептерді байырғы әдістермен шешудегі дағдыларының деңгейін арттыруға ықпал етеді. 5-6 сынып оқушыларының математикаға деген қызығушылығы артады, пәнді оқуға деген ынтасы, жиі сұрақтар қоюға және өз пікірін айтуға деген ұмтылысы пайда болады. Оқушылар туындаған сұрақтарға жауап іздейді. Ауызша-прозалық, иллюстрациялық және демонстрациялық формаларды жүйелі қолдану, сондай-ақ есептерді әртүрлі тәсілдермен шешу және математика сабақтарында ұсынылған әдістемелік әдістерді қолдану 5-6 сынып оқушыларының мәтіндік есептерді шешу дағдыларын жақсартуға, қызығушылықты дамытуға және оқу мотивациясын қалыптастыруға ықпал етеді, бұл оқушының жеке басының үйлесімді дамуына оң әсер етеді.

Есепті арифметикалық әдіспен шешу сандармен арифметикалық амалдарды орындау арқылы оның талаптарына жауап табуды білдіреді. Бір мәселені әртүрлі арифметикалық тәсілдермен шешуге болады. Егер шешімдер белгілі және қажетті шамалар арасындағы байланыстармен немесе осы байланыстардың реттілігімен ерекшеленетін болса, мәселе әртүрлі тәсілдермен шешіледі деп саналады.

Шешім әдістері әртүрлі болуы мүмкін болса да, олардың негізгі жолы бірдей болып қалуы мүмкін. «5-6 сыныптарға арналған математика курсындағы мәтіндік есептер» тақырыбындағы ғылыми, оқу және әдістемелік әдебиеттерді талдай отырып, мәтіндік есептерді шеше білу оқушылардың оқуы мен дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Есептерді әртүрлі әдістермен шешу қабілеті басқа мектеп пәндерінде ғана емес, күнделікті өмірде де мәселелерді шешуге көмектеседі.

Білім беру процесінде алгебралық, арифметикалық, геометриялық, логикалық, аралас, аналитикалық және синтетикалық сияқты әртүрлі оқыту әдістері маңызды рөл атқарады. Олар оқушылардың ақыл-ой белсенділігін арттырады және олардың ақыл-ой дамуына ықпал етеді, табандылық пен белсенділікті қалыптастырады, сонымен қатар оқушының тәуелсіз тұлға ретіндегі өмірлік ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мәтіндік есептерді шешу кезінде 5-6 сынып оқушыларында теорияны практикада қолдану, белгілі және белгісіз деректерді салыстыру және тапсырмалар сұрақтарына жауап беру қабілеті қалыптасады. Мұғалім мотивация мен пропедевтиканы қолдана отырып, оқушыларға мәселелерді шешу үшін бұрыннан белгілі фактілерді қолдануға көмектеседі.

Мәтіндік есептер математиканы оқытуда шешуші рөл атқарады, бұл оқушыларға шамалармен жұмыс істеуге, олардың өзара байланыстарын игеруге және практикалық мәселелерді шешу үшін математиканы қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай мәселелерді шешудің әртүрлі әдістері тез ойлауды, тапқырлықты және сұрақтарды тұжырымдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде 5-6 сынып оқушыларын одан әрі оқуға дайындайды және олардың ойлау тәжірибесін байытады.

Мәтіндік есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру мәселесі педагогика ғылымының бүкіл тарихында өзекті болып қала береді. Мәтіндік есептерді шешу математика курсының маңызды бөлігі болып табылады және ойлаудың дамуына, сондай-ақ оқушылардың практикалық дағдылары мен дағдыларын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді. Мұндай тапсырмалармен жұмыс, тапсырмаларды байырғы әдістерді пайдалана отырып шығару қиял мен логикалық ойлауды дамытады, оқу мен нақты өмір арасындағы байланысты нығайтады, математикалық білімнің практикалық мағынасын түсінуді тереңдетеді және пәнге деген қызығушылықты оятады.

Осылайша, мәтіндік есептерді шешу математиканы оқытудағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады, өйткені олар ақыл-ой операцияларын жүргізуге мүмкіндік береді: талдау, синтез, салыстыру және жалпылау. Бұл сонымен қатар V-VI сыныптарға арналған математика курсының әртүрлі тақырыптары бойынша білімді тереңдетуге ықпал етеді, ал қиындықтың жеткілікті жоғары деңгейінде тапсырмалармен жұмыс істеу маңызды.

Қорытынды.

Мәтіндік есептерді шешудің байырғы әдістері оқушылардың математикалық білімдерін тереңдетіп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін де дамытуға ықпал етеді. Оқушыларды логикалық ойлауға, проблемаларды шешуге және жаңа идеяларды ұсынуға ынталандыру – білім беру процесінің маңызды аспектісі. Сондықтан, мұғалімдер мәтіндік есептерді шешу барысында шығармашылық тәсілдерді енгізуді ұмытпауы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Оспанов Т.Қ. Математика негіздері: оқу-әдістемелік кешен. – Алматы: Атамұра, 2005.
- 2 Демидова Т., Тонких А. Теория и практика решения текстовых задач. – М., 2002.
- 3 Попов Г. Сборник исторических задач по элементарной математике. – М., 1936.
- 4 Депман И. История арифметики. – М., 1965.

ҒТАМР 27.01.45

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

У.И. Сулейменова

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

А.А. Тенгаева

Ғылыми жетекші, ф.-м.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада математика сабақтарында интербелсенді әдістерді, соның ішінде кейс-стади әдісін қолданудың тиімділігі қарастырылды. Интербелсенді әдістер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және пәнге деген қызығушылықтарын күшейтуге ықпал етеді. Кейс-стади әдісін математикада қолдану бойынша практикалық мысалдар мен әдістемелік ұсыныстар көрсетілді.

Түйін сөздер: математика, оқушылар, интербелсенді әдістер, кейс-стади әдісі, талдау, оқыту.

Жаңа педагогикалық технологиялар – бұл мақсатқа бағытталған білім беру формаларының, әдістері мен құралдарының, атап айтқанда, математикалық білім берудің өнімі. Бақылаулар көрсеткендей, көп жағдайда мұғалім сабақ барысында жүргізуші, ал оқушылар бақылаушы болып қалады. Білім берудің бұл түрі оқушылардың интеллектуалдық ойлауын арттырмайды, яғни оқу-тәрбие үрдісіндегі шығармашылық белсенділігін арттырмайды. Сондықтан білім берудің қазіргі заманғы үрдістері оқыту әдістерінің жаңаруын талап етеді. Қоғамдағы жаһандану мен цифрландыру процесі оқушылардың білімін тек теориялық негізде ғана емес, практикалық тұрғыда қолдана білу қажеттілігін алға тартады. Бұл талаптарға сәйкес, мектептегі білім беру жүйесінде интербелсенді оқыту әдістерін енгізу маңызды рөл атқарады. Интербелсенді әдістер – бұл оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын, өз бетімен ойлауын және білім алуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған оқыту тәсілдері. Мұндай әдістер оқушының пәнге деген қызығушылығын күшейтіп қана қоймай, олардың аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады. Интербелсенді оқыту барысында мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас тең дәрежеде ұйымдастырылып, оқыту процесі ынтымақтастыққа негізделеді [1].

Заманауи білім беру процесінде оқушылардың білімін өмірлік жағдаяттарға қолдана алуы маңызды. Интербелсенді әдістер оқыту үдерісін

оқушыларға жақындатып, олардың танымдық қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін және белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Интерактивті оқыту оқытудың белсенді әдістері арқылы ұйымдастырылады: модельдеуге бағытталған ойын (оқу-іскерлік ойын, рөлдік ойын, психологиялық тренинг және т.б.), ойын емес (нақты жағдайларға (кейс әдіс), топтық пікірталастар, ми шабуылы, кооперативті оқыту әдістері және т. б.) тәжірибеге бағытталған жағдайларды шешу, проблемаларды жергілікті шешу, пікірталастарға қатысу және оқу процесінің басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасау. Білім беру стандарттарына сәйкес, математиканы оқыту барысында оқушылардың өмірде кездесетін нақты мәселелерді шешуге қажетті дағдыларды қалыптастыру маңызды [2].

Бұл дағдылар:

- Мәселелерді талдау және шешім қабылдау;
- Алынған ақпаратты өңдеу және қолдану;
- Математикалық заңдылықтарды өмірлік жағдайларға қолдануды қамтиды.

Осы талаптарды жүзеге асыруда интербелсенді оқыту әдістерінің ішінде кейс-стади әдісінің орны ерекше. Бұл әдіс нақты өмірлік жағдаяттарды қарастыру арқылы оқушылардың теориялық білімін нығайтып, практикалық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Кейс-стади әдісі сабақ барысында проблемалық жағдайларды талдау, мәліметтерді жинақтау және нақты шешімдер қабылдау арқылы оқытуға бағытталады. Оқушыларға заманауи мәселелерді шешу жолдарын математикалық модельдерге сүйене отырып түсіндіру, олардың күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешу қабілетін арттырады. Мысалы, отбасылық бюджет жоспарлау, бизнес идеяларды есептеу немесе экологиялық проблемаларды талдау арқылы оқушылар математика пәнін қызығушылықпен оқиды және оның өмірлік маңыздылығын түсінеді [3].

Кейс-стади әдісіне арналған ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде кейс түрлерінің әртүрлі жіктелімдері берілген. Математика бойынша білімді жалпылау және жүйелеудің орынды түрлерін бөліп көрсетейік: практикалық, оқыту, зерттеу. Математика мен пәнді оқыту әдістемесінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, біз осы типтегі жағдайлардың қысқаша сипаттамасын ұсынамыз (Кесте 1) [4].

Кесте 1.

Іс түрлері	Математикалық жағдайламалардың сипаттамасы	
	Іс мазмұны	Кейс-тапсырманың қысқаша сипаттамасы
Практикалық	Математикалық білімді қолдануға болатын өмірлік жағдайлар	Толық көлемде берілген кейс-тапсырманың мазмұндық моделі тұжырымдалады, ал артық ақпарат болуы мүмкін. Ең жақсы нұсқаны таңдауды қажет ететін балама жағдайларды қосуға болады.

Оқыту	«Математика» пәндік саласындағы оқу (шартты) жағдайлары	Кейс-тапсырманың мазмұнды моделі тұжырымдалған. Өзара байланысты ішкі тапсырмалардың тізімі келтірілген, оларды шешу тапсырманы шешуге әкелуі керек (әдетте бұл тапсырма тізімде соңғы орында). Осы типтегі кейс-тапсырмаларды орындау математиканың белгілі бір бөлімі шеңберінде жүзеге асырылады.
Зерттеу	Математикалық модель құру, оны зерттеу және түсіндіру орынды болатын зерттеу	Кейс-тапсырманың мазмұнды моделі, мүмкін артық немесе жетіспейтін ақпаратпен тұжырымдалған. Тапсырма математиканың әртүрлі бөлімдерінен символдық тілдерді қолдана отырып, бірнеше математикалық модельдер құруға мүмкіндік береді, олардың аясында кейс-тапсырманы шешуге болады.

Кейс-стади әдісінің негізгі ерекшеліктері:

1. Нақты өмірлік жағдайларға негізделуі:
2. Кейстер шынайы немесе модельденген жағдайларға сүйенеді, бұл оқушыларға теорияны практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді.
3. Белсенді оқыту әдісі:
4. Оқушылар ақпаратты талдайды, оны өңдейді және шешімдер қабылдайды, бұл олардың белсенді қатысуын талап етеді.
5. Тәжірибелік бағыт:
6. Бұл әдіс білім алушылардың болашақ кәсіби қызметінде қолданатын нақты дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Кейс-стади әдісінің мақсаты:

- Ақпаратты талдау, сұрыптау және нақты міндеттерді шешуге қолдану қабілетін қалыптастыру.
- Негізгі мәселелерді анықтап, оларға шешім табу дағдысын дамыту.
- Шешімдердің бірнеше нұсқасын жасап, олардың ішінен ең тиімдісін таңдау.
- Қабылданған шешімді жүзеге асырудың жоспарын құру және оны жаңартып отыру.

Кейс-стадиді қолдану арқылы дамитын дағдылар:

1. *Аналитикалық ойлау:* Мәселенің мәнін түсініп, негізгі мәселелерді анықтау.
2. *Коммуникативтік қабілеттер:* Топтық жұмыс барысында өз ойларын жеткізу, пікір алмасу.
3. *Шығармашылық және сыни ойлау:* Альтернативті шешімдерді іздеу және бағалау.
4. *Жауапкершілік:* Өз шешімдерінің нәтижесіне жауап беру.

Кейс-стади әдісін қолданудың қадамдары:

1. *Мақсатты анықтау:* Сабақтың қандай дағдыны немесе білімді қалыптастыруға бағытталғанын анықтау (мысалы, теңдеулер шешу, пайыздарды есептеу, геометрия).

2. *Жағдайды дайындау:* Нақты өмірге жақын, оқушыларға қызықты және олардың жас ерекшеліктеріне сай жағдай ойластыру.

3. *Шешім іздеу:* Топтық немесе жеке жұмыс арқылы мәселені шешу жолдарын қарастыру.

4. *Талқылау және бағалау:* Ұсынылған шешімдерді қорғау, олардың тиімділігін және дұрыстығын дәлелдеу.

Кейс стади әдісін қолдануға мысалдар қарастырайық.

Тақырып 1: Пайыздарды есептеу [5].

Кейс: Супермаркетте үлкен жеңілдік кезеңі басталды. Оқушыларға әртүрлі тауарларға жеңілдік есептеу тапсырмасы беріледі.

Жағдай: Теледидардың бастапқы бағасы – 200 000 теңге. Оған 20% жеңілдік берілді. Жаңа бағасы қандай болады?

Сатушы тауардың бағасын көтеріп, кейін жеңілдік жасаған. Бұл жағдайда шынымен үнемдеу бар ма?

Оқушылардан талап етілетін әрекеттер:

Пайыздарды есептеу формулаларын қолдану.

Шешуі: 200 000 тг _____ 100%

X _____ 20%

$$x = \frac{200\,000 \cdot 20\%}{100\%} = 40\,000 \text{ теңге.}$$

200 000 тг. – 40 000 тг. = 160 000 теңге.

Жауабы: Тауардың жеңілдік жасалғаннан кейінгі жаңа бағасы 160 000 теңге.

Әртүрлі жеңілдік жағдайларын салыстыру.

Егер сатушы бастапқы бағаны көтеріп, мысалы 25 %-ға арттырса, жаңа бастапқы баға мынадай болады:

$$\text{Көтерілген баға: } 200\,000 + \frac{200\,000 \cdot 25\%}{100\%} = 250\,000 \text{ теңге.}$$

Егер содан кейін сол тауарға 20% жеңілдік жасалса:

$$x = 250\,000 - \frac{250\,000 \cdot 20\%}{100\%} = 200\,000 \text{ теңге.}$$

Бұл жағдайда тұтынушы ешқандай үнемдемейді, себебі баға қайтадан бастапқы деңгейге оралады.

Шешімдердің экономикалық тұрғыдан тиімділігін талдау.

Бірінші жағдайда 160 000 теңге төленеді, ал екінші жағдайда тұтынушы 200 000 теңге төлейді.

Бағаны көтеру және кейін жеңілдік жасау – тұтынушыны психологиялық тұрғыдан алдау тәсілі, бұл шынайы үнемдеу әкелмейді.

Жауабы: 160 000 теңге, 200 000 теңге.

Тақырып 2: Геометрия.

Кейс: Құрылыс компаниясы жаңа тұрғын үй кешенінің жобасын жасап жатыр. Олардан үйдің аумағын, қоршаудың ұзындығын және терезелерді орналастырудың тиімді нұсқаларын есептеу талап етілген.

Жағдай: Үй төртбұрыш түрінде жоспарланған. Оның ұзындығы – 20 м., ені – 15 м.

– Қоршау ұзындығы қандай болады?

– Егер үйдің аумағын 1, 5 есе арттырса, жаңа өлшемдері қандай болуы мүмкін?

Оқушылардан талап етілетін әрекеттер:

Тік төртбұрыштың периметрі мен ауданының формуласын қолдану.

Шешуі: $P = 2 \times (20 + 15) = 70$ м.

$S = 20 \times 15 = 300$ м².

Жаңа өлшемдерді есептеу және оларды суретте көрсету.

Бастапқы ауданы: $S_{\text{бастапқы}} = 20 \times 15 = 300$ м².

Жаңа ауданы: $S_{\text{жаңа}} = 300 \times 1.5 = 450$ м².


Жаңа ұзындығы мен енін табу үшін $S = a \times b$ формуласын қолданамыз.

Өртүрлі нұсқалар мүмкін:

Ұзындығын сол күйінде қалдырып, енін өзгерту:

$$b = \frac{S_{\text{жаңа}}}{a} = \frac{450}{20} = 22,5 \text{ м.}$$

Жаңа өлшемдер: 20 м. × 22,5 м.




Сурет 1. Ұзындығы өзгертілмеген кездегі жаңа өлшемі.

Енін сол күйінде қалдырып, ұзындығын өзгерту.

$$a = \frac{S_{\text{жаңа}}}{b} = \frac{450}{15} = 30 \text{ м.}$$

Жаңа өлшемдер: 15 м × 30 м.



Сурет 2. Үйдің бастапқы және жаңа өлшемдері.

Шешімдерді топта талқылап, ең тиімді нұсқаны ұсыну.

Бірінші нұсқа (20 м. × 22,5 м.) үйдің ұзындығын өзгертпей, ені кеңейтіледі, бұл құрылыс процесін жеңілдетуі мүмкін.

Екінші нұсқа (15 м. × 30 м.) үйдің енін өзгертпей, ұзындығы ұлғайтылады, бұл кезде құрылыс материалдарынан үнемдеу болмауы да мүмкін.

Таңдау құрылыс материалы мен жердің пішініне байланысты жасалады.

Тақырып 3: Теңдеулер және теңсіздіктер.

Кейс: Жергілікті фермер суару жүйесін жақсарту үшін құбырларды сатып алғысы келеді. Оның құбырларды сатып алу үшін бюджеті 100 000 теңге.

Жағдай:

1 метр құбырдың бағасы – 1 200 теңге.

Оған қоса, әрбір тапсырыс үшін 5 000 теңге жеткізу ақысы бар.

Қанша метр құбыр сатып алуға болады?

Оқушылардан талап етілетін әрекеттер:

Белгісі бар теңдеу құру.

1 метр құбыр бағасы – 1200 теңге.

Жеткізу ақысы – 5000 теңге.

Бюджет – 100 000 теңге.

Егер сатып алынатын құбыр ұзындығын x метр болса, онда жалпы шығынды теңдеумен өрнектейміз:

$$1200x + 5000 = 100\ 000$$

Теңдеуді шешіп, нәтижесін тексеру.

$$1200x + 5000 = 100\ 000$$

$$1200x = 100\ 000 - 5000$$

$$1200x = 95\ 000$$

$$1200x = \frac{95\ 000}{1200}$$

$$x \approx 79.167$$

Нәтижені тексеру: алған сан мәнімен, яғни, $x = 79$ метр тексерсек:

$$1200 \times 79 + 5000 = 99\ 800 \text{ теңге.}$$

$x = 80$ метр деп алатын болсақ:

$$1200 \times 80 + 5000 = 101\ 000 \text{ теңге}$$

Бұл бюджеттен асып кетеді.

Жауабы: Демек, фермер ең көбі $x = 79$ метр құбыр сатып ала алады (бүтін сан мәнін аламыз).

Құбырлардың ұзындығын максимизациялау жолдарын талдау.

Жеткізу ақысы жоқ басқа жеткізушіні табу.

Құбырдың бір метрінің арзанырақ түрін іздеу.

Тапсырыс беру сомасын көбейту үшін басқа фермерлермен бірігіп, ортақ тапсырыс беру.

Кейс-стади әдісін қолдану оқушыларға жан-жақты нәтиже береді, себебі бұл тәсіл тек пәндік біліммен шектелмей, тұлғаның әртүрлі дағдыларын дамытуға бағытталған.

Нақтырақ айтқанда, бұл әдіс оқушылардың мына қабілеттерін қалыптастырады: Оқушылар теориялық білімді шынайы өмірлік жағдайларда қолдануды үйренеді. Мысалы, пайыздарды есептеуді сауда-саттықта, теңдеулерді күнделікті жоспарлауда қолдану арқылы түсіну оңайырақ болады. Математикадағы мәтін есептер немесе нақты жағдайларды шешу оқушылардың

есептеу және логикалық ойлау қабілетін арттырады. Оқушыларға ұсынылған кейсті бөліктерге бөліп, негізгі мәселені анықтау және оның шешімін табу жолдары үйретіледі. Оқушылар ақпаратты сұрыптауды, маңыздысын таңдауды және оны дұрыс қолдануды меңгереді. Кейстер бірнеше шешімді талап етеді. Бұл оқушыларды стандартты емес, шығармашылық көзқараспен ойлауға ынталандырады.

Қорытынды.

Кейс-стади оқушыларды жаңа идеяларды іздеуге және өз шешімдерін ұсынуға баулиды. Кейстерді топта талқылау оқушылардың өз ойларын жеткізуге, пікірталас жүргізуге және басқалардың пікірін құрметтеуге үйретеді, шынайы өмірлік жағдайлар сабаққа қызығушылықты күшейтеді. Оқушылар шешім қабылдауға, талқылауға және шығармашылық ойлауға белсене қатысады. Бұл әдіс оқушыларды тек білім алушы емес, шынайы өмірдің белсенді қатысушысы ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер

1 Артюхина М.С. Краудсорсинг как элемент интерактивного обучения математике на гуманитарных направлениях подготовки // Психология образования в поликультурном пространстве. – 2022. – № 4 (60). – С. 98-105.

2 Дударева Н.А., Унегова Т.А. Методические аспекты использования метода при обучении математике в средней школе // Педагогическое образование – 2014. – № 8. – С. 40-43.

3 Попова С.Ю. Современные образовательные технологии. Кейс-стади: учебное пособие для вузов. – М.: Издательство Юрайт, 2024. – 123 с.

4 Табачкова М.Ю., Борискина И.П. Интерактивные методы обучения в матпематике // Integration of education. – 2014. – № 3.

5 Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Жұмағұлова З.Ә. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 185 б.

ҒТАМР 27.01.45

ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТЕГІ ФИГУРАЛАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕРІМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

М. Назарбек

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

М.Б. Туралық

Математика пәні мұғалімі, п.ғ.магистранты, Алатау ауданы №179 жалпы білім беретін мектебі, Алматы қ.

Г.О. Кожашева

Ғылыми жетекші, п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектеп оқушыларына жазықтықтағы немесе кеңістіктегі фигуралардың бейнелерімен жұмыс жасауды үйретудің әдістемесі талқыға алынды. Геометриялық фигуралар тақырыбы қай сыныптарда оқылатыны анықталып, оларды тиімді оқытудың әдістері көрсетілді. Жалпы геометриялық фигураларды оқыту кезінде қажетті көрнекі құралдар да талқыланды. Жазықтықтағы немесе кеңістіктегі фигуралардың бейнелерін оқытудың эмперикалық, индуктивті, дедуктивті тәсілдері анықталды.

Түйін сөздер: геометрия, геометриялық фигураның бейнесі, жазықтық, сызық, көпбұрыштар, бейнелерді салу тәсілдері.

Жалпы жазықтықтағы және кеңістіктегі геометриялық бейнелер тақырыбы тікелей геометрия пәніне қатысты. Ал жалпы білім беру саласындағы оқыту процесінде геометрия пәнін оқытуды басты төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Ең бірінші кезең – бастауыш сынып оқушылары (1-4 сыныптар);

Екінші кезең – 5-6-сынып оқушылары;

Үшінші кезең – 7-9-сынып оқушылары;

Төртінші кезең – 10-11-сынып оқушылары.

Геометрия пәні осы кезеңдердің жас ерекшеліктеріне, қабылдауына, білім процесіне байланысты бірнеше атауда ұйымдастырылады. Олардың қатарына «Көрнекі геометрия», «Практикалық геометрия», «Геометрияның жүйелі курсы» курстары жатады. Осы кезеңдердің әрқайсысы оқушыға геометрия

пәнінің бастапқы іргетасын қалаудан бастап күрделі жүйелерін түсіндергенге дейін маңызды рөл атқарады.

Бастауыш сынып оқушылары алғаш рет «геометрия» ұғымын естіп, танып білетін болғандықтан оқыту процесі алдымен қарапайым, басты терминдерді өтуден басталады. Біршама геометриялық терминдермен таныса отырып, солар жайында түсінік қалыптастырады. Алдымен геометриялық таңбаларды сызып, өлшем бірліктерін жаттайды.

5-6-сынып оқушылары геометрияның анықтамаларымен толықтай таныса бастайды. Басты геометриялық фигураларды анықтамасымен қоса жаттап, олардың бейнесін дұрыс салуды үйренеді. Мысалы, үшбұрыш фигурасы берілсе, оқушылар алдымен үшбұрыштың анықтамасымен танысады. Оның неліктен үшбұрыш деп аталғанын өздері сызбасын сызу арқылы жете түсіне бастайды. Үшбұрыштың анықтамасын жатқа білгеннен кейін бұл фигураның қасиеттері мен ерекшеліктерін, кейбір теоремаларды да қоса өтеді. Төртбұрыш фигурасында да дәл осы процесс қайталанады. Төрт бұрыштан төртбұрыш фигурасы пайда болатынын оқушылар дәптерге салу арқылы түсініп, оның да анықтамасымен, теоремаларымен танысады.

Ал үшінші және төртінші кезеңдерде оқушылар геометриялық заңдылықтармен толықтай танысып, білімін тереңдетеді. Күрделі есептер жүйесін шешеді. Заңдылықтар мен теоремаларға сүйене отырып, дәлелді есеп пен сызба түрінде береді [1, 13 б.]. Осы мақалада геометрияны оқыту кезеңдерінің бірінші және екінші кезеңдеріндегі жазықтықтағы және кеңістіктегі фигуралардың бейнелерімен жұмыс жасауды оқытудың әдістемесін пайдаланып оқушыларға яғни 7-11 сынып оқушыларына арналған әдіс – тәсілдері қарастыратын боламын.

Қарапайым геометриялық ұғымдарды, алдыңғы мақалада қарастырған болатынымын, жалпылама айтқанда, мақалада үшбұрыш, шаршы, көпбұрыштар, шеңбер және т.б. геометриялық фигуралардың жазықтықтағы бейнелері салынып көрсетілді [6, 38 б.]. Енді сол жазықтық фигураларын пайдалана отырып кеңістіктегі денелердің жазықтықтағы бейнесін салу тәсілдерін қарастырамын.

Мысалы: дүниежүзінде көптеген әйгілі сәулет өнерлері бар. Оларды көлемі жағынан өте үлкен геометриялық денелер ретінде қарастырамыз, соның ішінде Египет пирамидасы (Хеопс пирамидасы) және еліміздің астанасында орналасқа «Бейбітшілік және келісім сарайы» ғимаратын айтуға болады. Енді осылардың бейнесін жазықтықта бейнелеп көрейік.



Сурет 1. Бейбітшілік және келісім сарайы




Сурет 2. Хеопс пирамидасы

Жалпы пирамиданың жазықтықтағы бейнесін төмендегідей тәсілдерді пайдаланып бейнелей аламыз. Бірінші үшбұрышты пирамида бейнесін жазықтықта бейнелеу үшін келесі тәртіпті орындайық: алдымен төртбұрыш ретінде елестетіп оның диагональдарын салып бізге көрінбей тұрған табанындағы қырды үзік сызықтармен көрсетеміз.



Сурет 3. Үшбұрышты пирамиданы жазықтықта бейнелеу.

1-суреттегі және 2-суреттегі пирамида төртбұрышты болғандықта оның суреттегі көрінісін жазықтықта бесбұрыш ретінде елестетіп оның диагональдарын салып бізге көрінбей тұрған табанындағы қырды үзік сызықтармен көрсетеміз.



Сурет 4. Төртбұрышты пирамиданы жазықтықта бейнелеу.

Бұл салынған бейнелер кеңістіктегі көпжақтардың жазықтықта қалай бейнелеуге болатыны мысал ретінде көрсетілді. Жалпы алып айтқанда бейнелеу қазіргі заманда көптеген салаларда өз қажеттілігін көрсетіп отыр,

мысалы қазіргі кезде инженерлік графика саласы сызба, геометрия пәні мен машина жасау және құрылыс сызбаларының теорияларын зерттейтін ғылым ретінде дамуда. Яғни болашақ ұрпақтың бейнелеу саласындағы жетістіктері техника мен ғылымның әртүрлі салаларында кеңінен қолдану үшін салу есептері өте маңызды. Сондықтан жер жұмыстарының сызбаларын сауатты орындау, инженерлік ғимараттарды жобалау және тұрғызу үшін, жер бетінде салынатын ғимараттарды сызда бейнелеуде маңызды.

Жазықтықта бейнелеу әдісі – кеңістіктегі фигуралар, олардың шешу әдістері және кеңістіктегі есептерді жазықтықтағы суреттермен зерттейтін геометрияның бөлігі. Жазықтықтағы бейнелеу әдістері техникалық сызудың теориялық базасы болып табылады. Бұл бейнелеу тәсілінің мақсаты – архитектура және құрылыс объектілерінің пішінін салу, объектілер мен процестердің графикалық кескінін өңдеу.

Бейнелеу геометрияда кеңістіктегі фигуралардың ойдағы формасын елестетуге мүмкіндік беріп, кеңістікті елестетуді дамытады. Бейнелеу геометриядағы сызуларды салу әдісінің ережелері проекциялық әдіске негізделген. Проекциялық әдісте ең алдымен нүктенің проекциясын салу қарастырылады. Себебі кез келген кеңістіктік фигураларды салу осы фигура бойында жататын нүктелердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұндай бейнелеудің оқушыларға берер пайдасы: бізді қоршаған ортада оларға жазықтықтағы фигураларға ұқсас заттардың көп екеніне балалардың көңілін аудару, жасалу жолдары мен құрылысына мән беріп, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырату, денелердің өлшемдері туралы ұғым беру, сол өлшемдер арқылы жазықтық бетінде бейнеленген фигуралардың периметрін, ауданын, белгісіз ұзындықтар мен бұрыштарын, денелердің көлемін анықтауға болатынын түсіндіру, тәжірибе жүзінде көрсету, дәлелдеу түсініктерін қалыптастыру.


Жалпы бұл мақалада кеңістік денелерін жазықтықта бейнелеудің бірнеше тәсілін қарастырдым, енді осы сызбаларды пайдаланып мысал ретінде келесі есепті шығарып көрейік.

Мысалы 1. $ABCDEF A_1 B_1 C_1 D_1 E_1 F_1$ дұрыс алты бұрышты призманың барлық қыры 2 см – ге тең деп берілген, А, В және D_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасының ауданын табыңдар.

Бұл есепті шығару үшін алдыңғы жолғы жазылған мақалада қарастырылған [6, 35 б.] ортагональ проекциялау тәсілін пайдалануға тура келеді, ол үшін келесі теореманы біліуіміз керек.

Теорема. Жазық фигураның ортогональ проекциясының ауданы осы фигураның ауданының фигура жазықтығы проекция жазықтығының арасындағы бұрыштың косинусына көбейтіндісіне тең болады.

Φ – α жазықтығында жатқан фигура. Φ^1 – оның β жазықтығындағы ортагональ проекциясы. Ал φ – осы жазықтықтардың арасындағы бұрыш болсын (5-сурет) [7, 108 б.].



Сурет 5.

Келесі формула орынды: $S^1 = S \cdot \cos \varphi$, мұндағы S^1 және S – сәйкесінше Φ^1 және Φ фигураларының аудандары.

Осы проекциялаудың қасиетін пайдаланып, берілген формуланы қолданып, мысалды қарастырып, шешімін табамын.

Берілгені:

ABCDEF A₁B₁C₁D₁E₁F₁ дұрыс алты бұрышты призма.

AB= BC=..... = A A₁ = 2 см.

А, В және D₁ төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салу.

Табу керек:


$S_{\text{қима}} = S^1 = ?$

Шешуі:

Бұл есепті шешу үшін ABCDEF жазықтығымен ABHD₁E₁G жазықтығының арасындағы бұрышты тауып алуымыз керек. (Яғни $\angle DBD_1$ бұрышын табамыз).

Ол үшін BD және BD₁ кесінділерінің ұзындығын табуымыз маңызды.

Ол үшін кеңістіктегі фигураның бізге керекті бөлігінің 6 сурет жазықтықтағы бейнелерін саламыз.




Сурет 6.

Берілген сызбадан есепті шығаруымызға қажетті бөлігін жазықтықта бейнелейміз, бұл есепте маған табанындағы дұрыс алты бұрыштың бейнесі керек.

BD = ?

Дұрыс алты бұрыштың кіші диагоналі келесі формуламен табылады.

$$d_{\text{кіші}} = \sqrt{3} a.$$



Сурет 7.

$$AB = BC = \dots = a = 2 \text{ см}$$

$$BD = \sqrt{3} \cdot 2 = 2\sqrt{3} \text{ см}$$


Есебіміздің шартына байланысты бізге дұрыс алтыбұрыштың ауданын тауып алуымыз керек.

Дұрыс алты бұрыштың ауданы келесі формуламен табылады:

$$S_{\text{дұрыс алтыбұрыш}} = \frac{3\sqrt{3}}{2} a^2$$

$$S_{\text{дұрыс алтыбұрыш}} = \frac{3\sqrt{3}}{2} AB^2 = \frac{3\sqrt{3}}{2} 2^2 = \frac{3\sqrt{3}}{2} \cdot 4 = 6\sqrt{3} \text{ см}^2$$

Екі жазықтық арасындағы бұрышты табу үшін, 6-суреттен 8-суреттегідей бөлігін жазықтықта бейнелеп алуымыз керек.



Сурет 8.

Есебімнің нәтижесін алуға бұл тік бұрышты үш бұрыштан $\angle DDB_1$ сүйір бұрышының косинусын табуыма тура келеді. Ол үшін тікбұрышты үшбұрыштың екі катетінің, гипотенузасының мәні керек.

Катеттері: $BD = 2\sqrt{3}$ см; $DD_1 = 2$ см.

Гипотенузасы: Пифагор теоремасын қолданып

$$BD_1 = \sqrt{BD^2 + DD_1^2} = \sqrt{(2\sqrt{3})^2 + 2^2} = \sqrt{12 + 4} = \sqrt{16} = 4 \text{ см.}$$

$$\cos(\angle DBD_1) = \frac{BD}{BD_1} = \frac{2\sqrt{3}}{4} = \frac{\sqrt{3}}{2}$$

Осы табылған мәндерді пайдаланып, $S^1 = S \cdot \cos \varphi$ формуласын қолданып ізделінді ауданды табамыз.

$$S^1 = S_{\text{дұрыс алтыбұрыш}} \cdot \cos(\angle DBD_1)$$

$$S_{\text{кима}} = S^1 = 6\sqrt{3} \cdot \frac{\sqrt{3}}{2} = 9 \text{ см}^2$$

Жауабы: 9 см²

Сонымен, қорытындылай келе, геометриядағы жазықтықтағы немесе кеңістіктердің фигураларын бейнелеу, оларды түсіндіру мәселесі тікелей көрнекіліктермен жүзеге асады. Көрнекіліктер қатарына заман талабына сай интерактивті тақта да кіреді. Оқыту процесі дедуктивті әдіспен қоса эмперикалық әдісті де қамтиды. Геометриялық фигураларды оқыту тікелей олардың бейнесімен жете танысудан басталады. Олардың пішіндеріндегі ерекшеліктерге сай анықтамалар мен заңдылықтары да тұжырымдалады. Яғни кеңістіктегі денелерді жазықтық бетінде бейнелеудің әдістерін пайдалануда, кеңістік денелерін көз алдымызда елестету маңызды, сол елестету бойынша әр бөлігін жазықтық фигураларының бірі ретінде қарастыруымыз керек. Есеп шығаруда осыларды ескеру, есептің нәтижесіне дұрыс әрі жылдам жетуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Геометрияны оқыту әдістемесі (планиметрия): оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2013. – 346 б.
- 2 Бекбоев И. Геометрия: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 7-сынып мұғалімдеріне арналған құрал, 2007. – 88 б.
- 3 Назарбек М. Жазықтықтағы және кеңістіктегі фигураларды бейнелеудің параллель проекциялау әдісі // «Central Asian Scientific Journal». №2(21), 2024. – 33-45 б.
- 4 Смирнов В.А., Тұяқов Е.А. Геометрия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 200 б.

ҒТАМР 27.01.45

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ КӨРСЕТКІШТІК ЖӘНЕ ЛОГАРИФМДІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. Нұрқожа

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

А.А. Тенгаева

Ғылыми жетекші, ф.-м.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептердің «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтарындағы көрсеткіштік және логарифмдік функцияларды оқыту мазмұны мен әдістемелік тәсілдері, негізгі қасиеттері мен графиктерін түсіндіру ерекшеліктері қарастырылды.

Түйін сөздер: көрсеткіштік функция, логарифмдік функция, функцияның қасиеттері, графиктер, оқыту әдістемесі.

Орта мектептің математика курсы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда ерекше орын алады. Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар – бұл курстың маңызды бөліктерінің бірі. Олар математикалық білімнің жалпылау, тереңдету және қолданбалы есептерді шешу дағдыларын дамыту мақсатында зерттеледі.

Көрсеткіштік және логарифмдік функцияларды оқытуда түрлі авторлардың оқулықтары өзіндік ерекшеліктерімен, әдістемелік ұстанымдарымен ерекшеленеді. Материалдарды әртүрлі тәсілдермен ұсыну оқушылардың математикалық ойлауын дамытуға, теорияны практикалық есептермен байланыстыруға және оқу процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жалпы білім беретін мектепте көрсеткіштік және логарифмдік функциялар туралы материалдардың әртүрлі оқулықтарда берілген мазмұнын, талдауын және негізгі қасиеттері мен графиктерін түсіндіруін, осы тақырыпты мектепке енгізудің ең қолайлы әдістемесін қалыптастыру мақсатын қарастырайық.

«Алгебра және анализ бастамалары» 11-сынып [1] оқулығы 8 тараудан тұрады. Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар 6-тарауда оқытылады. Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі тақырыбын бастамас

бұрын оның ғылым мен техникада қолданылуына 3 мысал келтірілген. Олардың біреуі:

Теңіз деңгейімен салыстырғанда h биіктіктің артуына қарай p атмосфералық қысым $p = p_0 a^h$ заңы бойынша өзгереді, мұндағы p_0 – теңіз деңгейіндегі қысым, a – тұрақты шама.

Осындай мысалдарды келтіре отырып, $y = a^x (a \neq 1; a > 0)$ көрсеткіштік функциясына анықтама береді. Әрі қарай, автор олардың графиктерін құру және талдау үшін екі функцияның мысалын қарастырады және графиктерді пайдалана отырып көрсеткіштік функциясының қасиеттерін көрсетеді:

1) $y = a^x, a \neq 1, a > 0$ функциясының анықталу облысы барлық нақты сандар жиыны; мәндер жиыны $(0; +\infty)$;

2) Барлық $y = a^x$ көрсеткіштік функцияларының ($a > 1$ немесе $0 < a < 1$ екеніне тәуелсіз) графиктері $(0; 1)$ нүктесінен өтеді, өйткені $a^0 = 1$;

3) $a > 1$ болғанда көрсеткіштік функция барлық нақты сандар жиынында өспелі және $x > 0$ болса, онда $a^x > 1$, ал $x < 0$ болса, онда $a^x < 1$;

$0 < a < 1$ болғанда көрсеткіштік функция барлық нақты сандар жиынында кемімелі және $x < 0$ болса, онда $a^x > 1$, ал $x > 0$ болса, онда $a^x < 1$;

4) Егер $a > 1$ болса, онда a – ның артуына байланысты $y = a^x$ функцияның графигі тез өседі; егер $0 < a < 1$ болса, онда a – ның кемуіне байланысты $y = a^x$ функцияның графигі тез кемиді.

Тақырыпты зерттеудің соңында үш мысал, А деңгейіндегі 6 есеп, В деңгейіне 7 есеп, С деңгейіне 5 есеп және қайталау есептеріне 3 есеп берілген.

Тараудың екінші параграфы санның логарифмі және оның қасиеттеріне арналған. Параграфты оқыту санның логарифмі $\log_a b = x$ ұғымын енгізуден басталады және логарифмнің негізгі тепе-теңдігін $a^{\log_a b} = b$ береді. Содан кейін авторлар логарифмнің негізгі қасиеттерін көрсетеді:

1) Негізі a (a – кез-келген оң сан) болатын a санының логарифмі 1-ге тең: $\log_a a = 1$;

2) Негізі a болатын 1 санының логарифмі 0-ге тең: $\log_a 1 = 0$;

3) Екі немесе бірнеше оң сандардың көбейтіндісінің логарифмі көбейткіштердің логарифмдерінің қосындысына тең: $\log_a bc = \log_a b + \log_a c$;

4) Қатынастың немесе бөлшектің логарифмі алымының логарифмі мен бөлімінің логарифмінің айырымына тең: $\log_a \left(\frac{b}{c}\right) = \log_a b - \log_a c$;

5) Дәреженің логарифмі дәреже көрсеткішін дәреже негізінен алынған логарифмге көбейткенге тең: $\log_a b^n = n \log_a b$;

6) Жаңа негізге көшу формуласы: $\log_a x = \frac{\log_b x}{\log_b a}$.

Келесі параграф логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі болып табылады. Бұл параграфта логарифмдік функция $y = \log_a x$ анықтамасы және оның негізгі қасиеттері берілген:

1) Анықталу облысы облысы оң сандар жиыны, яғни R_+ ;

2) Мәндер жиыны барлық нақты сандар жиыны, яғни R ;

- 3) $a > 1$ болғанда функция өседі, $0 < a < 1$ болғанда функция кемиді;
- 4) Функция өзінің анықталу облысында үзіліссіз.

Логарифмдік функция графигін екі функцияның мысалын бере отырып қарастырады. Параграф соңында екі мысал берілген. Ал деңгейлік тапсырмаларға А деңгейіндегі 7 есеп, В деңгейіне 5 есеп, С деңгейіне 6 есеп берілген [1].

«Алгебра және анализ бастамалары» 11-сынып [2] оқулығы екі бөлімнен тұрады, мазмұны бойынша 9 тарауға бөлінген. Көрсеткіштік және логарифмдік функция 6 тарауда оқытылады. Ол оқулықтың екінші бөлімінің бірінші тарауы болып табылады. Бұл тарау алдыңғы оқулықпен бірдей мазмұндағы параграфтарды қамтиды, тек осы тараудың соңғы параграфы көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралы және логарифмдік функцияның туындысы бөлек параграфтарға бөлініп оқытылады.

Бірінші параграф көрсеткіштік функция, оның қасиеттері мен графигі көрсеткіштік функцияның өмірде қолданылуына анықтама беруден басталады. Әрі қарай көрсеткіштік функция анықтамасы $y = a^x$ және оның қандай қасиеттері бар екені талданып, дәлелдеуімен қасиеттері берілген:

1. Көрсеткіштік функцияның анықталу облысы: $(-\infty; +\infty)$.
2. $(0; +\infty)$ жиыны – көрсеткіштің функцияның мәндерінің облысы, яғни $a^x > 0, x \in (-\infty; +\infty)$ теңсіздігі орындалады.
3. Егер $a > 1$ және $x > 0$ болса, онда $a^x > 1$;
4. егер $a > 1$ және $x < 0$ болса, онда $a^x < 1$;
5. егер $a < 1$ және $x > 0$ болса, онда $a^x < 1$;
6. егер $a < 1$ және $x < 0$ болса, онда $a^x > 1$;
7. егер $a > 1$ және $x = 0$ болса, онда $a^0 = 1$.

Егер $a > 1$ болса, онда $y = a^x$ көрсеткіштік функциясы өспелі, яғни $x_1 < x_2$ теңсіздігін қанағаттандыратын әрбір x_1 және x_2 нақты сандары үшін $a^{x_1} < a^{x_2}$ теңсіздігі орындалады.

Егер $0 < a < 1$ болса, онда $y = a^x$ көрсеткіштік функциясы кемімелі, яғни $x_1 < x_2$ теңсіздігін қанағаттандыратын әрбір x_1 және x_2 нақты сандары үшін $a^{x_1} > a^{x_2}$ теңсіздігі орындалады.

Көрсеткіштік функция графигін құру және талдау үшін екі функцияның мысалы қарастырылған. Параграф соңында e саны, негізі e -ге тең көрсеткіштік функция атты тақырыпшасы бөлініп, $e \approx 2,7183$ мәні берілген және осы тақырып барысында оқушыларға практикалық тапсырма ұсынылған. Көрсеткіштік функцияның практикада қолданылуына бес мысал қарастырған, мысалы: қайнаған шәйнектегі суды токтан өшіре салысымен ол алғашқыда тез суиды, уақыт өте оның суу жылдамдығы азаяды. Оның суу температурасы мына формуламен есептеледі:

$$T = (T_1 - T_0)e^{-kt} + T_1.$$

Тақырыптың соңында А деңгейіндегі 5 есеп және 3 практикалық тапсырмалар, В деңгейіне 6 есеп және 2 практикалық тапсырмалар, С деңгейіне 4 есеп және қайталау есептеріне 4 есеп енгізген.

Келесі параграфта санның логарифмі және оның қасиеттері зерттеледі. Осылайша санның логарифміне толық анықтама беріледі. Әрі қарай оқулықта логарифмнің негізгі тоғыз қасиеті қарастырылып, дәлелдеулерімен беріледі.

Логарифмдік функция, оның қасиеттері мен графигін оқытуды логарифмдік функция ұғымын енгізуден бастайды, одан кейін логарифмдік функцияның негізгі қасиеттеріне тоқталады:

1) Логарифмдік функцияның анықталу облысы – барлық оң сандар жиыны R^+ : $D(\log_a x) = (0; +\infty)$.

2) Логарифмдік функцияның мәндерінің облысы – барлық нақты сандар жиыны R : $(-\infty; +\infty)$.

3) Егер $a > 1$ болса, онда $y = \log_a x$ логарифмдік функциясы өспелі.

4) Егер $0 < a < 1$, $y = \log_a x$ логарифмдік функциясы кемімелі.

5) Негіздері бірдей логарифмдік $y = \log_a x$ және көрсеткіштік $y = a^x$ функцияларының графиктері I және III координаталық ширектердің биссектрисасы $y = x$ түзуіне қарағанда симметриялы.

Келесі кезекте логарифмдік функцияның графиктері мысалдармен қарастырылады және натурал логарифмдік функция графигі беріледі. Параграф соңында қосымша электрондық ресурстарға сілтеме жасалған [2].

Көрсеткіштік және логарифмдік функцияларды 11-сыныпта оқыту оқушылардың дайындық деңгейіне сай келеді [2] еңбегінде авторлар функцияларды практикалық есептермен және топтық жұмыстармен байланыстыруға көбірек мән береді [1] еңбегінде бұл тақырып теориялық тұжырымдамалардың логикалық түрде баяндалуымен және ғылыми практикалық мысалдарды қарастырумен ерекшеленеді.

Қорытынды.

Көрсеткіштік және логарифмдік функцияларды оқыту – мектеп математикасының маңызды бөлігі, себебі бұл тақырыптар оқушыларға нақты ғылымдарда кездесетін процестерді сипаттауға және зерттеуге мүмкіндік береді.

Функциялардың анықталу облысы, мәндер жиыны, графиктері мен қасиеттері толық қамтылып, теориялық тұжырымдамалардың логикалық түрде баяндалуы арқылы жүйелі түрде түсіндірілуі оқушыларға негізгі идеяларды тереңірек түсініп, оларды практикада қолдану жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға және тақырыпты жан-жақты меңгеруге жағдай жасайды.

Көрсеткіштік және логарифмдік функцияларды оқытуда тиімді әдістемелік тәсілдерді біріктіру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, математикадағы күрделі тақырыптарды игеру деңгейін жоғарылатуға болады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Әбілқасымова А.Е., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра және анализ бастамалары, 11-сынып. 2020. – 236 б.
- 2 Шыныбеков Е.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жумбаева Р.Н. Алгебра және анализ бастамалары, 11-сынып, 2-бөлім. 2020. – 142 б.
- 3 Вишнякова А.А. Методика изучения показательной и логарифмической функций в общеобразовательной школе. НИУ «БелГУ», 2018. – 42 с.
- 4 Жұматай С.Қ. «Мектеп математика курсында функцияны оқытудың мақсаттары» диссертациялық жұмыс. 2023. – 52 б.

ҒТАМР 27.01.45

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ СЫНЫПТАРДА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

М.К. Әшірбек

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

А.А. Тенгаева

Ғылыми жетекші, ф.-м.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарда дифференциал теңдеулерді оқыту қарастырылды. Оқушылардың болашақ өмірде дифференциал теңдеулерді қолдану мысалдары, математикалық тапсырмаларды визуализациялау, сыныптағы топтық жұмыстың маңыздылығы және дифференциал теңдеулерді шешуде туынды мен алғашқы функцияны анықтау маңызды екені көрсетілді.

Түйін сөздер: дифференциал теңдеулер, жаратылыстану-математикалық бағыт, топтық жұмыс, жеке оқыту, сабақтастық, туынды, алғашқы функция.

Жалпы білім беретін мектепте және қосымша білім беру шеңберінде математиканы оқытудың өзара байланысы сабақтастық пен оның қағидатын жүзеге асыру құралы ретінде әрекет етеді. Дифференциалдық теңдеулер теориясының элементтерін жоғары сынып оқушылары жанама түрде пайдаланады. Мысалы, физика курсында мектеп оқушылары бірқалыпты үдемелі қозғалысты қарастыру кезінде дифференциалдық теңдеуді интегралдау нәтижелерімен кездеседі [1]. Математика, физика, биология, химия, экономика және т.б. сияқты басқа салалардағы есептердің үлкен саны дифференциалдық теңдеулерді құрастыруға және оларды шешуге әкеледі. Ең қарапайым дифференциалдық теңдеулер аналитикалық жолмен шешіледі, бірақ практикалық дифференциалдық теңдеулердің көпшілігі әлі де классикалық теорияға негізделген сандық шешімді қажет етеді.

2019 жылы елімізде «Дифференциалдық теңдеулер» бөлімі жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сыныптың «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін оқыту бағдарламасына қосылды [2]. Дифференциалдық теңдеулер мектепте игерілетін негізгі білім, сонымен қатар теңдеулерді меңгерудің соңғы кезеңі бола отырып, мектеп математика курсына міндетті

түрде енгізілу керек, себебі техникалық, жаратылыстану-математикалық мамандықтардан басқа мамандықтарда оқитын студенттер теңдеулердің мұндай түрі бар екенін білмейді. Мектепте теңдеулердің барлық түрлерін шешуді үйретпесе де, оқушыларға шешу тәсілдері туралы түсінік беру және оларды негізгі ережелер мен әдістермен таныстыру маңызды.

Дифференциалдық теңдеулерді оқытудағы негізгі мәселелер:

1. Дифференциалдық теңдеулермен таныстыру;
2. Өмірде қолдану үлгілері;
3. Көрнекілік, интерактивті әдістер;
4. Топтық жұмыс және талқылау;
5. Жеке оқыту.

Әртүрлі мамандықтағы мамандар өз жұмыстарында дифференциалдық теңдеулерді қолданатынын көрсету үшін өмірден алынған мысалдардан бастауға болады. Қолдану салаларын тізгенде болашақ мамандығын таңдайтын жоғары сынып оқушылары өздері үшін жаңа мамандықтарды меңгеріп, оларға қызығушылық танытуы маңызды. Бұл студенттерге мұндай теңдеулерді өмірде қолданудың кең ауқымын түсінуге көмектеседі. Мысалы, материяның ыдырауы немесе популяцияның өсуі сияқты қарапайым сценарийлерді пайдалану материалды күнделікті өмірге жақындата алады. Дифференциалды теңдеулер шаштың өсу динамикасын, энергияның, ақпараттың алмасуын және уақыт пен кеңістікте өзгертін көптеген басқа шамаларды сипаттауға мүмкіндік береді. Мұндай қызықты фактілер мектеп оқушыларын оңай қызықтыруы мүмкін, мүмкін олар әртүрлі көздерден ақпаратты өздігінен іздей бастайды. Осылайша, мектеп оқушыларының математиканы не үшін оқуы керек және оның өмірде қай жерде пайдалы болуы мүмкін деген кең таралған сұрағына жауап табылады.

Дифференциалдық теңдеулерді оқытуда көрнекілік пен интерактивті әдістерді қолдану маңызды рөл атқарады. Графиктер, анимация және компьютерлік бағдарламалар материалды қолжетімді етеді, функциялар мен шешімдердегі өзгерістерді елестетуге көмектеседі, осылайша оқушылардың қызығушылығын оятады, теңдеулермен тәжірибе жасауға, өзгерістерді және олардың шешімге әсерін бақылауға болады. Дифференциалдық теңдеудің шешімін визуализациялау мектеп оқушыларына күрделі процестер мен құбылыстарды жақсы түсінуге мүмкіндік береді, бұл айнымалы мәндерге байланысты шешімді өзгертудің нақты нәтижесі. Сабақта компьютерлік технологияны қолдану математика мен информатиканың өзара әрекеттесуінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді, мысалы, бағдарламашылар математиканы жақсы білуі керек; Жарқын, әдеттен тыс пішінді графика да қызығушылық тудырады, олардың қалай өзгертінін зерттеу қызықты болады.

Оқушыларды топтық жұмысқа және талқылауға тарту материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді. Проблемаларды шешудің әртүрлі әдістерін талқылау, қателерді талдау, пікір алмасу оқушылардың өз бетінше ойлауына, сыни тұрғыдан ойлануына ықпал етеді. Өзара көмек атмосферасын құру оқушыларға бір-бірінен үйренуге, идеяларды қабылдауға және оларды

дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің көпшілігі интернетте уақыт өткізуді ұнататын кезде коммуникативті дағдыларды дамыту маңызды. Топтық жұмыстың арқасында сыныптағы психологиялық ахуал жақсарады, балалар талқылауға ортақ тақырыптарды табады. Топпен жұмыс істеудің үлкен маңызы бар, ол танымдық белсенділікті арттырады, белсенді диалогты бастайды, білімді өнімді және шығармашылықпен меңгеруге итермелейді.

Оқушылардың шеберлік деңгейлері әртүрлі болуын ескере отырып, қосымша көмек қажет ететін оқушыларға жекелей және қосымша материалдарды ұсыну маңызды. Анықтама қосымша сабақтарды, жеке кеңестерді немесе онлайн ресурстарды қамтуы мүмкін. Жалпы білім беретін мектептерде стандартты сыныптарда қолданылатын сынып ішілік даралауды қарастырайық. Әдетте, мұндай тәсілді орташа сабақ шеңберінде жүзеге асыру қиын, ондай жағдайда деңгейлеп саралауды қолдануға болады [3]. «Дифференциалдық теңдеулер» бөлімі бойынша сабаққа дайындалу кезінде әртүрлі күрделіліктегі тапсырмаларды таңдауға болады. Жақсы оқитын оқушыларға күрделі тапсырмаларды, ал үлгерімі төмен оқушыларға жеңіл бірақ көп мөлшерде есеп бере аламыз.

Мектеп оқушыларының әртүрлі деңгейдегі есептерді шығару мүмкіндігі бар. Әдетте оқулықта есептер үш деңгейге бөлініп беріледі. Олар А, В, С деңгейлері.

1. А деңгейлі есепке мысал келтірсек [5]:

$y' = x$ теңдеуінің жалпы шешімін табыңыз.

$$y' = \frac{\partial y}{\partial x} = x$$

$$\partial y = x \partial x$$

$$\int \partial y = \int x \partial x$$

$$y = \frac{x^2}{2} + C$$

Жауабы: $y = \frac{x^2}{2} + C$

2. В деңгейлі есеп [5]: $y(0) = 2$ шарты бойынша $2y' = y^{-1} \cos x$ дифференциалдық теңдеуінің дербес шешімін табындар.

$$y' = \frac{\partial y}{\partial x} 2 \frac{\partial y}{\partial x} = y^{-1} \cos x$$

$$2ydy = \cos x dx$$

$$\int 2ydy = \int \cos x dx$$

$$y^2 = \sin x + C$$

$$2^2 = \sin 0 + C \quad C = 4$$

$$y = \pm \sqrt{\sin x + 4}$$

Жауабы: $y = \pm \sqrt{\sin x + 4}$

3. *C деңгейлі есеп [5]:* Қатты дене температурасы 20°C бөлмеде 100°C -тан 60°C -қа дейінгі температурада 20 мин-та суиды. Дененің суу заңдылығын табыңдар. Бөлмедегі температура тұрақты. Ньютон заңы бойынша суу жылдамдығы температураның айырмашылығына тең. Қанша уақытта дене 30°C -қа дейін суиды?

$$T' = k \cdot (T - T_0) \quad T_0 = 20^\circ\text{C}$$

$$\frac{dT}{dt} = k \cdot (T - 20) \quad dT = k \cdot (T - 20) dt$$

$$\int \frac{dT}{(T - 20)} = \int k dt$$

$$\ln|T - 20| = kt + \ln C \quad T - 20 = e^{kt + \ln C}$$

$$T = 20 + e^{kt} \cdot e^{\ln C} = 20 + C e^{kt}$$

$$T(0) = 100^\circ\text{C} \quad T(20) = 60^\circ\text{C} \quad T(t) = 30^\circ\text{C} \quad t = ?$$

$$100 = 20 + C e^{k \cdot 0} \rightarrow C = 80$$

$$60 = 20 + 80 e^{k \cdot 20} \rightarrow 40 = 80 e^{20 \cdot k}$$

$$\ln \frac{1}{2} = \ln e^{20 \cdot k} \quad \ln \frac{1}{2} = 20 \cdot k$$

$$k = \frac{1}{20} \cdot \ln 2^{-1} = -\frac{1}{20} \cdot \ln 2$$

$$T = 20 + 80 \cdot e^{-\frac{1}{20} \ln 2 \cdot t} = 20 + 80 \cdot 2^{-\frac{t}{20}}$$

$$30 = 20 + 80 \cdot 2^{-\frac{t}{20}} \quad 10 = 80 \cdot 2^{-\frac{t}{20}} \quad \frac{1}{8} = 2^{-\frac{t}{20}} \quad 2^{-3} = 2^{-\frac{t}{20}}$$

$$-3 = -\frac{t}{20} \quad t = 60 \text{ мин}$$

Жауабы: 60 мин.

Мектепте дифференциалдық теңдеулерді оқытудың маңызы қандай? Дифференциалдық теңдеулер тақырыбы туынды және алғашқы функция тақырыптарының жалғасы болып табылады. Демек дифференциалдық теңдеулер тақырыбын мектеп қабырғасында қарастырмайтын болсақ, бұл мектептегі және орта арнаулы және жоғары оқу орындарындағы алгебра пәнінің әдістемелік желісі арасындағы сабақтастықты бұзады. Оның үстіне дифференциалдық теңдеулер туралы ең аз дегенде қарапайым концептуалды білімнің және қарапайым теңдеулерді шешу қабілетінің болмауы физикадағы теориялық және практикалық материалды игеруге кедергі келтіреді. Мысалы, бірінші жартыжылдықта 9-11 сынып оқушылары физиканың «Кинематика» бөлімін оқиды. Бұл бөлімде «лезде» ұғымына ерекше рөл беріледі: лездік жылдамдық, лездік жеделдету [3]. Бұл координаталардың өзгеру жылдамдығын немесе нөлге ұмтылған уақыт аралығындағы координаталар өзгеру жылдамдығының өзгеру жылдамдығын сипаттайтын шамалар. Дифференциалдық теңдеулерді енгізу арқылы жоғары және орта арнаулы оқу орындарына түсу кезеңінде сабақтастық пайда болады және жүйелілік сақталады. Әдетте техникалық университеттердің бірінші курс студенттері жоғары математикаға байланысты пәндер бойынша бағдарламаны меңгеруде және физика, химия, биология, статистика, экономика және басқа да көптеген пәндер бойынша қолданбалы есептерді шешуде қиындықтарға тап болады. Үлгермеушілік 10-11 сыныптарда алгебра бағдарламасы бойынша теориялық материалды меңгеруде сабақтастықтың бұзылуынан қалыптасады.

Қорытынды.

Білім беру оның ішінде оқыту әдістемесі саласында күннен күнге жаңашылдықтар пайда болып жатқандықтан мектеп бағдарламасына әртүрлі өзгерістер енгізілуде. Оның бірі ретінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптың «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығында дифференциалдық теңдеулер тақырыбының тарау ретінде мектеп бағдарламасына енгізілгенін айта аламыз. Дифференциалдық теңдеулер ғылымның көптеген салаларындағы іргелі принциптерді түсіну үшін маңызды және бүкіл әлемде кең қолдану аясына ие. Математиканың бұл саласы физика, биология, экономика және қазіргі өмірдің көптеген басқа салаларындағы құбылыстарды түсіну үшін ерекше маңызды. Математиканы оқу аналитикалық

ойлау қабілеттерін дамытуға, есептерді шығармашылықпен шешуге және нақты жағдайларда математикалық әдістерді қолдануға көмектеседі. Мектепте дифференциалдық теңдеулерді оқыту оқушыларды одан әрі білім алуға және болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындайды. Мектеп бағдарламасына дифференциалдық теңдеулерді енгізу жаңа ұрпақты тәрбиелеудегі маңызды және орынды қадам болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Ануарбекова А.Х. Дифференциалдық теңдеулер теориясының элементтері қосымша білім беру жүйесінде // Развитие науки в современном мире. Статья в сборнике трудов конференции. 2021. – 7-12 б.

2 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы.

3 Андреевна Ш.С. Преподавание дифференциальных уравнений в старшей школе Казахстана // Педагогические науки. 2024. – 99-104 б.

4 Раянова Д., Фролова У., Воистинова Г. Индивидуализация обучения на уроках математики в школе // Вопросы науки и образования. 2021. №3 (128). – 5-14 б.

5 Әбілқасымова А.Е. Алгебра және анализ бастамалары: 11 сыныпқа арналған оқулық. – М.: Мектеп. – 2019. – 254 б.

ҒТАМР 14.07.09

ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН СЫНЫПТАРДА ПЛАНИМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУДЫҢ СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ӘДІСТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

М.А. Муратбекова

*PhD, аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан қ.*

Л.М. Зұлғар

*Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ.*

Бұл жұмыста логикалық ойлау деңгейін арттыруға, сондай-ақ оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға қарастырылған. Стандартты емес есептерді шешу үшін жалпы ережелер мен формулаларға қарап шығармаймыз, оларды шешудің нақты бағдарламасын анықтау қолданылған. Көбінесе күрделілігі жоғары есептерді шешкенде әдістер араласып кетеді. Күрделілігі жоғары есептерде шарт бар, ол оқушыларға мәселені шешу үшін қажетті математикалық аппаратты анықтауға көмектесетіні көрсетілген.

Түйін сөздер: геометрия, планиметрия, үшбұрыш қабырғалары, стандартты емес геометриялық есептер.

Геометрия қиындығы жоғары пән болып саналады. Оның алгебрамен салыстырғанда алгоритмі басқаша. Геометрияда әрбір берілген тапсырманы әртүрлі әдістерді қолдана отырып, бірнеше жолмен шешуге болады. Демек, геометрия пәні оқушылардың ақыл-ойының икемдігін, ойлау жүйесімен сындарлы қабілеттерін дамытуға, олардың бойындағы логикалық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді.

Біз математика әсіресе оның ішінде геометрия сабақтарында жиі еститініміз: стандартты емес есеп, стандартты емес жағдай, стандартты емес тәсіл, стандартты емес шешім. Және осы ұғымдар туралы әртүрлі авторлардың өзіндік көзқарастары бар.

Б.А. Кордемский стандартты емес есептердің басқа атауын – сыныптан тыс математикалық есептер деп қолданды. Ол бұл «математиканы жүйелі оқу процесінде оқушылар шешетіндерге қосымша бірегей есептер жинағы» – деп жазды.

И.Ф. Шарыгин өз кітабының алғысөзінде: «...кітапта жоғары деңгейдегі тапсырмалар бар, бұл деңгейді шығармашылық деп атаймыз», – деп жазды. Ол бұл тапсырмаларды проблемалар деп атады.

Л.М. Лоповок тапсырмаларды атқаратын рөліне қарай репродуктивті, белгілі алгоритмі бар тапсырмалар және проблемалық деп бөледі. «Проблемалық тапсырмада шешімі бастамас бұрын оны шешу алгоритмі бізге белгісіз болуымен сипатталады, тіпті біздің біліміміз бен дағдыларымыз тапсырманы орындау үшін жеткілікті ме, жоқ па, оны анықтау қиын. Негізгі міндет-шешімін табу. Берілген тапсырманың проблемалық немесе нақты оқушыға қатысты еместігін, мәселе қойылған кездегі оның білімі мен дағдысын ескере отырып ғана анықтауға болатынын есте ұстаған жөн». Бұл сөзі арқылы Л.М.Лоповок оқушының есепті шешу алгоритмін білуі немесе білмеуі шартты нәрсе екендігін яғни кейбір стандартты емес мәселені шешуде оқушының технологиялық ерекшеліктерін атап өту маңызды екендігін айтқан.

Е.В. Галкин стандартты емес тапсырмалар әдеттен тыс тұжырымдалған, кейде жеткілікті түрде жан-жақты шешімі бар, бірақ олардың жағдайын түсіну үшін елеулі психикалық күш-жігерді қажет ететіндігін тұжырымдаған.

Біз «стандартты емес» түсінігінде көптеген ғалымдардың өзіндік түсіндірмелерін қарастырдық. Бұл түсіндірмелер бізге осы тақырып төңірегінде ой қалыптастыруға септігін тигізеді.

Л.М. Фридман өзінің кітабында былай деп жазған: «...көптеген көрнекті математиктер мен мұғалімдер стандартты емес есептерді шығарғанда ұстануға тиісті бірқатар жалпы нұсқаулар-ұсыныстар тапты. Бұл нұсқаулар-эвристикалық ережелер деп аталды».

Л.М. Фридман стандартты емес математикалық есептің шешімін іздеу кезінде орындалуы керек келесідей шарттарды ұсынады:

1. Тапсырманы оқығаннан соң сізге нақты нені анықтау керектігін және берілген тапсырма қай түрге жататындығын анықтау;

2. Егер тапсырма стандартты емес болса:

а) тапсырмадан оқшаулау немесе оны стандартты түрдегі қосалқы тапсырмаларға бөлу (бөлу әдісі);

б) шартқа көмекші элементтерді енгізу: көмекші параметрлер, көмекші конструкциялар (көмекші элементтер әдісі);

в) оны қайта тұжырымдау, оны басқа баламалы тапсырмалармен ауыстыру (модельдеу әдісі);

3. Бұл әдістерді жүзеге асыруды жеңілдету үшін алдымен есептің көрнекі көмекші моделін және оның схемалық белгіленуін құрастырған тиімді.

Стандартты емес есептерді шешу-есептерді шешуге арналған әрекеттерді терең үнемі интроспекциялау және әртүрлі есептерді шешуге үнемі жаттықтыру нәтижесінде ғана игерілетін өнер.

Ю.М. Колягин кітабында былай деп жазады: «есептің стандартты емес сипаты көбінесе мәселенің шешіміне емес, осыған ұқсас мәселені бұрын шешкеніңізге байланысты. Стандартты емес есепті сәтті шешу үшін, ең алдымен, ойлау және болжай білу керек. Бірақ бұл жеткіліксіз. Әрине, әдеттен

тыс мәселелерді шешуде білім де, тәжірибе де қажет. Шешімдерге белгілі бір жалпы көзқарастың болуы да пайдалы».

Профессор И.М. Смирнов өзінің кітабында былай деп жазды: «Стандартты емес есептерді шешумен геометрияны зерттеудің ең басынан бастап оны аяқтағанға дейін айналысу керек, бұл логикалық ойлаудың дамуына, геометриялық түсініктердің қалыптасуына, геометриядан білімдерін кеңейтуге және тереңдетуге көмектеседі».

«Үшбұрыштардың ұқсастығы» тақырыбына байланысты стандартты емес тапсырмалардың классификациясы. Алдымен тақырып бойынша тапсырмалар жүйесін қарастырып, екі нәрсені жасауға тырыстық:

- 1) стандартты емес тапсырмаларды стандартты тапсырмалардан ажырату;
- 2) біз анықтаған стандартты емес тапсырмаларды жіктеу.

Сонымен қатар «екі ұқсас үшбұрыштар берілген» деп жазылған есептер стандартты.

Мысалы стандартты емес есепке:

1. Әртүрлі үшбұрыштар бейнеленген фигуралар бар есептер және олардың арасында ұқсас үшбұрыштарды көру керек, кейде бұл анық, ал кейде бұл мәселе.

2. Ұқсас үшбұрыштар жоқ, бірақ оларды құрастыру керек есептер, ал оларды құрастыру үшін кейбір есептерді алға қойып шешу керек.

3. Ұқсас үшбұрыштар көмегімен шешілетін екі нүктенің арақашықтығын анықтауға арналған практикалық есептер және олар не үшбұрыш сызбасындағы мәліметтерден көрінуі керек, не салынуы керек.

4. Кез келген кесінділердің теңдігін немесе теңсіздігін анықтау үшін ұқсас үшбұрыштарды көру немесе салу қажет болатын есептер.

5. Кейбір тапсырмаларды шешу үшін үшбұрыштар ұқсастығының стандартты емес белгілерін қолдану қажет:

Тапсырма. Дәлелдеңіз, егер

$$\angle A = \angle A_1 \text{ және } \frac{AB}{A_1B_1} = \frac{AC+CB}{A_1C_1+C_1B_1} \text{ болса}$$


$\triangle ABC$ мен $\triangle A_1B_1C_1$ үшбұрыштарының ұқсас екенін.

Жоғарыда келтірілген классификация есептерді шешу жолын ұсынады.

Ал енді 8-сынып бойынша тереңдетілген сыныптарда планиметрия тарауындағы стандартты емес есептерді қарастырып өтейік. Мысалы, $AD = AB + CD$ шартымен $ABCD$ дөңес төртбұрышы берілген. A бұрышының биссектрисасы BC қабырғасының ортасынан өтеді.

D бұрышының биссектрисасы да BC қабырғасының ортасынан өтетінін дәлелдендер.

Шешуі:




$AK = AB$ болатындай AD -дан K нүктесін аламыз. Сонда $BK \perp AO$ болады. Ендеше $BO = OC = KO$ болады. Енді $KD = AD - AK = AD - AB = CD$. Олай болса $OC DK$ – дельтоид. Осыдан OD $\angle KDC$ бұрышының биссектрисасы екендігі шығады.

№2 есеп.

L және K сәйкесінше $ABCD$ тіктөртбұрышының AB және BC қабырғаларының орталары, ал P – CL және AK кесінділерінің қиылысы. $\angle KPC = 30^\circ$ екені белгілі болса, $\angle LDK$ бұрышын табындар.

Шешуі:




LC – ға параллель AQ жүргіземіз. Сонда, $\angle KAQ$ бұрышы мен $\angle KDL$ бұрышы өзара тең болады. $\angle KPC$ бұрышы мен $\angle KAQ$ бұрышы өзара тең болғандықтан $\angle KAQ$ бұрашы мен $\angle KDL$ бұрышы тең. Ендеше $\angle KDL = 30^\circ$.

9-сынып бойынша тереңдетілген сыныптарда планиметрия тарауындағы стандартты емес есептерінен де есептер келтірейік.

№3 есеп.

$ABCD$ ($AB \parallel CD$) теңбүйірлі трапецияның диагональдары O нүктесінде қиылысады. P, Q, R нүктелері – AO, DO, BC кесінділерінің орталары. $\angle AOB = 60^\circ$ тең болса, онда $\square PQR$ теңбүйірлі үшбұрыш екендігін дәлелдеңдер.

Шешуі:



Берілгені: $AD = CB$, $DC \parallel AB$ $AP = PO$, $PQ = QO$, $CR = RB$, $\angle AOB = 60^\circ$.


Дәлелдеу керегі: PQR теңбүйірлі үшбұрыш

Дәлелдеу: $\triangle DOC$ теңқабырғалы үшбұрыш. Осыдан $QC \perp DO$. Ендеше CQB тік бұрышты үшбұрыш. Сонда $QR = RB = \frac{1}{2}CB = \frac{1}{2}AD = PQ$.

№4 есеп.

ABC үшбұрышының K және P нүктелері BH биіктігінің H нүктесі AB және BC қабырғалары бойынша симметриялы. AB және BC қабырғаларымен (немесе олардың жалғасымен) KP кесіндісінің қиылысу нүктелері ABC үшбұрышының биіктіктерінің табандары екенін дәлелдеңдер.

Шешуі:



$\angle BCA = \alpha$, $\angle BAC = \beta$ болсын. $\triangle BKP$ – теңбүйірлі үшбұрыш. Сонда $\angle BPK = \alpha = \angle BHP$.

$$\angle BPK = (\pi - (2\pi - 2\alpha - 2\beta)) / 2 = \alpha + \beta - \frac{\pi}{2}.$$

$$\angle KPH = \angle BPH - \angle KPB = \alpha - (\alpha + \beta) + \frac{\pi}{2} = \frac{\pi}{2} - \beta = \angle NHP.$$

$$\angle BHN = \angle BHP - \angle NHP = \alpha - (\frac{\pi}{2} - \beta) = \alpha + \beta - \frac{\pi}{2} = \angle BAN.$$

$$\angle HNC = \frac{\pi}{2} - \angle NHP = \frac{\pi}{2} - \left(\frac{\pi}{2} - \beta\right) = \beta. \quad \text{Сонда} \quad \angle BNH = \pi - \beta. \quad \text{Бұдан} \quad \triangle ABNH$$

төртбұрышына сырттай шеңбер сызуға болады. Ендеше $\angle ANB = \frac{\pi}{2} \rightarrow \angle ANB = \frac{\pi}{2}$.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Агаханов Н.Х. Математика. Районные олимпиады. – М., 1988. – 288 с.
- 2 Агаханов Н.Х., Богданов И.И., Кожевников П.А. Математика. Областные олимпиады. 8-11 классы. – М., 2010. – 239 с.
- 3 Балаян Э.Н. 1001 олимпиадная и занимательная задачи по математике Ростов н/Д: Феникс, 2008. – 364 с.
- 4 Бардушкин В.В., Кожухов И.Б., Прокофьев А.А., Фадеичева Т.П. Основы теории делимости чисел. Решение уравнений в целых числах. Факультативный курс. – М. 2003. – 224 с.
- 5 Алексеева О.В. Логическая подготовка младших школьников при обучении математике: автореф.... канд. пед. наук. – М., 2000. – С. 3-22.
- 6 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009. – 590 с.
- 7 Марков А.А. Элементы математической логики. – М.: Изд-во МГУ, 1984.

ГРНТИ 14.25.09

ФОРМИРОВАНИЕ СИНТАКСИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧЕНИКОВ 7-Х КЛАССОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Г.А. Орынханова

Ассоциированный профессор, Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы

В статье рассматривается роль синтаксиса как организующего центра грамматики, способствующего усвоению норм литературного языка, развитию логического мышления и навыков выразительного чтения. Традиционные методы изучения синтаксиса, несмотря на их несомненную ценность, не всегда оказываются достаточными для достижения глубокого понимания сложных языковых структур. Необходима интеграция компетентностного, личностно-ориентированного и деятельностного подходов, что позволит учащимся овладеть закономерностями функционирования синтаксических конструкций и эффективно применять их в различных речевых ситуациях. Целью статьи является анализ состояния обучения синтаксису и характеристика уровня синтаксической компетентности учащихся, а также выявление преимуществ коммуникативно-деятельностного подхода в исследовании синтаксического строения языка. В статье также представлены результаты эксперимента по исследованию процесса обучения синтаксису в 7 классах.

Ключевые слова: методика обучения, синтаксическая компетентность, общеобразовательная школа, коммуникативная компетентность, пунктуационная грамотность.

Социально-экономические, культурно-образовательные, информационно-технологические преобразования в современном обществе обуславливают модернизацию содержания и технологий обучения, побуждают к поискам новых педагогических идей, ориентированных на формирование активной, творческой личности ученика, обладающего общими и предметными компетентностями. Соответственно меняются цель и задачи, совершенствуется содержание обучения русскому языку. Прежде всего это отражено в образовательных документах, что определяют специфику предмета «Русский язык» как средства формирования у учащихся коммуникативных, интеллектуальных и познавательных способностей, развития личностных

характеристик их и воспитания потребности совершенствовать культуру собственной речи на протяжении всей жизни. На решение обозначенных задач направлен процесс обучения русскому языку в общеобразовательной школе, который осуществляется на основе сочетания компетентностного, личностно ориентированного и деятельностного подходов.

Становление коммуникативной компетентности у учащихся во время обучения русскому языку предполагает не только овладение системой языковых знаний, приобретение речевых умений и навыков, но и развитие эмоционального интеллекта, ценностно-смысловых ориентаций школьников, определяет готовность их осознанно применять полученный опыт для решения проблем, возникающих в реальной жизни.

В формировании коммуникативной компетентности учащихся во время обучения русскому языку важную роль отведен синтаксису, который является организующим центром грамматики.

Изучение синтаксиса способствует усвоению норм литературного языка, развитию логического мышления и речи учащихся, формированию пунктуационной грамотности и навыков выразительного чтения. Синтаксис помогает понять коммуникативную функцию языка и пути его осуществления. Поэтому ученик должен знать закономерности сочетаемости слов и построения предложений, выражающие возможности различных синтаксических структур, уметь пользоваться ими в различных речевых ситуациях.

Изучение синтаксических явлений в системно-структурном аспекте (по традиционной методике) не соответствует в полной мере указанным требованиям. Для сознательного овладения учащимися 7 классов синтаксического строения языка как средства общения необходимо научить их понимать закономерности функционирования синтаксических конструкций, особенности использования этих конструкций в речевых ситуациях для достижения коммуникативной цели, знать правила речевого поведения в различных условиях общения и уметь соблюдать их.

Проработка нормативных документов языкового образования (Госстандарта, концепций, программ), анализ современных исследований в области лингвистики и психолингвистики по функционированию единиц различных структурных уровней и лингводидактики по переориентации обучения с традиционного (усвоение и запоминание готовых теоретических знаний) на усвоение процесса их функционирования, позволил выяснить, что актуальными и перспективными направлениями, требующими внедрения в практику обучения синтаксису в общеобразовательной школе, является интеграция коммуникативно-деятельностного, личностно ориентированного и компетентностного подходов. Обозначенные подходы ориентируют этот процесс на полноценное усвоение всех линий содержания речевого образования: языкового, речевого, социокультурного и деятельностного. В соответствии с этим у учащихся 7-х классов формируются языковая, речевая, социокультурная и деятельностные компетентности как составляющие коммуникативной компетентности.

Цель статьи – представить результаты исследования состояния обучения синтаксису русского языка в 7 классах; охарактеризовать уровень сформированности синтаксической компетентности у учащихся 7-х классов, определенный на основе выбранных критериев в процессе осуществления экспериментальной работы.

Анализ трудов, посвященных различным подходам в обучении, позволил выяснить, в чем заключается различие философских основ основных принципов построения когнитивно-деятельностного, личностно– ориентированного типов обучения.

Изучению синтаксического строения языка с точки зрения его коммуникативного назначения посвящены научные труды отечественных и зарубежных лингвистов (Арутюнова Н., Всеволодова М. и др.) В ходе анализа трудов выяснено, что преимуществами коммуникативно-деятельностного подхода является то, что он позволяет изучать синтаксическое строение языка как динамическую систему и исследовать функционирование синтаксических единиц в различных речевых актах. Это будет способствовать формированию у учащихся умений коммуникативно оправданно и целесообразно использовать во время общения синтаксические средства речи.

Идея сочетания системно-описательного и коммуникативно– деятельностного подходов положена в основу исследований, которые основываются на системном описании синтаксических явлений, на осознании системы и внутренней структурной организации языковых единиц, которые функционируют в реальных актах коммуникации. Определяющими лингводидактическими принципами обучения синтаксису авторы называют следующие: коммуникативной направленности; установление коммуникативной нагрузки синтаксических категорий; функционально-стилистическое; рассмотрение предложения в единстве значения, формы и функции; изучение языковых единиц на основе текста; ситуационности; коммуникативной целесообразности и практической направленности.

Проблему модернизации образования на основе компетентностного подхода изучают А. Вербицкий, И. Зимняя, А. Хуторской и др. Выяснено, что компетентностное образование на предметном уровне ориентировано на усвоение личностью конкретных учебных результатов – знаний, умений, навыков, формирования отношений, опыта, уровень усвоения которых позволяет ей адекватно вести себя в конкретных учебных и жизненных ситуациях. Компетентностное образование больше ориентировано на практические результаты, опыт личной деятельности, выработку отношений, чем на объем знаний (Вербицкий А.).

Анализ научных трудов по проблеме исследования позволил констатировать, что результативность учебной деятельности сейчас определяется собственно не системой знаний, умений и навыков, а комплексом компетентностей в различных сферах жизни (интеллектуальной, информационной, коммуникативной и т.д.), которые способствуют развитию самостоятельности учащихся и их способности к самоорганизации. В то же

время отметим, что знания, умения и навыки не противопоставляются компетентности, а являются ее составляющими. В педагогических трудах казахстанских и российских исследователей компетентность рассматривается как интегральная характеристика личности, определяющая ее способность и готовность решать проблемы и типичные задачи, возникающие в реальных жизненных ситуациях, на основе полученных знаний, учебного и жизненного опыта и освоенной системы ценностей [1]. В основу классификации ключевых компетентностей, представленную А. Хуторским, положена общеобразовательная цель, социальный и личностный опыт ученика, основные виды учебной деятельности [2].

Методы исследования.

Важными для нашего исследования являются концептуальные подходы, методические основы модернизации системы непрерывного языкового образования с учетом современных подходов и принципов, обоснованные в трудах А. Беляева и др. Теоретические основы обучения синтаксису обоснованы в научных исследованиях Н. Арутюновой, Е. Кубряковой, В. Белошапковой и др.

Для разработки инновационной методики выделены основные лингвистические понятия: синтаксис, синтаксические единицы, функции синтаксических единиц, синтаксические связи и семантико-синтаксические отношения. При проработке научной литературы разграничено понятие *функция, функционирование*, выяснена роль синтаксических связей и семантико-синтаксических отношений в распределении функций синтаксических единиц.

Анализ научной литературы позволил выделить основы создания инновационной методики обучения синтаксису сложного предложения в 7 классе.

Выяснив, что реализация компетентностного подхода во время обучения языку наиболее полно осуществляется на уровне синтаксиса, мы выделили признаки коммуникативной деятельности, которая проявляется в овладении речевой и языковой компетентностью. Это: осознанность, мотивированность, ситуационность, взаимообусловленность продуктивных и репродуктивных видов этой деятельности [3]. Важным показателем высокого уровня как общей, так и речевой культуры личности является владение синтаксической компетентностью, которая предполагает знание синтаксических средств языка, способность распознавать строение и понимать их смысл, правильно и коммуникативно целесообразно использовать в различных речевых ситуациях синтаксические единицы различных структурных уровней (словосочетания, предложения, ССЦ, текст), синтаксические конструкции различных видов и связующих средств (предложений сложных соединительных, бессоюзных, с различными видами связи) с учетом функционально стилевых разновидностей речи в соответствии с темой, целью, ситуацией общения, ведущих жанров коммуникации.

Применение на практике.

Исследование состояния обучения синтаксису в 7 классе осуществлялось в экспериментальных школах города Алматы.

На основе анализа литературы, результатов экспериментальных исследований были выбраны критерии оценки синтаксической компетентности, охарактеризованы показатели их проявления. Это: ценностное отношение к собственной учебной деятельности (выработка потребности в совершенном владении русским языком); осознанное использование знаний по синтаксису и пунктуации в соответствии с коммуникативной целью; гибкость навыков применения синтаксических умений (способность включаться в новые ситуации общения); стойкость использования синтаксических знаний и умений (креативность, опыт применения знаний при изучении других предметов). По уточненным критериям был выяснен уровень сформированности синтаксической компетентности у учащихся 7 классов во время обучения русскому языку.

Проанализировав полученные результаты, мы пришли к выводу, что учащиеся недостаточно владеют синтаксическим строением языка как средством общения, в частности, испытывают трудности в формулировании мыслей, не используют выразительные возможности сложных синтаксических структур, не всегда коммуникативно целесообразно пользуются ими в различных речевых ситуациях, часто не учитывают жанр коммуникации. Было выяснено, что причины несформированности синтаксической и пунктуационной компетентностей учащихся 7 классов заключаются в следующем: недостаточное внимание уделено практической направленности обучения языку; весомая часть учебного времени отведена на отработку теории, выполнение тестовых заданий, подготовку к ЕНТ (единому национальному тестированию). Во время исследования прослежено определенное несоответствие между достаточным уровнем теоретических знаний синтаксиса сложного предложения (высокий уровень – 12,5%, достаточный – 52,8%, средний – 29,4%, низкий – 5,3%) и невысоким уровнем владения учащимися синтаксической компетентностью (высокий уровень – 3,6%, достаточный – 19,4%, средний – 49,8%, низкий – 27,2%). Выделены причины недостаточной сформированности синтаксической компетентности у учащихся 7 классов, среди них следующие: учителя не используют в полной мере возможности современных форм и методов обучения, в частности, недостаточное внимание уделено работе в группах, в парах; учебный процесс ограничен использованием традиционных методов и форм работы; ситуационный метод применяется на уроках очень редко и спонтанно, речевые ситуации формализованы, далеки от жизни; учеников не учат формулировать цель деятельности во время изучения языковой и социокультурной тем, не осуществляется работа, направленная на развитие у семиклассников рефлексии.

Среди недостатков обучения русскому языку выделены и следующие: низкая мотивация учащихся по совершенствованию своей речевой культуры; несформированность у них ценностного отношения к собственному развитию и

образованию. К тому же приоритетным на уроках языка является авторитарный тип обучения, недостаточное внимание уделено развитию эмоционального интеллекта, системы ценностных ориентаций, социокультурных и социально-психологических способностей учащихся, не хватает атмосферы сотрудничества учителя и ученика, не созданы условия для выбора учащимися индивидуальной траектории саморазвития.

Так, во время опроса было выяснено, что практически все учителя (91,8%) осознают необходимость формирования у учащихся 7 классов синтаксической, пунктуационной, социокультурной компетентностей, однако лишь 21,4% подчеркивают важность такого показателя, как умение учащихся применять полученные теоретические знания во время общения в повседневной жизни; 14,8% респондентов используют на уроке парную, а 1,5% – групповую форму работы. 15,4% учителей подтвердили, что регулярно знакомятся с современными методическими трудами, посвященными особенностям реализации лично ориентированного, деятельностного и компетентностного подходов. Лишь 12,3% учителей сообщили, что применяют во время обучения современные методы, однако объединяют их, в основном, в одно понятие – интерактивные. 33,8% учителей признали, что не используют на уроках дополнительный дидактический материал, обращаются лишь к действующим учебникам, в которых часто не представлена социокультурная содержательная линия в объеме, как того требует программа, а содержание направлено, в основном, на усвоение теории языка.

Констатируется, что не все учителя располагают временем знакомиться с современными тенденциями развития образования, следствием чего является недостаточная ориентация в особенностях современных подходов к обучению, ограниченное применение на уроках новых методов и приемов, разнообразных организационных форм работы. Доказано, что назрела потребность интегрировать основные подходы к развитию образования – прагматически ориентированные когнитивно-деятельностный, компетентностный) и гуманистический (лично ориентированный).

Предложения.

Подробный анализ результатов констатирующего среза дали основания полагать, что для эффективного формирования синтаксической и пунктуационной компетентностей учеников необходимо на уроках русского языка большее внимание уделять осуществлению взаимосвязи с другими предметами, что, с одной стороны, позволит семиклассникам осмысливать и синтезировать полученные знания, трансформировать их в целостную мировоззренческую картину мира, интериоризировать общечеловеческие и национально-культурные ценности, а с другой, – будет способствовать совершенному владению языком и представленной в нем культурой, станет условием и средством самовыражения каждого. Основой для осуществления этой задачи должна стать система комплексных упражнений и заданий, которая содержит необходимый учебный текстовый материал социокультурной

тематики.

Такие упражнения были созданы и внедрены нами в школьную практику. Система упражнений и задач инновационной методики направлена на формирование синтаксической компетентности учащихся 7 классов. Это комплексные упражнения, разработанные с учетом текстоцентрического подхода. Система речевых заданий направлена на формирование у учащихся следующих умений: распознавать сложные синтаксические конструкции в учебном тексте социокультурной тематики, в устных выражениях; осознавать лингвистическую природу этих предложений и осмысливать их коммуникативную роль в письменной и устной речи. Предусмотрены задания на основе опорного учебного материала (анализ текстов различных типов, стилей и жанров речи; редактирование текстов; учебный перевод; создание высказываний на основе текста), которые способствуют совершенствованию умений семиклассников в репродуктивных и продуктивных видах речевой деятельности. Ситуационные, творческие задания направлены на формирование умений подбирать коммуникативно целесообразные синтаксические средства речи и оперировать ими для решения задач коммуникации в неподготовленных высказываниях.

Вопросы, сформулированные к учебным текстам социокультурной тематики, позволяют выяснить зависимость использованных автором языковых единиц от содержания, типа и стиля речи. Конструктивные упражнения способствуют осознанию структуры синтаксических конструкций, формированию умений учащихся создавать различные модели сложных предложений и целесообразно использовать их в собственной речи.

Результаты формирующего этапа эксперимента, во время которого апробировалась система упражнений и задач созданной инновационной методики, позволили проследить положительную динамику по формированию синтаксической компетентности учащихся 7 классов. Имеется постепенный рост количества учащихся, уделяющих внимание организации собственного обучения. Так, на 12,4% выросло количество учащихся, которые постоянно ставят перед собой цели при изучении конкретной языковой темы, увеличился процент учащихся, оценивающих свою деятельность на уроке или после изучения раздела (рефлектируют) – с 1,6% до 16,8%. На 18,6% уменьшилось количество учеников, которые не были мотивированы относительно изучения русского языка и синтаксиса сложного предложения в частности. Доказана эффективность выбранных методов, приемов и форм обучения, видов задач, благодаря которым на уроках русского языка созданы условия для выбора учащимися собственной траектории саморазвития (ситуационный метод, ролевая игра, методы самоконтроля и взаимоконтроля, метод проектов; парно-групповая форма работы; возможность выбора задач повышенной сложности и вариантов задач, в частности, творческих).

Заключение.

Таким образом, учитывая результаты, полученные на констатирующем этапе исследования, мы смогли откорректировать систему упражнений и задач

для инновационной методики обучения синтаксису сложного предложения, разработанной на основе личностно ориентированного, деятельностного и компетентностного подходов. Сейчас она внедряется в практику обучения русскому языку в 7 классе; прослеживается положительная динамика по формированию синтаксической компетентности учащихся 7 классов.

Литература

1 Зимняя И.А. Педагогическая психология: Учебник для вузов. Изд-во второе, доп., испр. и перераб. – М.: Логос, 2005. – 384 с.

2 Хуторской А.В. Методика личностно ориентированного обучения: Как обучать всех по-разному: пособие для учителя. – М.: Из-дво ВЛАДОС-ПРЕСС, 2005. – 383 с.

3 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1983. – 304 с.

ҒТАМР 27.01.45

ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ВЕКТОРЛЫҚ-КООРДИНАТАЛЫҚ ӘДІСПЕН ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

Р. Иқуат

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада сандық ресурстарды қолдана отырып геометриялық есептерді шешуге арналған векторлық-координаталық әдісті оқытуды қалай жақсартуға болатыны баяндалады; графикалық калькуляторлар, интерактивті модельдеу және оқытуды басқару жүйелері сияқты цифрлық құралдарды талқыланады. Сонымен қатар, векторлық-координаталық есептерді шешуде сандық ресурстарды пайдаланудың артықшылықтары қарастырылады.


Түйін сөздер: векторлық-координаталық әдіс, координаталық жазықтық, цифрлық ресурстар, графикалық калькуляторлар, GeoGebra, PhET.

Векторлық-координаталық әдіс – геометрияның негізгі әдістерінің бірі болып табылады себебі оның көмегімен планиметрия мен стереометрияның бірқатар аффиндік және метрикалық есептерін, физика мен астрономияның бірнеше қолданбалы мәселелерін тиімді жолмен шешуге болады. Сонымен қатар векторлық әдіс есептерді шешудің және теоремаларды дәлелдеудің негізгі әдістерінің бірі болып саналды. Теориялық білімді практикамен байланыстыра отырып, жандандыру арқылы қазіргі талаптарға сай оқушының білім сапасын жақсарту жолдарын қарастырылған [1].

Кеңістіктегі векторлар тақырыбын зерттеу оқушыларға адам қызметінің әртүрлі салаларында векторларды қолданудың кеңдігі туралы түсінік алуға, векторлық есептеулерді дамытудың кейбір фактілерімен танысуға, кеңістіктегі векторлар туралы жүйелі ақпаратты игеруге, векторлардың жазықтық және кеңістіктік арасындағы ұқсастықты көрсетіп үйренуге, есептерді шешуде жазықтық және кеңістіктік формаларды зерттеу үшін векторлық әдісті қолдануға мүмкіндік береді [2].

Мектепте математикалық білім беру мақсаттарының бірі – математика туралы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеу құралы, математиканың идеялары мен әдістері туралы идеяларды қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда геометрияның негізгі әдістерінің бірі векторлық-координаталық әдістің маңызы зор.

7-9 сынып оқушыларын векторлық алгебра және координаттар геометриясының принциптерімен ертерек таныстыра отырып, мұғалімдер жоғары деңгейлі математикаға жеңілірек өтуге жол ашады және күрделі есептерді жеңіл шешуге мүмкіндік береді [3].




Сурет 1.

PhET Interactive Simulations бағдарламасында векторлық шамалармен нақты жұмыс жасауға болады. 1-суретте $2\vec{d} - 3\vec{e} + \vec{f} = 0$ екенін байқауға болады. Бұл модельдеу әсіресе жаңадан цифрлық бағдарламаны қолданушылар үшін тиімді. Сонымен қатар векторлық операцияларды, соның ішінде қосу, алу және скалярлық көбейтуді тікелей графикте бейнелеуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға осы операциялардың геометриялық интерпретацияларын түсінуді және әрбір түрлендірудің нәтижелерін түсінуін жеңілдетеді [4].

Графикалық калькуляторлар және GeoGebra сияқты бағдарламалар векторларды визуализациялауға және координаталық жазықтықта тікелей есептеулерді орындауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар визуализация арқылы түсінуді нығайта отырып, векторларды аударудың, айналдырудың немесе масштабтарды өзгертуге мүмкіндік береді.

GeoGebra алгебралық және геометриялық есептерді шешуге арналған цифрлық бағдарлама. Бұл оқушыларға векторларды салуға және нүктелік көбейтінділерді, айқас көбейтінділерді және басқада шамаларын есептеуге мүмкіндік береді.

GeoGebra бағдарламасымен векторларды қосу, азайту және басқада векторлық амалдырды лезде орындауға болады.



Сурет 2.

Белгіленген суретте \vec{v} және \vec{u} векторларының қосындысы бейнеленген. u және v векторлары координаталары сәйкесінше $(4.48, 4.03)$ және $(5.58, 7.3)$. Осы екі векторды қосқанда пайда болған нүкте $(12.09, 7.97)$. $u=(1, 2)$, $v=(-3, 1)$ векторлары берілген қосындысы $w=(-4, -1)$. $a=2u$ және $b=3u+1/2v$ амалдарының координаталары көрсетілген.

Қорытынды.

Цифрлық ресурстар векторлық операцияларды интерактивті және қолайлы ету арқылы векторлық-координаталық есептерді шешуді оқытуды жеңілдетеді. GeoGebra және PhET бағдарламаларын қолдану оқушыларға ойлау қабілетін артыруға мүмкіндік береді, вектор-координаталық әдісті тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Абылкасымова А.Е., Искакова Л.Т. Средства контроля и оценки знаний студентов. – Алматы, 2005. – 99 с.
- 2 Сукманок В.Н. Методика обучения обобщению и систематизации математических знаний школьников: На примере темы «Геометрические»

преобразования плоскости» диссертация кандидата педагогических наук: 13.00.02. – Краснодар, 2001. – 173 с.

3 Потоскуев Е.В. Векторно-координатный метод решения задач. – М.: Издательство «Экзамен», 2019. – 223 с.

4 https://phet.colorado.edu/sims/html/circuit-construction-kit-dc/latest/circuit-construction-kit-dc_ru.html.

5 <https://www.geogebra.org/calculator>.

ҒТАМР 16.21.25

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

М.Б. Жолдасбай

Магистрант, Астана Халықаралық университеті, Астана қ.

Бұл мақалада шет тілін оқытуда интерактивті технологияларды қолданудың маңыздылығы мен олардың білім беру процесіне әсері талқыланады. Интерактивті әдістер оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, танымдық белсенділікті арттыруға, сондай-ақ оқу материалдарын меңгеру үдерісін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Мақалада тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын жетілдіру үшін қолданылатын интерактивті құралдар мен әдістер сипатталып, олардың тиімділігі нақты мысалдармен көрсетілген. Сонымен қатар, интерактивті технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шынайы тілдік ортаға жақындауы мен оқу процесіндегі мотивациясының артуы қарастырылады.

Түйін сөздер: интерактивті технологиялар, шет тілін оқыту, тілдік дағдылар, тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу, инновациялық әдістер, білім беру.

Қазіргі таңда шет тілін меңгеру қоғамның маңызды талабына айналды. Жаһандану үдерісі, мәдениаралық байланыстар мен кәсіби ортадағы талаптар шет тілдерін оқыту әдістемесіне жаңа тәсілдер енгізуді қажет етеді. Мақала соның бірі білім бері жүйесіндегі интерактивті технологияларға арналатын болады. Бұл технологиялар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу сияқты тілдік дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Интерактивті технологиялар – оқыту үдерісінде оқушылардың өзара белсенді қатысуын қамтамасыз ететін заманауи әдістер жиынтығы. Бұл тәсілдер оқушылардың оқу материалын тек тыңдап немесе оқып қана қоймай, оны өзара әрекеттестік арқылы меңгеруіне ықпал етеді. Интерактивті әдістерде оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыс күшейіп, оқушы білім алушы ғана емес, білім беру процесінің белсенді қатысушысына айналады. Интерактивті әдістердің басты артықшылығы – оқыту процесінің шынайы өмірге жақындатылуы. Мәселен, рөлдік ойындар, диалогтар құрастыру, пікірталастар ұйымдастыру секілді әдістер оқушыларға өз дағдыларын іс жүзінде қолдануға

мүмкіндік беретін керемет мүмкіндік болып табылады. Сонымен қатар, интерактивті технологиялар білім алушыларды шығармашылыққа ынталандырады және олардың тілдік қабілеттерін әртараптандыра отырып, сыни-ойлауға үйретіп, оқушының жеке көзқарасын қалыптастырады. Шет тілін оқытуда интерактивті әдістердің басты мақсаты – оқушылардың сөздік қорын байыту, тілдік дағдыларды меңгеруге қызығушылықтарын арттыру және өз пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндік жасау. Бұл тәсілдер тыңдалым, айтылым, оқу, жазу дағдыларын бір уақытта дамытуға септігін тигізетіні айдан анық. Одан басқа, интерактивті әдістердің негізгі ерекшеліктеріне кері байланыс, ынтымақтастық, мотивация кіреді. Олардың бәрі оқушылар тапсырма орындау барысында нәтижелерін жылдам бағалай алады, топтық жұмыс арқылы оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасуға көмектеседі және заманауи құралдарды қолдану қызығушылықты арттырады.

Тілдік дағдыларды дамытуда интерактивті технологиялардың рөлі ерекше. Оның ішінде тыңдау дағдысы тіл үйренудің маңызды бөлігі болып табылады. Аудиоматериалдар, подкасттар, интерактивті бейнематериалдар сияқты құралдар арқылы оқушылар сөздердің айтылу ерекшеліктерін меңгереді, сөйлеушінің эмоциясын, екпінін және интонациясын түсінеді. Осы мақсатта заманауи технологияларды сабақ барысында пайдалану өте тиімді екенін әлдеқашан дәлелдеген. Мысалы, аудио подкасттар, жаңалықтар немесе TED Talks платформасындағы дәрістер оқушыларды шынайы тілдік ортаға жақындатып қана қоймай, іс жүзінде шынайылықты сезінуге көмектеседі. Сонымен қатар, онлайн аудиоматериалдар тыңдау барысында оқушылар өздерінің қабылдау дағдыларын жетілдіре алады. Интерактивті бағдарламалар тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінуді тексеруге арналған жаттығулар ұсынады. Радио және бейнематериалдарды тыңдап талдау тыңдалым тиімділігін 45 %-ға жақсартады. Сонымен қатар, тыңдалым барысында алынған ақпаратты талдау қабілеті оқу сапасын 25 %-ға күшейтеді. Одан бөлек, бұл тәсіл оқушының түсінігін жақсартумен қатар, тыңдалымға деген сенімділігін арттырады.

Сөйлеу – шет тілін меңгеру барысында әлі күнгі дейін ең қиын дағдылардың бірі. Интерактивті технологиялар бұл мәселені шешудің тиімді құралы бола алады. Онлайн бейнебайланыс платформалары (Zoom, Google Meet) арқылы оқушылар арасындағы пікірталастар мен рөлдік ойындарды ұйымдастыру айтылым дағдыларын 50 %-ға жақсартады. Әсіресе, жұптық немесе топтық жұмыста тілдік өзара қарым-қатынас жасау ынтаны 20 %-ға арттырады және сөйлеу қорқынышын азайтып, оқушылардың еркін сөйлеу дағдыларын дамытып, олардың өзіндік ойларын жеткізу қабілеттерін арттырады. Сондай-ақ, тіл үйренуге арналған мобильді қосымшалар – Duolingo, HelloTalk, Tandem – оқушыларға күнделікті сөйлеу тәжірибесін ұсынады. Бұл қосымшаларда шет тілін ана тілі ретінде сөйлейтін адамдармен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік бар, бұл өз кезегінде тілді шынайы ортада қолдану дағдыларын жетілдіреді.

Жазу дағдысы шет тілін меңгеруде маңызды орын алады, өйткені ол оқушылардың тілдік құрылымдарды дұрыс пайдаланып, өз ойын жеткізу қабілетін арттырады. Интерактивті технологиялар бұл үдерісті қызықты әрі тиімді ететіні дәлелденген. Атап айтсақ, кері байланыспен жұмыс жасаған оқушыларда грамматикалық қатенің азаюы 35 %-ды құрады. Мысалы, студенттердің мәтінді таспаға жазып, кейін оны талдауы жазылымның логикасын күшейтеді. Google Docs, Padlet, Edmodo секілді құралдар арқылы оқушылар бірлесіп мәтін құрастырып, оны талқылай алады. Бұл әдіс тек жазу дағдысын дамытуға ғана емес, сонымен қатар ұжымдық жұмыс мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Электронды пошта жазу, блог жүргізу немесе эссе құру секілді тапсырмалар оқушылардың жазу машықтарын дамытудың келесі бір қосымша тәсілдері болып табылады. Сонымен қатар, оқушылар осындай платформаларда жазылған мәтіндеріне кері байланыс алып, өз қателерін түзетуге мүмкіндік алады. Бұл – жазу дағдыларын жетілдірудің үздік жолдарының бірі.

Шет тілінде оқу – оқушылардың сөздік қорын арттырып, мәтіндерді тереңірек түсінуіне ықпал ететін маңызды дағдыны қамтитын бөлім. Интерактивті технологиялар оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі форматтағы оқу материалдарын ұсынады. Оған дәлел, Quizlet, Kahoot, ReadTheory сияқты платформалар оқушыларға интерактивті викториналар мен мәтіндер. Интерактивті оқу материалдарын қолданғанда оқушылардың түсіну деңгейі 40 %-ға артады. Бұған қоса, оқу барысында жаңа сөздерді визуализациялау сөздік қордың 30 %-ға жылдам кеңеюіне көмектеседі. Олар арқылы оқушылар оқу дағдыларын жетілдіре алады. Сонымен қатар, бұл платформалар оқылған мәтіндерді талдау мен олардан негізгі ойды анықтауға бағытталған тапсырмалар арқылы оқушылардың сыни-ойлау және креативтілік, аналитикалық қабілеттерін арттырады. Әртүрлі деңгейдегі мәтіндер оқушылардың өз оқу қабілетін бағалауға және біртіндеп оны жақсартуға мүмкіндік береді.

Интерактивті технологияларды қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл әдістер шет тілін оқытуда оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін қолжетімді тәсіл болып табылады. Олар дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда материалды тез меңгеруге көмектеседі. Оқушылар оқу процесіне кез келген уақытта, кез келген жерде белсенді түрде қатысып, жеңілдетілген түрде білім ала алады.

Екіншіден, интерактивті технологиялар оқыту процесін шынайы өмірге жақындатады. Мысалы, виртуалды саяхаттар, шетелдік серіктестермен байланыс орнату, онлайн форумдарда пікір алмасу сияқты әдістер оқушыларға шет тілін күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл олардың мотивациясын арттырады және тіл үйренуге деген қызығушылығын күшейтеді.

Үшіншіден, интерактивті технологиялар оқушылардың әрқайсысына жеке тәсіл қолдануға мүмкіндік береді. Әр оқушы өзінің деңгейіне сәйкес

тапсырмалар мен жаттығуларды таңдап, өз қарқынымен жұмыс істей алады. Бұл әсіресе үлкен топтарда оқыту барысында өте тиімді тәсіл болып табылады.

Шет тілін оқытуда интерактивті технологияларды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдістерсіз тілдік дағдыларды дамыту мүмкін емес. Айтылған тармақтардың барлығы дерлік, оқушылардың белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың шет тілін меңгеруге деген ынтасын күшейтеді. Білім беру саласында инновациялық құралдарды қолдану болашақта жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Шет тілін оқытудағы интерактивті технологияларды қолдану – заманауи білім беру жүйесіндегі маңызды қадамдардың бірі және бірегейі. Олар оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу сияқты негізгі тілдік дағдыларын дамытуға тиімді әсер етеді. Интерактивті құралдар арқылы оқушылар шынайы тілдік ортаға жақындап, материалды терең әрі қызығушылықпен меңгереді. Болашақта интерактивті технологиялардың қолданылу ауқымы кеңейе түсері анық. Олар тек тілдік дағдыларды дамытудың құралы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін арттыратын тиімді әдіс ретінде қалыптасады. Сондықтан бұл технологияларды білім беру процесіне белсенді енгізу – заманауи талаптарға сай білікті мамандарды дайындаудың бірден-бір жолы!

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Жолдасбекова А. Шет тілдерін оқытудың заманауи әдістері. – Алматы, 2021.
- 2 Әбілқайыр Н. Интерактивті технологияларды қолдану: Теория және практика. – Астана, 2020.
- 3 Richards J.C., Rodgers T.S. Approaches and Methods in Language Teaching. Cambridge University Press, 2014.
- 4 Ellis R. Second Language Acquisition and Task-Based Language Teaching. Oxford University Press, 2003.
- 5 <https://community.orleu-edu.kz/t/o-ushyny-ajtylym-ty-dalym-zhazylym-oylym-da-dylaryn-damytu/12009>.

ҒТАМР 14.35.07

ҰЗАРТЫЛҒАН КҮН ЖАҒДАЙЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ӨЗІН- ӨЗІ ОҚЫТУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Н.Н. Салыбекова

*PhD, доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан қ.*

М.С. Жамалбек

Магистрант, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Қазіргі білім беру жүйесі жеке тұлғаның өзін-өзі оқытуға қабілеттілігін дамытуға бағытталғандықтан, жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі оқыту дағдыларын жетілдіретін әдістемелерді енгізуді талап етеді. Табиғи ғылымдар цикліне жататын биология пәні өзіндік жұмысты ұйымдастыру үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. Ұзартылған күн жағдайында оқушылардың өзін-өзі оқытумен байланысты құзыреттерін қалыптастыруға қосымша уақыт пен ұйымдастыру ресурстары жасалады. Мақалада цифрлық технологияларды пайдалану, жоба қызметін ұйымдастыру, жеке білім беру маршруттарын әзірлеу, практикалық және зертханалық сабақтарды өткізу сияқты негізгі әдістемелік тәсілдер қарастырылады. Бұл тәсілдерді оқу тәжірибесінде қолдану мысалдары келтірілген. Мақалада мотивациялық факторларға ерекше назар аударылып, өзін-өзі оқытуға байланысты мәселелерді шешу жолдары ұсынылған. Бұл мақала педагогтарға, әдіскерлерге және тиімді білім беру әдістемелерін әзірлеуге мүдделі зерттеушілерге арналған.

Түйін сөздер: өзін-өзі оқыту, биология, жоғары сынып оқушылары, ұзартылған күн, жоба қызметі, цифрлық технологиялар, зертханалық сабақтар, білім беру маршруттары.

Қазіргі білім беру бағдарламалары жоғары сынып оқушыларынан оқу дербестігінің жоғары деңгейін талап етеді, бұл өзін-өзі оқыту дағдыларын одан әрі оқу және кәсіби қызметке дайындықтың маңызды элементіне айналдырады. Биология, табиғи ғылымдар цикліне жататын негізгі пәндердің бірі ретінде, оқушылардың тірі жүйелер туралы білімін кеңейтіп қана қоймай, аналитикалық және зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады.

Ұзартылған күн жүйесі білім беру мекемелерінде өзін-өзі оқыту қызметін ұйымдастыру үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Бұл модель аясында білімді тереңдету, зерттеу жобаларын орындау, цифрлық ресурстармен жұмыс істеу және күрделі тақырыптарды жеке меңгеру жағдайлары жасалады [1].

Осы мақаланың мақсаты – ұзартылған күн жағдайында жоғары сынып оқушыларының биология пәні бойынша өзін-өзі оқыту дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдерді зерттеу, сондай-ақ білім беру тәжірибесінде қолдануға болатын тиімді әдістемелер мен тәжірибелерді анықтау.

Өзін-өзі оқыту ХХІ ғасыр құзыреттерін қалыптастырудың маңызды құралына айналуға: сыни ойлау, шығармашылық тәсіл, дербестік және өмір бойы оқуға қабілеттілік. Биологияны оқыту үдерісіне өзін-өзі оқыту қызметін енгізу өте өзекті, себебі биологиялық ғылымдар табиғи үдерістердің байланыстарын терең түсінуді, аналитикалық тәсілді және білімді жаңа контексте қолдануды талап етеді [2].

Тақырыптың өзектілігі.

Ғылыми және технологиялық прогресс, әсіресе табиғи ғылымдар саласында, білім беруге жаңа талаптар қояды. Ұзартылған күн жағдайында оқушылардың өзін-өзі оқытуын ұйымдастыру үшін қосымша мүмкіндіктер пайда болады, алайда мектеп тәжірибесіне бейімделген жүйелі әдістемелік ұсыныстардың болмауы – өзекті мәселе. Тақырыптың өзектілігі – биология пәнінде және одан тыс өзіндік оқу жұмысын ұйымдастыруға арналған тиімді тәсілдерді әзірлеу қажеттілігімен анықталады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы.

Бұл зерттеуде ұсынылған әдістемелерді қолдану оқушылардың білім сапасын арттыруға, олардың пәнге деген қызығушылығын дамытуға және дербес жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар болашақ кәсіби қалыптасу үшін өте маңызды.

Зерттеу материалдары.

– Жалпы білім беретін мектептің 10-11 сынып оқушылары (48 оқушы таңдап алынды).

– Биология бойынша оқу-әдістемелік кешендер (авторлар – Пономарева И.Н., Пасечник В.В.)

Цифрлық технологияларды пайдалану.

Цифрлық ресурстар оқушыларға күрделі тақырыптарды оқулық шеңберінен шығып меңгеруге мүмкіндік береді [3]. Олар интерактивті және динамикалық білім беру ортасын жасайды. Мысалдар:

Виртуалды зертханалар: Фотосинтез, жасушалық тыныс алу және метаболизмді модельдеу үшін *PhET Simulations* пайдалану.

Білім беру платформалары: *Stepik* – молекулалық биология, генетика, экология бойынша тесттер мен практикалық тапсырмалары бар курстар.

Биологияны оқуға арналған мобильді қосымшалар: Биологиялық терминдерді оқытуға арналған қосымшалар (*Biology Dictionary*), тесттер мен викториналар (*Quizlet*). Виртуалды гербарийлер немесе флора мен фауна деректер базасымен жұмысқа арналған қосымшалар.

Жоба әдісі өзін-өзі оқытуды ұйымдастырудың тиімді тәсілі болып табылады, өйткені оқушылар тапсырмаларды өздері анықтайды, жобаны жоспарлап, іске асырады [4].

Жобалардың мысалдары:

1. *Жергілікті экожүйені зерттеу:* Оқушылар өз өңірінің биоәртүрлілігін зерттеп, өсімдіктер мен жануарлар туралы мәліметтер жинайды, олардың жағдайын талдайды, экологиялық карталар құрастырады.

2. *Генетикалық зерттеулер:* Отбасы немесе өсімдіктер мысалында тұқым қуалайтын белгілерді талдау. Шежіре ағашын құру, белгілі бір белгілердің таралуын талдау.

3. *Қоршаған орта факторларының организмдерге әсерін зерттеу:* Жарық, ылғалдылық және топырақ құрамын өзгерту арқылы өсімдіктерді өсіру тәжірибелері. Әртүрлі орта жағдайлары бар аквариумдардағы балдырларды бақылау.

Эксперименттік топта жеке және топтық зерттеу жобаларын орындауды көздейтін тәсіл жүзеге асырылды. Оқушылар өздері:

– зерттелетін тақырыптарға байланысты жобаның тақырыптарын таңдады (мысалы, «Топырақ қышқылдығының өсімдіктердің өсуіне әсері» немесе «Жергілікті экожүйенің биологиялық әртүрлілігі»);

– зерттеу жоспарын әзірледі;

– эксперименттер жүргізіп, алынған мәліметтерді өңдеді.

Жұмыс барысында мұғалім кеңесші ретінде жұмыс істеп, гипотезаларды нақтылауға, ресурстар табуға және нәтижелерді талдауға көмектесті.

Практикалық және зертханалық сабақтар. Практикалық сабақтар биологияны өзін-өзі оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені олар теориялық білімді нақты объектілермен жұмыс арқылы бекітуге көмектеседі [5].

Топтық жұмыс және ынтымақтастықты оқыту. Топтағы өзара әрекеттестік оқушыларға тәжірибе алмасуға және материалды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пәндер арасындағы байланыстарды пайдалану. Әртүрлі салалардан алынған білімді біріктіру оқушыларға биологиялық процестерді жақсы түсінуге және олардың маңыздылығын ұғынуға көмектеседі.

Мысалдар:

1. Математикамен байланыс: Эксперименттік деректерді талдау үшін статистикалық әдістерді пайдалану. Өсімдіктердің өсу графиктері мен диаграммаларын құру.

2. Химиямен байланыс: Жасушалардың химиялық құрамын зерттеу (ақуыздар, көмірсулар, липидтер). Витаминдер мен минералдарға сапалық реакциялар жүргізу.

3. Географиямен байланыс: Өз аймағының экожүйелерін талдау. Табиғи нысандарға антропогендік әсерді бағалау [6].

Зерттеу мақсаттарына жету және гипотезаны тексеру үшін келесі әдістер қолданылды:

1. Педагогикалық эксперимент.

Эксперимент бір оқу жылы бойы 10-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Екі топ құрылды:

Эксперименттік топ (24 адам), онда өздігінен білім алу әдістемелері (жобалық қызмет, цифрлық ресурстар, зерттеу тапсырмалары) қолданылды.

Бақылау тобы (24 адам), олар стандартты оқыту әдістері бойынша білім алды.

Эксперименттің мақсаты енгізілген әдістемелердің оқушылардың білім деңгейіне, олардың мотивациясына және материалды меңгеру сапасына әсерін бағалау болды.

2. Оқушыларды анкеталау.

Эксперимент басталар алдында және аяқталғаннан кейін сауалнамалар жүргізілді. Олар:

- биологияны оқуға деген мотивация деңгейін;
- өздігінен жұмыс істеуге дайындықты;
- оқытудың жаңа тәсілдерін қабылдау деңгейін зерттеуге бағытталды.

Сауалнамаларда жабық сұрақтар (мысалы, қызығушылық деңгейін бағалау шкаласы) мен ашық сұрақтар (ең қызықты және ең аз қызықты тақырыптар, оқыту тәсілдері туралы сұрақтар) болды.

3. Нәтижелерді сандық және сапалық талдау әдістері.

1. Бақылау және эксперименттік топтардың қорытынды тестілеу нәтижелерін салыстырмалы талдау. Тесттер теориялық материалды түсіну және практикалық тапсырмалардан тұрды.

2. Жобалардың сапасын бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізілді:

- ғылыми негізділігі;
- бірегейлігі;
- білімді тапсырмаларды шешу үшін қолдана білуі.

3. Оқушылардың мотивациясындағы өзгерістерді анықтау үшін анкеталар мен бақылауларды өңдеу.

Зерттеу барысы.

1-кезең: Дайындық кезеңі.

Дайындық кезеңінде келесі жұмыстар жүргізілді:

1. Әдістемелерді әзірлеу үшін ғылыми әдебиеттер мен оқу материалдарын талдау.

2. Оқушыларға арналған сауалнамаларды дайындау.

3. Бақылау және эксперименттік топтарды қалыптастыру, диагностикалық тестілеу арқылы оқушылардың бастапқы білім деңгейін есепке алу.

2-кезең: Негізгі эксперименттік кезең.

Сабақтарды ұйымдастыру. Бақылау тобында оқыту стандартты бағдарлама бойынша өтті. Эксперименттік топта:

– өздігінен білім алу тапсырмалары (мысалы, электронды кітапханалардан өсімдіктердің өмірлік циклдары туралы ақпарат іздеу);

– зерттеу тапсырмалары (өсімдіктердің әртүрлі жағдайларда өсуін бақылау);

– цифрлық ресурстар (Ресей электронды мектебі, Google Classroom, Kahoot!) енгізілді.

1. Жобаларды жүзеге асыру.

– Бастапқы кезеңде оқушылар жоба тақырыбын таңдап, жұмыс жоспарын жасады.

– Ортаңғы кезеңде зерттеулер жүргізіліп, нәтижелер (фото, кестелер, графиктер) құжатталды.

– Қорытынды кезең – нәтижелерді презентация және постерлік баяндама түрінде ұсыну.

Бақылау және кеңес беру. Мұғалім оқушылардың белсенділігін бақылады, олардың бастамалары мен өздігінен жұмыс істеу қабілетін атап өтті.

3-кезең: Қорытынды кезең.

1. Білім деңгейін бағалау үшін екі топта қорытынды тестілеу өткізілді.

2. Жобаларды қорғау және олардың нәтижелерін талқылау ұйымдастырылды.

3. Оқушылардың мотивация деңгейі мен өздігінен білім алуға деген көзқарастарындағы өзгерістерді анықтау үшін анкеталар талданды.

Негізгі деректер мен бақылаулар.

Эксперименттік топта оқушылар жиі бастамашылық танытып, қосымша ақпарат көздерін өз бетінше іздеп, пікірталастарға белсене қатысты. Жобаларды қорғау материалды тереңірек түсіну мен теориялық білімді практикалық тапсырмаларды шешуде қолдана білу дағдыларын көрсетті. Эксперименттік топтың оқушылары өзін-өзі оқыту әдістемелері бойынша жұмыс істей отырып, материалды меңгерудің және пәнге қызығушылықтың жоғары деңгейін көрсетті.

Білім деңгейі: Қорытынды тестілеу нәтижелері бойынша эксперименттік топта орташа балл 84%-ды құрады, ал бақылау тобында – 68%.

Жобалардың сапасы: Эксперименттік топ оқушыларының 92%-ы жоғары деңгейдегі зерттеу жұмыстарын дайындады (өсімдіктердің өсуіне ортаның әсерін талдау, экожүйелерді модельдеу).

Мотивация: Анкеталау нәтижелері бойынша эксперименттік топ оқушыларының 87%-ы интерактивті және зерттеу әдістерін қолдану биологияға қызығушылықты арттырғанын атап өтті. Бұрынғы зерттеулермен (Иванова Л.М., 2019; Петрова А.В., 2021) салыстыру қазіргі заманғы цифрлық технологиялар мен жобалық қызметке негізделген өзін-өзі оқыту әдістемелерін интеграциялау білім беру нәтижелерін жақсартатынын растайды.

Қорытынды.

Ұзартылған күн жағдайында жоғары сынып оқушыларының биология пәні бойынша өзін-өзі оқытуын ұйымдастыру үшін жоба қызметін, цифрлық технологияларды және практикалық тапсырмаларды қолдану қажет. Ұсынылған әдістемелерді енгізу оқушылардың биологияны оқуға деген мотивациясын едәуір арттырады, дербес жұмыс істеу және зерттеу дағдыларын қалыптастырады [7]. Эксперименттік топ бақылау тобымен салыстырғанда жоғары білім деңгейі мен жобалардың сапасын көрсетті, бұл әзірленген тәсілдердің тиімділігін дәлелдейді. Алынған нәтижелер мектеп тәжірибесінде оқу үдерісін оңтайландыру және оқушылардың табиғи ғылымдарға қызығушылығын арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Болашақ зерттеулер өзін-өзі оқыту әдістемелерін басқа жас санаттары мен пәндік салаларға бейімдеуге бағытталуы мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Выготский Л.С. Психология развития: Изд. 5-е. – М.: Эксмо, 2015. – 640 с.
- 2 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2022. – 192 с.
- 3 Гузеев В.В. Проектирование результатов образования. – М.: Русское слово, 2019. – 256 с.
- 4 Сериков В.В. Образование и саморазвитие личности. – М.: Просвещение, 2018. – 320 с.
- 5 Иншаков А.И. Использование ИКТ в школьном биологическом образовании. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2021. – 200 с.
- 6 Гордон Д.А. Активные методы обучения // Методические рекомендации. – Казань: Изд-во КФУ, 2020. – 112 с.
- 7 Методические рекомендации по организации продленного дня в общеобразовательных учреждениях // Под ред. Петровой И.А. – М.: Просвещение, 2019. – 96 с.

ҒТАМР 14.29.29

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Б.Е. Амирешева

PhD-докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен түзету жұмысында инновациялық технологияларды қолданудың педагогикалық шарттарына шолу жасалынды. Бүгінгі таңда сөйлеу тілінің бұзылыстарының сипаты, құрылымының күрделенуіне байланысты инновациялық тиімді технологияларға деген қажеттілік артып келеді. Дегенмен, сөйлеу тілінің бұзылысы жағдайында инновациялық құралдарды қолдану бірқатар талаптар мен ерекшеліктер негізінде қолданылады. Мақала мазмұны осы талаптар мен ерекшеліктердің педагогикалық шарттарын талдай отырып сипаттауға арналды.

Түйін сөздер: сөйлеу тілінің бұзылыстары, инновациялық технологиялар, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар, ойын технологиялары, қосымша шынайылық технологиялары, биологиялық кері байланыс технологиялары.

Бүгінгі таңда логопедиялық түзету жұмыстарында инновациялық технологиялардың белсенді қолданылу тенденциясы байқалады. Дегенмен, мұндай технологияларды қолдану олардың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін арнайы педагогикалық шарттарды әзірлеуді қажет етеді. Инновациялық технологияларды логопедиялық жұмыста қолдану бойынша педагогикалық шарттар түзету жұмысының ұйымдастырушылық жағын, әдістемелік жағын қамтиды.

Қазіргі кезде өмір сүрудің кез келген саласында «инновация» терминінің күші артып келеді. Бұл термин белгілі бір саладағы тиімділікті арттыру мақсатында қолданылатын заманауи құралдардың жиынтығын білдіреді. Білім берудің кез келген саласы тәрізді логопедия ғылымында да бүгінде түрлі инновациялық технологиялар кеңінен қолданылады. Логопедияда қолданылатын инновациялық технологиялар қатарына мыналарды жатқызамыз: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ойын технологиялары, қосымша шындық технологиялары, биологиялық кері байланыс технологиялары, жасанды интеллект технологиялары [1].

Аталған инновациялық технологияларға жеке-жеке тоқталып өтейік:

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялық инновациялық құралдардың ішінде алғаш болып қолданысқа енген технологиялар болып табылады. Бұл инновациялық технологиялар сөйлеу тілінің даму бұзылыстарын диагностикалау және түзету кезінде қолданылады. Жеке түрлеріне тоқталатын болсақ: компьютерлік тапсырмалар кешені, арнайы жабдықталған логопедиялық құралдар (Дельфа, 142) [2].

Инновациялық бағыттағы ойын технологиялары туралы айтатын болсақ, бұл ойындар интерактивті мақсаттағы электронды құрылғылар арқылы жүзеге асырылатын ойындар топтамасы болып табылады. Компьютер немесе планшеттер арқылы ойналатын мұндай ойындар логопедиялық түзету жұмысында балалардың қызығушылығын арттырып, сәйкесінше, жұмыс тиімділігіне ықпал етеді [3].

Қосымша шынайылық құралдары балалардың сөйлеу кезіндегі әрекетін визуализация жасау мүмкіндігіне байланысты тиімді болып табылады. Балалар осы арқылы артикуляциялық дағдыларын дамыта алады.

Келесі инновациялық құрал, бұл – инновациялық кері байланыс құралдары. Бұл құралдар балалардың өз әрекеттерін бақылауға және түзетуге мүмкіндік береді. Осы арқылы логопед жұмысының тиімділігі мен нәтижесі жақсара түседі [4].

Жоғары сипаттап өткеніміздей, инновациялық құралдарды логопедиялық түзету процесінде қолдану логопед үшін де, сондай-ақ, балалар үшін де өзіндік артықшылыққа ие технологиялар болып табылады. Дегенмен, бұл технологияларды қолдану өзіндік педагогикалық шарт негізінде жүзеге асуы қажет.

Бірінші педагогикалық шарт – баланың сөйлеу тілінің даму мүмкіндіктерін толықтай диагностикадан өткізу. Бұл жеке көзқарас қағидасы негізінде жүргізілетіндіктен – әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, сондай-ақ, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды толық анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде логопедтің жұмыс стратегиясы мен мазмұнын құруды қамтамасыз етеді және осы кезеңде логопедиялық жұмыстағы инновациялық құралдарды қолдану ықтималдығы да көрінеді.

Екінші педагогикалық шарт – инновациялық құралдар компьютерлік немесе басқа сандық құралға негізделген жағдайда қолдану уақытын бақылауға алу. Балалармен компьютерлік құралдарды қолдану уақыты «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптарды бекіту туралы» ДСМ қаулысында мына мөлшерде болып табылады [5]:

- мектепалды топтарда, 1 – сынып оқушылары үшін – 15 минуттан аспайды;
- 2-3 сынып үшін – 20 минуттан аспайды;
- 4-5 сыныпта – 25 минуттан аспайды;
- 6-8 сыныпта – 25 минуттан аспайды;
- 9-11 сыныпта – 30 минуттан аспайды,

Бұл уақыт нормаларын логопедиялық жұмыста қатаң сақтау міндеттеледі. Себебі, компьютерлік технологияларды шектен тыс қолдану балалардың зейін тұрақтылығына кері әсер етіп, олардың көру мүмкіндіктеріне де өз әсерін тигізеді. Бұл педагогикалық шартты қамтамасыз ету балалардың денсаулығын сақтау қағидасын іске асыру болып табылады.

Үшінші педагогикалық шарт – педагогикалық құрамның инновациялық құралдарды қолдануға дайындығы. Инновациялық технологиялар өзіндік қолданыс ерекшелігі бойынша белгілі бір бағдарламалық қамсыздандыру немесе арнайы бағдарлама негізінде жұмыс жасайды. Сондықтан, ең әуелі логопед маманның осы құралдармен жұмыс істеу дағдысының жеткілікті деңгейде болуы шарт. Бұл логопедиялық жұмыс барысында түзету жұмысының тиімді болуын, сондай-ақ, инновациялық құралдармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қамтамасыз ету үшін маңызды. Сондай-ақ, логопедиялық жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында логопед бұл құралдарды үй жағдайында қолдану мүмкіндіктері үшін ата-аналарға да кеңес беру жұмысын ұйымдастыра алуы шарт [6].

Инновациялық технологияларды қолданудың келесі педагогикалық шарты – жағымды мотивациялық орта құру. Балалардың басым бөлігінде оқу мотивациясы төмен болып келеді. Сондықтан, олардың түзету жұмысына деген қызығушылығын арттыру үшін инновациялық технологияларды қолдануға болады. Түрлі ойын технологияларын қолданып, балалармен түзету жұмысында тұрақты кері байланыс орнату арқылы олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру сәтті жүзеге асады.

Логопедиялық жұмыстағы келесі педагогикалық шарт – кешенді тәсіл. Мақалада ұсынылған екінші педагогикалық шартты есепке алатын болсақ, компьютерлік технологияларды қолдану дәстүрлі технологиялармен коллаборативті түрде қолданылуы қажет. Осы арқылы логопедиялық түзету жұмысының тиімділігін арттыруға және кешенді ұйымдастыруға мүмкіндік туындайды [7].

Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен логопедиялық жұмыста инновациялық технологияларды қолданудың соңғы педагогикалық шарты – жас ерекшеліктерін есепке алу. Балалардың әрбір жас кезеңінде инновациялық технологияларды қолданудың уақыт нормасынан бөлек, олардың жетекші әрекетіне де назар аудару қажет. Бұл құралдарды тиімді таңдауға, балалардың жасын есепке ала отырып, жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен, логопедиялық жұмыстар барысында инновациялық технологиялар тиімді технологиялардың бірі болып табылады. Мұндай технологияларды қолдану балалардың сөйлеу тілін ғана емес, сондай – ақ, когнитивті дамуын жақсартады. Ал, оның басты кілті – педагогикалық шарттарды орындау болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Волосова Е.В. и др. Инновационные технологии в современном процессе обучения // Инновационные технологии современного образования. – 2013. – С. 35-38.

2 Валуйская Н.В., Шпилевая Е.В. Инновационные технологии в логопедической практике // Вестник научных конференций. – ООО Консалтинговая компания Юком, 2016. – №. 3-2. – С. 24-26.

3 Бричеева А.С. Инновационные технологии в логопедической работе // Образование лиц с ограниченными возможностями здоровья: опыт, проблемы, перспективы. – С. 9.

4 Васильева В.С., Лисина А.А. Применение инновационных технологий в преодолении нарушений лексико-грамматического строя речи у детей старшего дошкольного возраста с ОНР III уровня // Современные тенденции развития науки и технологий. – 2016. – №. 4-11. – С. 17-23.

5 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар туралы» ДСМ №76 қаулысы

6 Денисова И.А. цифровая компетентность логопеда как фактор развития грамотного письма обучающихся с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзии. – 2020.

7 Умутбаева Д.М., Денисова И.А. Цифровые образовательные ресурсы как инструмент коррекции общего недоразвития речи // Научный электронный журнал «Инновации. Наука. Образование. Отв. ред. Сафронов А.И. – Тольятти. 2022. – № 51 (февраль). – 2149 с.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Гуманитарлық ғылымдар Гуманитарные науки Humanities

К.А. Murzakenova, А.А. Vaimanasova THE LITERARY POWER OF THE IDIOM «FOR HEAVEN’S SAKE»	5
Ғ.У. Универ ҚАЗІРГІ ФИЛОСОФИЯДАҒЫ АДАМДЫ КЕМЕЛДЕНДІРУ ИДЕЯЛАРЫ ...	11
Р.Е. Харипова НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ПЕРСПЕКТИВЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ ЕГО ФОНДОВ	19

Құқық қорғау, әскери іс және қауіпсіздік салалары Юриспруденция, военное дело и безопасность Law enforcement, Military and Security

К.У. Байжанова ВОПРОСЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ О КВАЛИФИКАЦИИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ ПРОТИВ ЖИЗНИ И ЗДОРОВЬЯ ЧЕЛОВЕКА	32
К.У. Байжанова О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ КВАЛИФИКАЦИИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ ПРОТИВ ЖИЗНИ И ЗДОРОВЬЯ ЧЕЛОВЕКА	40
А.А. Нуратова ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ СФЕРЫ КАК ОСНОВА ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ.	45
К.У. Байжанова ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ КВАЛИФИКАЦИИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ ПРОТИВ ЖИЗНИ И ЗДОРОВЬЯ ЧЕЛОВЕКА	50

Жаратылыстану ғылымдары Естественные науки Natural Science

Ж.Б. Борисова, Н.Н. Қожабекова МОЛЕКУЛАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУДА НУПЕРСЧЕМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ	58
Ж.А. Абдырахманова БАЛҚАШ КӨЛІ ДЕҢГЕЙІНІҢ ӨЗГЕРУІ	64
З.А. Садыкова МЕКТЕПТЕ ТРИГОНОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЦИФРЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	68

Ж. Сағынбай, А.А. Тенгаева ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚОСЫНДЫСЫ МЕН АЙЫРЫМЫНЫҢ ФОРМУЛАЛАРЫН ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ	75
Д.Б. Жұмахан, Е.А. Тұяқов АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ КУРСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ ..	81
Т.Б. Қуандық, А.А. Тенгаева АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛ ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ПРОГРАММАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ	86
Педагогика және білім беру Педагогика и образование Field of Pedagogy and Education	
А.С. Марат ACTION RESEARCH ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ДАМУДЫ АРТТЫРУ	93
А. Makhanova THE ROLE OF THE ENGLISH LANGUAGE TEXTBOOK IN DEVELOPING COMMUNICATIVE COMPETENCE	98
Ғ.И. Исаев, С.Д. Накибоева БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ ОҚУДА БАСҚАРУДЫ МЕНГЕРТУ	104
Н.Е. Бегалиева ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ЗЕРТТЕУ	107
М.А. Муратбекова, Э.А. Мухамедрасулова ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ СЫНЫПТАРДА ИРРАЦИОНАЛ ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУДІҢ СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ӘДІСТЕРІНІҢ НЕГІЗДЕРІ	114
М.Н. Низамова, Д.Е. Сейділдаева, А.Ш. Рафиков, С.Б. Сабилов, Ю.В. Киселёва, М. Пай, Д.Т. Каирбеков КАЗАХСТАНСКАЯ МОДЕЛЬ БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ: АДАПТАЦИЯ К РЫНКУ И СОВРЕМЕННЫМ ВЫЗОВАМ	119
А.О. Мәдиева МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА КӨПМҮШЕЛЕР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ	123
А.К. Ардабаева, Е.А. Тұяқов МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН КОНТЕКСТІК ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	128
П. Кеңесбай МӘТІНДІК ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ БАЙЫРҒЫ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ	135

У.И. Сулейменова, А.А. Тенгаева НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ	140
М. Назарбек, М.Б. Туралық, Г.О. Кожашева ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТЕГІ ФИГУРАЛАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕРІМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ	148
А. Нұрқожа, А.А. Тенгаева ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ КӨРСЕТКІШТІК ЖӘНЕ ЛОГАРИФМДІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	155
М.К. Әшірбек, А.А. Тенгаева ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ- МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ СЫНЫПТАРДА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ	160
М.А. Муратбекова, Л.М. Зұлғар ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН СЫНЫПТАРДА ПЛАНИМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУДЫҢ СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ӘДІСТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	166
Г.А. Орынханова ФОРМИРОВАНИЕ СИНТАКСИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧЕНИКОВ 7-Х КЛАССОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА	172
Р. Иқуат ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ВЕКТОРЛЫҚ- КООРДИНАТАЛЫҚ ӘДІСПЕН ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ	180
М.Б. Жолдасбай ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ	184
Н.Н. Салыбекова, М.С. Жамалбек ҰЗАРТЫЛҒАН КҮН ЖАҒДАЙЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ ОҚЫТУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ	188
Б.Е. Амирешева СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	194

Scientific publication
proceedings of the international scientific conference
«Priority directions of science and education development»
28-29 November 2024
Atyrau, Kazakhstan

ISBN 978-601-08-4740-8



Responsible editor – A. Amangeldiyev

Signed to the press on 02.12.2024
Circulation of 50 copies. 60X90/8 format
Offset paper font «Times New Roman»
Order No. 15280

Published in the printing house of the «Bilim Innovations Group».
Uly Dala avenue 38/494, Astana city, Republic of Kazakhstan, 010000
Phone: +77074929322; e-mail: info@kazconf.com

Ескертпелер үшін